Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мүкеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

ТІЛ-БАЙРАҚ

ОҚУЛЫҚ

10-сынып

1-бөлім

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

Көкжиек-Горизонт
2019

© «Көкжиек-Горизонт»

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мүкеева

Қ 17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған. 1-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мүкеева. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2019. — 172 б.

ISBN 978-601-7832-90-2
ISBN 978-601-7832-91-9

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-90-2 (жалпы)
ISBN 978-601-7832-91-9 (1-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2019

Құрметті жас дос!

Міне, бүгін қазақ тілін меңгерудің жаңа кезеңіне аяқ бастың. Енді «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Тіл-байрақ» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен 5-9-сыныптарда оқыған «Бәйшешек», «Бәйтерек» оқулықтары бойынша алған біліміңді әрі қарай жалғастырасың. Тіл де байрақ секілді өз еліңнің — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін, қазақ тілін жетік меңгеріп, оны болашақта туыңдай қадірлеп, байрақтай қастерлеп, құрметтеуіңді талап етеді. Бұл сыныпта қазақ тіліндегі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, ғылыми-ізденімдік сипаттағы қызық ақпараттармен танысасың, ұғым-түсінігің байиды. Әр алуан тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айту дағдыларыңды жетілдіресің, ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан тағылым аласың. Атап айтқанда, «Еңбек нарығы және сұраныс», «Отандық өнеркәсіп өнімі», «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі мәселелерге байланысты ойыңды білдіруге үйренесің. «Ұлттық экологиялық мәдениет», «Мұхит — тіршілік мекені», «Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда» тақырыптары заманауи мәселелерге деген көзқарасыңды қалыптастырады. «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне», «Жер ғаламшарындағы қауіпті қалдықтар» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары сенің бойыңда елің, жерің үшін жауапкершілік сезіміңді тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды.

«Тіл-байрақ» оқулығы бойынша әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасың. Осы мақсатта Балғабек Қыдырбекұлы, Дулат Исабеков, Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығындағы қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Көркем шығармалардан үзінділер оқисың. Бұл шығармалар қиялыңды дамытып, ойыңды өсіреді.

Білім жолындағы сапарың сәтті болсын, жас дос!

1-2-
сабақ

Еңбек нарығы

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- **тыңдалым бойынша:**
- мәтін үзінділері бойынша болжам жасауды, өз біліміңе сүйеніп, тақырыпты жалғастыруды;
- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінуді;
- **оқылым бойынша:**
- ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог, диалог құру, сөз әдебі мен сөйлеу әдебі формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етуді;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері — әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдануды;
- **айтылым бойынша:**
- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, сұхбат, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдауды;
- мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытынды жасауды;
- **жазылым бойынша:**
- публицистикалық, ғылыми стильдердің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, шағын мақала, баспасөз парағы, тезис, сұхбат жазуды;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажет негізгі және қосымша мәліметті жинақтап ұсынуды (тірек-схема, менталды карта, презентация);
- **тілдік бағдар бойынша:**
- тәуелдік жалғауды (оңаша, ортақ тәуелдеу), көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауды ажыратып, дұрыс қолдануды **үйренесің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
еңбек нарығы, сұраныс, меншік түрі, жұмыс күші

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Өзің қалаған еңбек туралы бір мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Еңбек нарығы» деген — не?
2. Еңбек нарығы мен жұмыссыздық мәселесінің қандай байланысы бар?
3. Еңбек нарығының қандай жағымды және жағымсыз жақтары болуы мүмкін?


ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қара. Онда не бейнеленген? Еңбек нарығында қайсысы аса маңызды? Ойыңды жаз.











ОҢАША ЖӘНЕ ОРТАҚ ТӘУЕЛДЕУ

Тәуелдік жалғау — бір заттың басқа бір затқа я адамға тәуелді, меншікті екенін білдіретін қосымша. Тәуелденетін сөз үш жақтың бірінде айтылады. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады.

- Бір я бірнеше заттың бір ғана затқа я адамға меншікті екенін білдіру **оңаша тәуелдеу**, бір я бірнеше заттың көп затқа я адамға меншікті екенін білдіру **ортақ тәуелдеу** деп аталады.
- Тәуелдік жалғау зат есімге тән қосымша болғанмен, зат есімнің қызметін атқаратын, яғни, заттанатын сөздердің барлығына да жалғана береді. Мысалы: *әкем, дәптерім* деген сөздер зат есім болса, *Түйенің үлкені өткелде таяқ жейді* (мәтел) деген сөйлемдегі *үлкені* — заттанып тұрған сын есім.

Зат есімнің тәуелдену үлгісі:

Тәуелді заттың иесі			**Тәуелдік жалғаулы сөздер**		
Тәуелденудің түрі	Жақ	жекеше	жекеше	көпше	жалғаулар
оңаша	*I*	*менің*	*жер*-ім,	*жер-лер*-ім	-м, -ым, -ім
			кәсіп(б)-ім	*кәсіп-тер-ім*	
тәуелдеу	*II*	*сенің*	*жер*-ің,	жер-лер-ің	*-ң, -ың, -ің*
			кәсіп(б)-ің	*кәсіп-тер*-ің	
	сыпайы	*сіздің*	*жер*-іңіз	*жер-лер*-іңіз	*-ңыз, -ңіз,*
			кәсіп(б)-іңіз	*кәсіп-тер*-іңіз	*-ыңыз, -іңіз*
	III	*оның*	жер-і,	*жер-лер*-і,	*-сы, -сі,*
			кәсіп(б)-і	*кәсіп-тер-і*	*-ы, -і*
ортақ	*I*	біздің,	*жер-іміз,*	*үй-лер*-іміз,	*-мыз, -міз,*
		біздердің	*бала*-мыз	*бала-лар*-ымыз	*-ымыз, -іміз,*
тәуелдеу	*II*	сендердің	*жер*-ің,	үй-лер-ің,	-ың, -ің, -ң
			бала-ң	*бала-лар*-ың	
	сыпайы	сіздердің	*жер*-іңіз,	*үй-лер*-іңіз,	-ыңыз,-іңіз,
			бала-ңыз	*бала-лар*-ыңыз,	-ңыз, -ңіз,
	III	олардың	*жер-і,*	*үй-лер*-і,	-сы, -сі,
			бала-сы,	*бала-лар*-ы	-ы, -і

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына оңаша және ортақ тәуелдеу жалғауларының қажеттісін қойып жаз. Тәуелдік жалғауы қандай сөз таптарына жалғанып тұрғанын айт.

1. Биыл отандық кәсіпкерлердің жиырма бес... «Алтын сапа» белгісімен марапатталды. 2. Сіздің бизнес саласындағы өкіл... мектепке компьютер тарту етті. 3. Шетелдік инвесторлар мен Алматының ірі кәсіпкерлер... бас қосты. 4. Айтулы кәсіпорындардың отандық тауарлар... брендке айналуда. 5. Қазіргі таңда жас мамандардың мақсат... — табысқа жету. 6. Олар мәжілісте өздер...нің жетістіктер... жайлы баяндама жасады. 7. Бәріміздің ойлаған... — халықтың жағдай... .

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылды?
2. Мәтінде қандай бейтаныс сөздер кездесті? Олардың мағынасын сөздіктен анықта.
3. Мәтін мазмұны бойынша болжам жаса. Еңбек нарығы туралы білетініңді айт.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша түсінгеніңді тезис етіп жаз. Онда *еңбек нарығы, сұраныс, меншік түрі, жұмыс күші* тіркестерін қолдан.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы.

Еңбек **нарығында** жұмыс күшінің жаппай қозғалуы байқалады. Оның сапалық және сандық құрамы үнемі өзгеріп тұрады. Бұл — жұмыс күшіне сұранысты туғызады, яғни өндірістің ұлғаюы, дамуы мамандар мен жұмыскерлердің білікті болуын талап етеді.

Еңбек нарығы — динамикалық, өзгермелі нарық. Жұмыссыздық қоғамның экономикалық өміріне қолайсыз әсер етеді. Ол, ең алдымен, экономикалық **шығындарға**

әкеледі, ұлттық өнімнің нақты деңгейін төмендетеді. Жұмыссыздық **субъектілердің** табыстан толық немесе жартылай айырылуына, тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Ол — қылмысты көбейтіп, психикалық аурулардың санын арттырады. Бұл әлеуметтік проблеманы жеңілдету үшін мемлекет ішінара жұмыспен қамтуға немесе толық емес жұмыс аптасына қаражат береді. Әдетте «артық» қысқарту ретінде «жұмыс орындарын бөлу» әдісін пайдаланады. Ол үшін бір жұмыс орнын екі жұмысшыға жалақысын төмендетіп ұсынады. Осының нәтижесінде компаниялардың салығы азаяды.

Жұмыссыздықты азайту үшін жұмыс орындарын қайта құру кезінде қызметкерлерді «мерзімінен бұрын» зейнеткерлікке шығарып, тұтынушыларға ұсынылатын қызметті әмбебаптандыру есебінен көпшілік жұмыспен қамтылады. Мұндай әдіс сағаттық еңбек өнімділігі көрсеткішінің өсуіне әкеледі. Бұл — жұмысшы табысымен салыстырғанда, қосылған құнның өсім қарқынының неғұрлым жоғары екенін көрсетеді.

Ғаламтор материалдарынан

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Сөздік дәптеріңе сызба түрінде жаз.

№	Сөздер	Мағынасы
1	Субъект	болмысты танып, өзгертетін индивид немесе топ.
2	Нарық	тауар өндірісі мен айналым заңдары бойынша ұйымдастырылатын, айырбасты сипаттайтын тауар қатынастарының жиынтығы.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр, тірек сөздерді анықта. Жоспарда жаңа сөздердің болуын ескер. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айт.

АЙТЫЛЫМ


11-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, еңбек нарығының ерекшелігін айт.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Жағдаят: інің саған: «Нарық» деген — не?» — деп сұрақ қойды. Оған жауап бер. Өз сөзіңде жаңа сөздерді қолдан. Тәуелдік жалғауының қай түрі қолданылғанын айт.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, еңбек нарығының ерекшелігін айт. Төмендегі диаграмманы толықтыр. Диалогтен оңаша және ортақ тәуелдеу формасында тұрған сөздерді тап.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтін қандай құжаттан алынған? Ол құжаттың елдің дамуындағы маңызы қандай? Мәтінде не туралы айтылған? Мәтінде көтеріліп отырған мәселеге қатысты өз көзқарасыңды айт.

Үшінші кешенді міндет — еңбек нарығын жаңғырту. Біздің ірі кәсіпорындар әкімдіктермен бірлесе отырып, тиісті жол карталарын әзірлеуі керек. Онда қысқартылатын жұмысшыларды қайта даярлау, оларды әрі қарай жұмыспен қамту үшін бірлесіп, инвестиция салу жайы қарастырылуы қажет. Басы артық жұмыс күші бар өңірлерден басқа жерлерге, сондай-ақ ауылдардан қалаларға жұмыс күшін ұтымдылықпен тартуға қолдау көрсету керек.

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар». Тақырып: «Еңбек нарығының тетігі — бәсекелестік».

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	«Еңбек нарығы» ұғымы туралы айтады.	Еңбек нарығына қатысты қандай ақпарат білесің?
	Еңбек нарығының артықшылықтары туралы айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Еңбек нарығының кемшіліктерін айтады.	Еңбек нарығында қандай кемшілік болуы мүмкін?
	Еңбек нарығының экономиканы көтерудегі тиімділігін айтады.	Оның тиімділігі неден көрінеді?
	Нарықтық экономикаға қатысты өзінің эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Ақы төленетін жұмыспен қамту саласы еңбек нарығы ретінде сипатталады. Ол бүкіл жұмысшыны, белгілі бір аумақ, сала немесе кәсіби топ шеңберінде жұмыс орнына үміттенушілерді қамтиды.

3–4-сабақ

Кәсіпкерлік — табыс көзі

Жаңа сөздер:
жекеменшік, өзгермелі орта, сын көзбен қарау, кәсіпкерлік, айналым, тапсырыс

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Өзің қалаған бір мақал-мәтелдің мағынасын таратып айт.

1. Кәсіп ... — нәсіп.
2. Қолы қимылдағанның ... қимылдайды.
3. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның ... .

Қажетті сөздер: аузы, тіленбей, түбі.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қара. Қайсысы «мамандық», қайсысы «кәсіп» деп аталады? Неге? Өз ойыңды дәлелде.









ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Венн диаграммасын толтыр.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. **Мәтінді оқы, тыңда.**

Нарықтық экономиканың **өзгермелі өмір жағдайында** өндірістік немесе басқа да іспен айналысатын кез келген кәсіпорынды **«кәсіпкер ұйым»** деп айтамыз. Кәсіпкер — **жекеменшік** иесі ретінде экономикаға жаңалық енгізетін, жаңа тәсілді қолданатын субъект. «Кәсіпкер» ұғымы «кәсіпкерлік іс» ұғымымен қатар жүреді. Кәсіпкерлік іс — өндіріс, қызмет көрсету, тапсырыс орындау сияқты шаруашылық және басқа да істе пайда түсіру мақсатымен жеке адамдардың кәсіпорындарда немесе ұйымдарда заң аясында жүзеге асыратын ісі. Жеке адам да, әріптестер бірлестігі де кәсіпкерлік субъектілері бола алады. Кәсіпкерлік істің субъектісі ретінде жеке адам жеке немесе отбасылық кәсіпорындарды ұйымдастыру арқылы әрекет етеді. Мұндай кәсіпкерлер өз еңбегінің **айналымымен** ғана шектеледі.

Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты — пайда табу. Бірақ жетілген нарықтық қатынастар жоғарыда айтылған екі мақсаттың үйлесімді болуын талап етеді. Әрине, бизнес — кәсіпкерлердің экономика саласындағы еңбегі, олардың ауқымды пайда табу мүмкіндігі. Сонымен қатар нарықтық экономика жағдайындағы бизнестің дамуы тұтыну нарығының тауар мен қызмет түрлеріне, оның **толығуына** әсер етеді, экономиканың құрылымдық дамуын жандандырады, ғылыми-техникалық жетістіктердің енгізілуіне себепші болады, өндіріс тиімділігінің жоғарылауына ықпал етеді.

Кәсіпорын құрмас бұрын кез келген кәсіпкердің, кәсіпкерлер тобының нақты белгіленген мақсаты болуы керек. Бұл мақсат олардың өз өніміне немесе ұсынатын қызмет түріне қалыпты **тапсырысқа** сүйенуі керек. Шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызмет қажет материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуі керек.

Жаңа істі бастаған кезде кәсіпкер өз капиталының үздіксіз толықтырылуын ойластырғаны жөн. Міне, осы мәселелер негізгі құжат — кәсіпкерлік бизнес-жоспарда нақты әрі толық көрсетілуі тиіс.

Баспасөз беттерінен

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптың қайсысына жатады?
2. «Кәсіпкер» деген — кім? Оған қандай талаптар қойылады?
3. «Өзгермелі орта», «сын көзбен қарау», «өнімді тұтыну» деген тіркестер не мағына береді?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Нарық заманында кәсіпкерге қойылатын талаптарды диаграмма түрінде жаз. Мәтіннен тәуелдік жалғаулы сөздерді теріп жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырыңдар. Онда қою қаріппен берілген сөздерді қамтыңдар.

Азатжол	Тақырыпша	Тірек сөздер

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін бойынша конспект жаз. Мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға негізгі және қосымша мәліметті жинақтап, тірексызбаға түсір. Мәтіндегі оңаша және ортақ тәуелдік жалғаулары жалғанған сөздерді тап.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіннің қай стильде жазылғанын анықта. Ондағы қолданылған тірек сөздер мен терминдерді пайдаланып, негізгі ойды айт. Мәтінге тақырып қой.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Сұрақ-жауап ағашы». Топтық жұмыс. Барлық оқушы мәтін бойынша сұрақ жазып, ағашқа жапсырады. Сұрақта жаңа сөздердің қолданылуына назар аудару қажет. Келесі кезеңде ағаштан әр оқушы сұрақ жазылған қағаздарды алып, жауап беруі тиіс.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Сұхбат». Мәтін мазмұны бойынша 2 сұрақтан жазыңдар. Сұрақтарды қолданып, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының мамандары мен жастардың арасындағы диалогті рөлдік ойын түрінде көрсетіңдер.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқы. Осы қасиеттердің қайсысы өз бойыңда бар? Өзің үлгі тұтатын кәсіпкердің бойында ше? Салыстырмалы кесте жаса. Түсіндір.

Кәсіпкер болудың жолдары:

1. Тәуелсіз жұмыс істеу. Іс-әрекеттің еркіндігін қалау.
2. Икемді әрі тез шешім қабылдау.
3. Өзгермелі жағдайға бейім болу.
4. Табыс көзін тез таба білу.
5. Ұзақмерзімді пайданы жоспарлай алу.
6. Бірнеше мамандықты қатар алып жүру.
7. Рухы күшті болу.

Ескерту: Дүниежүзілік статистикаға жүгінсек, шағын фирмалардың инновациялық, кәсіпкерлік рухы өте жоғары болады, оған заманауи салаларда (электроника, гендік инженерия, компьютерлер) шағын бизнестің басым болуы дәлел.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Өз кәсібімізді бастаймыз». Бес оқушыдан топтасыңдар. Ақпарат көздеріндегі мәліметті пайдаланып, бизнес-жоспар құрыңдар.

Алдымен әр топ өз кәсіпорындарының бизнес-жоспарларымен таныстырады. Өз кәсіпорындарының тауарларын жарнамалап, тұтынушыларға ұсынады. Ол үшін топ өздері өндіретін тауар не қызмет түрлерінің суретін салуы тиіс. Мысалы: кәсіпкер газет шығарумен айналысса, газеттің макетін ұсынады.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Нарықтық экономика жағдайында өндіріс немесе басқа да іспен айналысатын кез келген кәсіпорынды «кәсіпкер ұйым» деп айтамыз. Олар өзгермелі ортада өмір сүруге бейім болуы тиіс. Кәсіпкер ісіне сын көзбен қарап, тауар айналымының заңын білгенде нәтижелі жұмыс атқарады.

Кәсіпкер — жекеменшік иесі ретінде экономикаға жаңалық енгізетін, жаңа тәсілді қолданатын субъект. Кәсіпкерлік — өндіріс, қызмет көрсету, тапсырыс орындау сияқты шаруашылық және басқа да істе пайда түсіру мақсатымен жеке адамдардың кәсіпорындарда немесе ұйымдарда заң аясында жүзеге асыратын ісі. Кәсіпкерлік істің субъектілері жеке адам да, әріптестер бірлестігі де бола алады. Кәсіпкердің мақсаты — пайда табу.

© «Атамұра» баспасы

5-6-
сабақ

Кәсіпкерлік — шеберлік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
табыс табу, епті, іскер, тәуекелшілдік, демеушілік

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. **Кестедегі сұрақтарға жауап бер. «Бақыт — күресе білу» қағидасына сай мынадай жағдаяттарға қатысты нақты мысалдар келтір.**

Сұрақтар	Жеке пікірің (өз өміріңе байланысты)
1. Мектепте жақсы үлгерімге жету үшін	немен күресесің?
2. Ата-анаңа қолғабыс жасауға дайын болу үшін	
3. Бос уақытыңды пайдалы өткізу үшін	
4. Мінез-құлқың бәріне ұнауы үшін	
5. Ақшаны үнемдеп пайдалану үшін	

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. **Мәтінді тыңда.**

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. **Тыңдалған мәтін бойынша түсінгеніңді айт. Өз сөзіңде «білімі орташа», «құлшына үйренбеген», «ең мықты қаруың», «дамыта алмау» тіркестерін қолдан.**

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. **Автордың білім мен кәсіпкерлік туралы пікіріне қатысты өз көзқарасыңды нақты мысалдармен дәлелдеп, шағын мәтін құрап жаз. Мәтінде тәуелдік жалғауларының қайсысы қолданылғанын айт.**

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы.

Кәсіпкерлік қашан да **экономикалық зерттеулердің негізгі пәні** болып келген. Себебі нарықтық үдерістерде кәсіпкер басты рөл атқарады.

Кәсіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін әр қырынан — экономикалық, басқарушылық, психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық, құқықтық, философиялық тұрғыдан талдағанда ғана кәсіпкерліктің мән-мағынасы айқын ашылады.

Философиялық принцип бойынша, кәсіпкер — өзін де, басқаларды да өз бетінше **табыс тауып**, күн көруге ұйымдастыра алатын, басқару қабілеті ерекше тұлға.

Экономистің көзқарасы тұрғысынан, кәсіпкер — еңбек пен өндіріс құралдарын, материал мен қаржыны дұрыс пайдаланып, табыс табатын, шаруашылыққа инновациялық өзгерістер енгізуге **епті, іскер маман.**

Әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, кәсіпкер — жағдайы төмен адамдарға демеушілік көрсететін, қоғамға пайда келтіретін меценат әрі еңбекқор.

Құқықтық жағынан қарасақ, кәсіпкер — шаруашылықты заңды тұрғыдан жүргізетін жеке тұлға.

Психологиялық мағынада алсақ, кәсіпкер — өзіне сенімді, қызметкерлерінің ынтасын көтере алатын шебер ұйымдастырушы.

Ал кәсіпкердің педагогикалық өнегесі — білімді маман болуға, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, **шаруашылықты шебер жүргізуге,** бәсекеге қабілетті тұлға дәрежесіне көтерілуге үлгі болу.

Қорыта айтқанда, кәсіпкер — өзінің әл-ауқатын да, ұлттың байлығын да көтеретін саналы, іскер адам.

Зерттеушілер кәсіпкердің бойында

- танымдық, белсенділік (бизнес-тренинг, т.б.);
- ізденімпаздық;
- өз-өзін қаржыландыруға бейімділік;
- табыс табуға құштарлық;
- **іс бастауда тәуекелшілдікпен қатар**;
- өзін-өзі дамытуға жігерлі болуы керектігін айтады.

Баспасөз беттерінен

ЖАЗЫЛЫМ


6-тапсырма. Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықта. Сөздік дәптеріңе жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша конспект жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, кәсіпкерге әр сала бойынша анықтама беретін диаграмманы толтыр. Мәтінде қысқаша берілген анықтаманы өз ойыңмен толықтырып айт.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Төменде берілген ақпаратты оқы. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, өзің қалаған атақты бір кәсіпкердің түйіндемесін жаз.



«2013 жылдың әйгілі бизнесмені» атанған Болат Өтемұратов мемлекеттің аукциондарына қатыспай-ақ, екінші нарықтың активтерін сатып алған, шетелдік инвесторлардың жобаларына қатысу арқылы табыс таба білген. Болат Өтемұратовтың бизнесі алтын өндіру фабрикасын, қонақүй салудан, банк секторларын меңгеруден бастап жақсарған.

«TSC group» корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы, кәсіпкер Бауыржан Оспанов жастарды оқытуға, мәдени мұраға, мектеп, мешіт, аурухана, жағдайы төмен адамдарға демеушілікке корпорация қаржысынан жыл сайын 1 миллион доллар жұмсайды.




ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Мен отандық кәсіпкермін!» рөлдік ойыны. Райымбек Баталов, Арманжан Байтасов, Асылбек Қожахметов және т.б. ірі бизнесмендер кәсіпкерліктің жарқын үлгісін көрсетіп жүр. Өзіңнің қалауың бойынша осы тұлғалардың бірінің кәсіпкерлігі туралы деректермен таныс. Бизнесмен рөлінде кәсіпкерлікті қалай бастағаның, жетістіктерің туралы айт.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Американдық бизнесмен-инвестор Р. Кийосаки: «Адамды толық еркіндікке жеткізетін — ақша емес, ақша ағыны», — дейді. Ол әр адам ақша ағыны жүйесі квадрантының бір ширегінде болатынын дәлелдеген. Сызбаға сүйеніп, болашақ кәсіпкердің биік нәтижеге жету жолы туралы айт.



Ақша айналымының квадранты: ЖЖ — жалдамалы жұмыскер; ӨЖ — өз бетінше жұмыс істеп, күн көруші; КБ — кәсіпкер, бизнесмен; ИБ — инвестор бизнесмен; ТБ — танымал бизнесмен; МБ — миллионер бизнесмен.

© Электронды оқулық

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Жағдаят: өздеріңе 1 айға арналған шағын бизнес-жоспар жасауға мүмкіндік берілді. Бизнес-жоспар жасауға қойылатын талаптармен танысыңдар. Өзара ақылдасып, жоспар құрыңдар. Диалогте болжалды сан есімдерді қолданыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

Есте сақта!

Кәсіпкер — өзін де, басқаларды да өз бетінше табыс тауып, күн көруге ұйымдастыра алатын, басқару қабілеті ерекше тұлға. Ол — еңбек пен өндіріс құралдарын, материал мен қаржыны дұрыс пайдаланып, табыс табатын, шаруашылыққа инновациялық өзгерістер енгізуге епті, іскер маман.

Кәсіпкер — жағдайы төмен адамдарға демеушілік көрсететін, қоғамға пайда келтіретін меценат әрі еңбеккер.

© Электронды нұсқа

7–8-сабақ

Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім

Жаңа сөздер:
сұраныс, экологиялық таза тағам, уағдаластық, өндіріс

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Бұл — ненің суреті? Оның ұлттық өндіріспен қандай байланысы бар? Ақпарат көздерінен бұл белгінің тарихы, қоғамдағы маңызы туралы мағлұмат жинап, өз ойыңды таратып айт.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Интернет материалдарын пайдаланып, әлемде ұлттық брендке айналған қазақстандық тауарлар өндіретін кәсіпкерлердің тізімін жаса. Олардың өнімдері жайлы хабарлама жаз.

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі *парыз, жүктеу, қыруар, Жаратушы, мәртебе, опасыздық, ерлік* сөздерінің синонимдерін жаз.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен түсінгеніңді айт. Өз біліміңе сүйеніп, тақырыпты жалғастыр.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен қажетті сөйлемді дәйексөз ретінде алып, әр адамның отан алдындағы парызы туралы мәтін құрап жаз. Мәтінде қандай тәуелдік жалғауларын қолдандың?

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Қазіргі таңда отандық тауарларға деген **сұраныс** артып келеді. Сондықтан еліміздің **ауылшаруашылығын** өркендетіп, 2021 жылға қарай азық-түлік тауарларының экспортын 40 %-ға көбейту жоспарланып отыр. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа жолдауында: «Көптеген позиция бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл әсіресе **экологиялық таза тағамдарға** қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс», — деп көрсетті.



Отандық экологиялық таза өнім өндіруде шығысқазақстандық **омарташылардың** жетістігін атап өту қажет. Сұранысқа қарай күніне 2 тонна бал тұтынушыларға жөнелтіледі. Бүгінде оны өңір тұрғындары ғана емес, күллі Қазақстан кәдеге жаратып отыр. Келешекте Қытай нарығына шығару жоспары да бар. Осы аймақтағы белгілі кәсіпкер, қожалық басшысының орынбасары А. Қасымбаев былай дейді:

— Жоспарымыз өте көп. Болашақта өнімдерімізді Қытай нарығына шығарғымыз келеді. Бұл үшін кәсіпкерлер палатасымен келісім жасадық. Үлкен жәрмеңкелерде біздің тұтынушыларымыз табылатынына сенімдімін.



Қазақстандық ет пен ет өнімдері де шетелде сұранысқа ие. Мал мен құс еті Тәжікстан, Қытай, Өзбекстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Иран елдеріне жеткізілуде. Енді олардың қатарына Израиль қосылып отыр. Осы айдың басында **уағдаластыққа** қол жеткізілді. Израиль жағы сиыр мен қой етін тасымалдауға қызығушылық танытып отыр. Қазір өнімнің бағасы бойынша келісімдер жасалып жатыр. Атап өтетін болсақ, **израильдіктер** жылына 75 мың тонна сиыр етін импорттайды. Бұл бағыттағы жұмыстар жайында «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев:

— Ол етті апару үшін Израильдің ветеринариялық талаптары бар. Сол талаптарға бізден шығып жатқан еттерді сәйкестендіріп, екі тарап келісімшарттарға қол қойды. Егер ветеринариялық жағынан мәселе шешілетін болса, ауылшаруашылық өнімдерімізді, әсіресе ет өнімдерін сол елдің нарығына апаруға дайынбыз.

Қазақстандық қымыз өндірушілер де шетелде танылып үлгерді. Сұраныстың артуына орай **бие сүтінің құрғақ түрін** өндіру алдағы жылы 2 есеге өсіп, 30 тоннаға жеткізіледі. Бұл жөнінде саумал ұнтақтарын шығаратын отандық жалғыз компания өкілдері мәлімдеді.



Аталған өнімге сұраныс күн өткен сайын артып келеді. Сондықтан компания өндіріс технологиясын жетілдіріп, оны еліміздің түкпір-түкпіріне, алыс-жақын шетелдерге жылдам жеткізу жолдарын қарастырып жатыр. 95 пайыз табиғи өнімнен тұратын ұнтақтың денсаулыққа пайдасы зор. Компания өкілі Меруерт Өмірбекқызының айтуынша, «экспортқа ерекше қызығушылық танытып отырған мемлекеттер — Қытай, Корея, Жапония, Ресей және Еуропаның бірқатар мемлекеттері. Ұлттық өнімімізді ұлттық бренд ретінде бүкіл әлемге танытуға мүмкіндік бар. Сонда Қазақстан саумалдың отаны ретінде танылады».

Осылайша, қазақстандық өндірушілер шикізат өндірісінен сапалы өңделген **өнім шығаруға** ауысуда. Бірегей бренд қалыптастыру арқылы халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігімізді арттыру көзделіп отыр. Мұның барлығы азаматтардың Отан алдындағы парызын сезінуіне байланысты.

Баспасөз материалдарынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша конспект жазыңдар. Қою қаріппен жазылған сөз тіркестерінің жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз. Жаңа сөздерді қолдан.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Сұхбат» рөлдік ойыны. Мәтінде аталған үш кәсіпкердің рөлінде сұхбаттасыңдар. Сұхбатта *сұраныс, экологиялық таза тағам, уағдаластық, өндіріс, кәсіпкерлік, өзгермелі орта, тапсырыс* **және т.б. сөздерді қолданыңдар.**

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Суреттерге қара. Онда қандай ұлттық өнімдер көрсетілген? Ақпарат көздерінен мәлімет тауып, олардың ұлттық өндірісті дамытудағы маңызы туралы айт.



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Адам ішіп-жеу үшін
  өмір сүре ме әлде өмір
  сүру үшін ішіп-жей ме? (Сократ)
- Табыс табудың тетігі — не?
- Қоғамдағы экономиканы дамытудың қозғаушы күші — не?
- Қызметкерлердің сапалы еңбек етуі неге байланысты?
- Болашақ креативтік-шығармашылық қабілетке ие кәсіпкер болуға ықпал ететін факторларды ата.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Қазіргі таңда отандық тауарларға деген сұраныс артып келеді. Сондықтан еліміздің ауылшаруашылығын өркендету керек. Бұл әсіресе экологиялық таза тағамдарға қатысты. Осы айдың басында Израильмен уағдаластыққа қол жеткізілді.

9–10-сабақ

Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
танымал, сықақ, жинақ, шеберлік, әңгіме

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Индустрия саласына қатысты көркем шығарма жазған қандай қазақ жазушыларын білесің?
2. Әңгіме әдебиеттің қандай жанрына жатады?
3. Қазақстан теміржолына байланысты қандай өнер туындыларын білесің?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгінгі сабақтың тақырыбына бұл суреттің қандай қатысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт.
2. Бұл өнер туындысы қалай аталады?
3. Суретте қандай тарихи оқиға көрініс тапқан?



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Ақпарат көздерінен суреттің авторы мен осы тарихи оқиғаға қатысты материалдарды тауып, шағын мәтін құрап жаз.

© Кітап Комбинаты

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде кім туралы айтылған?
2. Кейіпкердің мамандығы қандай?
3. Мәтінде қандай тәуелдік жалғаулары қолданылған?
4. Мәтінде қандай күрделі сөздер кездеседі?
5. Тыңдалған мәтін қай стильге жатады?



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша шағын диалог құрып жаз. Кейіпкерлерді өзің анықта.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Танымал жазушы Балғабек Қыдырбекұлы қоғамдағы келеңсіз мәселелерді сынап, әртүрлі тақырыптарда сықақ, фельетондар жазды. Алғашқы фельетондар жинағы «Ешкімге айтпа» деген атпен 1962 жылы жарық көрген. Кейінгі жылдарда да осы жанрда өнімді туындылар жазды. Соның нәтижесінде «Шайтанның шатағы» (1966), «Қара сандық» (1969), «Маздаған шырақ» (1971), «Ұрының еншісі» (1972), «Ақпа құлақ» (1978), «Алатау» (1, 2-кітап, 1986, 1991), «Ақымақтың миы» (1993) секілді шығармалар жинағы жарық көрді.

Балғабек Қыдырбекұлы өз шығармаларында халық тарихын, сөз өнерін зерттеді. Сонымен қатар ұлт тарихындағы ірі тұлғалардың бейнесін де шебер сомдаған. Осы тақырыпта қаламынан «Түгел сөздің түбі бір» (1993), «Қым-қиғаш жылдар» (1993), «Қайран Ораз» (1999) және т.б. еңбектер туды.

Б. Қыдырбекұлы «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деп аталатын Қазыбек бек Тауасарұлының қолжазбасын тауып, кітап етіп шығарды.

Балғабек Қыдырбекұлы әңгіме жанрында көптеген шығармалар жазды. Оның «Теміржолшы», «Жалғыз жолбарыс өлімі» және т.б. әңгімелерінде қазақ даласындағы сан түрлі оқиғалар шеберлікпен суреттелді.

Балғабек Қыдырбекұлы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің екі мәрте (1983, 1990) депутаты болып сайланды. Оған қазақ журналистикасы мен әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін мем-

лекеттік марапаттар берілді. Жазушы әрі журналист Б. Қыдырбекұлы «Еңбек Қызыл ту», «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған.

Балғабек Қыдырбекұлы 1995 жылы 25 маусымда Алматы қаласында қайтыс болды.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі күрделі сөздерді тауып, орыс тіліне аударып жаз.

Күрделі сөздер	Орыс тіліндегі аудармасы
жарық көрген	опубликован

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, Б. Қыдырбекұлының лауазымдық қызметін көрсететін көрнекі диаграмма жаса.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша Б. Қыдырбекұлының түйіндемесін жаз.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Сұхбат» рөлдік ойыны. Мәтін мазмұны бойынша бірің болашақта жазушы болуды армандайтын мектеп оқушысы, екіншің жазушының рөлінде шағын диалог құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтіннен публицистикалық стильге тән сөз орамдарын тауып, жаз. Оларға морфологиялық талдау жаса. Жалғау түрлерін ата.

ОҚЫЛЫМ

13-тапсырма. Күрделі атауды білдіретін сөз бөліктерін біріктіріп оқы.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтінді оқып, өмірбаяндық мәтінмен салыстыр. Қайсысы қандай стильде жазылған? Айырмашылығы неден көрінеді?

Жүрісі қандай — қашан да қағылез, жып-жинақы, ширақ. Киім киісі қандай — «Үстіне құйып қойған ба?!» — дейсің. Сыпайы, сырбаз. Кейде өзі құралпы ағалардың ортасында жайраң қағып кетіп бара жатса, енді бар ма, қой бастаған серкедей

жарасар еді. Кіл өңкей сайдың тасындай ірікті қаламгерлер, «қазақ журналистикасы» дейтін жаңа қалыптасқан жарасты ортаның бір-бір бұланайы. «Атағынан ат үркетін» дегенді қазекем осындайда айтқан болар-ау. Әйтеуір біз маңайлай алмаймыз, алыстан көз суарып, алмай-бермей тәнтіміз. Әсіресе Бәкеңе... Атақты фельетоншы. Болашағынан зор үміт күттіретін журналист. Ол кезде сырттай көріп, көңілге түйгеніміз болмаса, біле бермейміз ғой, бірақ кейін келе анық көзіміз жеткені: өз тұрғыластары, тіпті жасы үлкендеулері де ол кісіні шынында серке санайтын. Тегі, ондай көсемдік («лидер» мағынасындағы) қасиеттері бала кезінен-ақ білінген сияқты. ҚазМУ-да өзімен бірге оқыған достарының айтуына қарағанда, бірінші курста жүргенде-ақ бәрі «қайырған қаршығадай» дейтіндей осынау құбақан баланың ықпалына түсіп, «жас та болса, бас» деп мойындаса керек. «Қой асығы демегін — қолыңа толса, сақа тұт, жасы кіші демегін — ақылы асса, аға тұт» дегенді айтқан қазақ қандай даңғыл! Ал сөйткен Бәкең біз көргенде де сол қалпында еді.

Б. Әдетов

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Рөлдік ойын. Әртүрлі дереккөздерден Балғабек Қыдырбекұлының шығармашылығы туралы ақпарат жинаңдар. Мақала авторымен шағын сұхбат көрсетіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. Жағдаят: мектебіңде жазушы Балғабек Қыдырбекұлының өмірі мен шығармашылығы туралы кеш өтеді. Кештің сценарийін жаз.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

17-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Танымал жазушы Балғабек Қыдырбекұлы әңгіме, сықақ жанрларында көптеген шығарма жазды. Оның «Теміржолшы», «Жалғыз жолбарыс өлімі» және т. б. әңгімелерінде қазақ даласындағы сан түрлі оқиғалар суреттелді. Қаламгер замандастар бейнесін шебер сомдады.

Еңбектері бірнеше рет жинақ болып шықты.

11–12-сабақ

Теміржолшы — тарихи оқиға шежіресі

Жаңа сөздер:
теміржол құрылысы, шежіре, марапат, кәсіби дәстүр

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстандағы теміржолдың ұзындығы қанша?
2. Алғашқы теміржол қашан, қайда салынды?
3. «Отарба», «шойынжол», «қара бұқа» деген сөздер қандай мағына береді? Олардың пойызбен, теміржолмен қандай байланысы бар?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Дереккөздерді пайдаланып, Қазақстандағы теміржол құрылысының тарихы туралы мәлімет жина. Мұхаметжан Тынышбайұлы — кім? Мәліметтерді хронологиялық кестеге түсір.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бұл — қандай ғимарат?
2. Сабақтың тақырыбына бұл суреттің қандай қатысы бар? Өз болжамыңды айт.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, суреттегі көріністі баяндайтын шағын мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: теміржол салу, күрекпен қазу, топырақ лақтыру, ұйымшыл, жұмысшылар, жүк тасу, паровоздың түтіні, еңбексүйгіш.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. *Шойынжол, отарба, қара бұқа, тұяғы тау, жол жайы* сөздерін орыс тіліне аударып, сөздік жаса.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тыңда. «ЖИГСО» — «Бөлшекте, жинақта!». Сынып төрт топқа бірігеді. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3, №4 түрінде белгіленеді. 1-кезеңде әр топтағы оқушылар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы оқушылар нөмірлеріне сәйкес топ болып бірігеді. Өздері оқыған мәтіннің бөлігінен бейтаныс сөздерді тауып, орыс тіліне аударады; мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері өз орындарына барады да мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, сурет және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ Әліштің атынан өз өмірбаянын айтуы керек.

I. Киіз үйдің есігі көтерілді де сәлем беріп, қара сақалды үлкен кісі үйге кіріп келді. Бұл — Тосқанбай деген өздерінің бір туысқаны еді. Бағанағы төбе басындағылар

«Тосқанбай Қопа бойына жұмыс іздей кетіпті» дегенді де айтқан. Тосқанбайды көріп, қуанған жігіт бар іздегенін осы туысқаны алып келгендей болды.

— Тосекеңбісіз? Төрге шығыңыз.

— Жоқ асығыспын, — деді от басына бір тізерлеп отыра берген Тосқанбай.

— Әлгі Нұрқасым: «Барып келіңізші!» — деп мазалап болмаған соң, Қопа жаққа барып едім. Қопаны бастыра шойынжол жасап келеді екен. Соны біліп қайттым. «Сен де жұмыс іздеп жүр» дегенді естіп, «айта кетейін», — деп едім. Мен қазір барып демаламын да таңсәріден көшемін. Үлкен балам екеуімізге де жұмыс беретін болды.

— Сапарыңыз оң болсын! Мен де көшемін, — деді үй иесі.

— Бірге болсын! — деп Тосекең шығып кетті.

***

II. Лашығын өзен бойына қалдырып, жол құрылысының бастығы тіккен шатырға жүгіріп келген жігіт көп кідірмей-ақ шатырдан қуана шықты. Әуелі ол шатырға кірерде: «Осылар қазақша сөзімді түсінбес», — деп жүрексініп еді, — олай болмады. Кіріп барған жігітке:

— Амансың ба? — деп қазақша сөйлеп еді, мұртты, сары кісі — Столяров орнынан тұра келіп, қолын өзі берді.

— Амансыз ба? — деді не айтарын білмей қалған Әліш те.

— Жұмыс сұрай келдің бе?

— Иә.

— Ендеше, мен қағаз жазып берейін, ана «Тарасов» деген кісіге бар, ол саған жұмыс береді. Ендігі сенің бастығың — сол болады.

— Құп!

Осыдан кейін ол жұмысқа кірісті.

III. — Сергей, біз тасты, ағашты үйіп жатырмыз, ал пойыз қашан келеді?

— Асықпа, Әліш, — деді Сергей, — пойыз әлі-ақ келеді. Екеуіміз сол пойызбен саяхат құрамыз. Әнеугі күні өзіңнің айтқан әңгімең есіңде ме? «Алматыға осы жерден екі күн жүрдік», — деп едің ғой, енді сол Алматыға екі сағатта баратын боламыз.

Әліштің ойына болашақ өмірі келіп, өзін пойыздың үстінде кетіп бара жатқандай сезінді.

Жол бітіп, пойыз келерде Әліш Үмбеталовты жол мастері — Тарасов шақырып алды да:

— Сен пойыз өткенше көпірдің астына жатасың, — деді.

— Менің де пойызды көргім келеді, Дмитрий Степанович, — деді ол.

— Сен пойызды көрмек түгіл, мәңгі сонымен бірге боласың, алғашқы пойыз өткенше осында қаласың, — деді Тарасов.

Сөйтіп, бірінші рет пойыз өтетін көпірдің астында Әліш жалғыз қалды. Әдетте бұл кезде жұмыстағы ең озат адам пойыз алғаш өткенде көпірдің астында қалу құрметіне ие болады екен. Ол кез келген адамға ұсыныла бермесе керек.

* * *

IV. Әліш әлі де жүрексініп келеді. Пойыз ішінде де ол қобалжумен болды. **Кеңес күндізгі он бірде басталды. Алдымен жол бастығы баяндама жасады, сонан соң Әлішке сөз берді. Біраз қысылыңқырап қалған Әліш аздан соң сөйлеп кетті.** Ол өзінің жұмысына байланысты жағдайларды, іс әдісін бір жарым сағат айтты. Біраз сұраулар болды. Оған жауап беріп, Әліш орнына келіп отырды.

Мәжіліс аяқталар кезде жол бастығы — Андреев орнынан тұрды да:

— Кеңестің аяғы мейрамға айналатын болды, жолдастар, — деді. — Біздің жолдасымыз Әліш Үмбеталов үкімет наградына ие болды. Мына «Правда» газетінде указ басылыпты, соны тыңдалық.

«Жиырма бес жылғы теміржолға үздіксіз сіңірген еңбегін еске ала отырып, пойыздарды тоқтаусыз жүргізуде зор жетістікке ие болған Әліш Үмбеталов Ленин орденімен марапатталсын», — депті указда.

Б. Қыдырбекұлы

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Сөйлесіп жатқандар — кімдер? Оны қалай білдің?
3. Мәтіндегі оқиға ары қарай қалай жалғасады? Болжап айт. Оқиғаны өз қиялыңмен жалғастырып, дамыт.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінде сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері — әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс сөйлеу мәнеріне сай қолданылды ма? Бағала.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлер мен оқиғалар бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, диалог құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай тақырып қой. Әліш Үмбеталов — қандай адам? Оған мінездеме жаз.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінде «Жұмыстағы ең озат адам пойыз алғаш өткенде көпірдің астында қалу құрметіне ие болады екен. Ол кез келген адамға ұсынылa бермесе керек» деген сөйлем бар. Бұл — теміржол құрылысшылары арасындағы дәстүр. Басқа кәсіптер бойынша тағы қандай дәстүрлер бар екенін айт.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Б. Қыдырбекұлының осы шығармасына ұқсас жазылған орыс әдебиетіндегі қандай шығармаларды білесің? Олардың сюжетін салыстырыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөйлемдерді көшіріп жазып, фонетикалық, морфологиялық талдау жаса.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Кестеге қарап, «Қазақстан теміржолының тарихы» тақырыбында мәтін құрап жаз.

№	Жылдар	Қазақстан жерінен өткен ірі теміржол магистральдарының бөлігі
1	1894 жылдың 25 қазаны	Покров-Орал жолының 130 шақырымы
2	1898 жылы	Урбах-Астрахань магистралінің 77 шақырымы
3	1891-1896 жылдары	Транссібір магистралінің 190 шақырымы
4	1901-1906 жылдары	Орынбор-Ташкент теміржолының 1660 шақырымы
5	1914-1917 жылдары	Түрксібтің Арыс-Пішпек телімі
6	1915 жылы	Челябинск-Троицк-Қостанай магистралінің 166 шақырымы
7	1915-1917 жылдары	Алтай теміржолының (Новосибирск-Семей) 122 шақырымы
8	1920-1922 жылдары	Петропавл-Көкшетау телімі
9	1926-1931 жылдары	Бурабай-Қарағанды магистралінің 700 шақырымы
10	1924 жылы	Құлынды-Павлодар теміржол желісі
11	1926 жылдан	Гурьев-Доссор тар табанды жолы
12	1927-1930 жылдары	Түркістан-Сібір (Түрксіб) магистралінің 1444 шақырымы

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақтарда қандай тапсырма орындағыларың келеді?

Есте сақта!

«Теміржолшы» әңгімесі — тарихи оқиғаның шежіресі. Онда ауыл баласының теміржол құрылысына қалай келгені баяндалады. Жиырма жастағы Әліш теміржолда адал еңбек етеді. Соңында ол жақсы жетістіктерге жетеді.

13-
сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Ақпаратты оқы. Мәліметті қолданып, «Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы» тақырыбында мәтін құрап айт.

- Қазіргі кезде елімізде Ұлттық кәсіпкерлер палатасында 1 миллионға жуық кәсіпкер жұмыс істейді. Нақтырақ айтсақ, тек Түркістан облысы бойынша, 250 мың адам кәсіпкерлікпен айналысады.
- Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының үштен бірі кәсіпкерлікпен қамтылған.
- 2017 жылы елімізде кәсіпкерлікті дамытуға үкімет 4 триллион теңге бөлді, оның 1,5 миллиарды бизнесті қаржылай қолдауға, қалғаны жаңа кәсіпорын ашуға жұмсалды.
- 2018 жылы «Даму» қорынан 200 млрд теңге кәсіпкерлікке жұмсалды. Ауылда жастарды қалдырудың жолы — кәсіпкерлікті дамыту.
- Қазір республикамызда 2,9 миллион адам шағын бизнеспен айналысады. 2050 жылы бұл жағдай 50%-ға жеткізілмек.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі кестеге сүйеніп, еңбек нарығында отандық кәсіпкерге қойылатын талаптар туралы шағын мәтін құрап жаз.



«Адами капиталдың» құрылымдық пирамидасы

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тақырып бойынша өтілген оқу материалдарының негізінде кәсіпкерлікке үйрену жолдарын ретіне қарай жаз.

6	A	
5		
	4	
	3	
		2
		1

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Қазақстан картасын алып, теміржол магистральдарын сыз. Өзің тұратын аймақтағы теміржол туралы айт.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар». 6 топқа бірігіңдер. «Тақырып бойынша не білдік?»

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	«Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» тақырыбында өтілген мәселелер туралы айтады.	Тақырыпқа қатысты қандай ақпарат алдық?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалдарының артықшылықтары туралы айтады.	Қандай артықшылығы бар?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалдарының кемшіліктерін айтады.	Қандай кемшіліктері болды?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалдарының тиімділігін айтады.	Тиімділігі неден көрінеді?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалдарына қатысты өзінің эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

© ekitap.oqulyk.com

1–2-сабақ

Отандық өнімді пайдаланамыз

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп, жаза алу;
- мәтіндегі ақпаратты қысқаша конспектілеу;
- жазып алған ақпаратыңа сүйеніп, мәтіннің мазмұнын түсіндіру;
- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдап, салыстыру;
- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдердегі мәтіндерден күрделі сөздерді табу;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;
- сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;
- тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажыратып, дұрыс қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
кәсіпорын, қосалқы, әртараптандыру, кеңейт, серпін, күшейту, жабдықтау

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Отандық өнімдер туралы не білесің?
2. Қазақстан қандай отандық өнімдерді экспорттайды?
3. Қандай отандық тауарларды тұтынасың?
4. Отандық өнімдердің сапасы қандай?
5. Отандық өнімдердің бағасына көңілің тола ма?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, мәтін құра.





МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалған мәтінде қандай бейтаныс сөздер кездесті? Олардың мағынасын сөздіктен анықта.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп жаз. Оларды таратып айт.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Екі топқа бөлініңдер. Кестеде берілген екі пікір бойынша ойталқы өткізіңдер. Әр топ өз пікірлерін нақты фактілермен дәлелдесін.

Мен отандық өнімді аламын (алмаймын), себебі ...	Мен шетелдік өнімді аламын (алмаймын), себебі ...

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. *«Отандық өніміміз сатылмаса, кіріс те болмайды»* деген пікірді әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, аргументтер арқылы дәлелде.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жаңа сөздердің мағынасын ашып жаз.

Жаңа сөздер	Мағынасы
кәсіпорын	
отандық өнім	
кіріс	
қосалқы	
бәсекелестік	
жекеменшік	
әлеуметтік көмек	
серпін	
күшейту	
жабдықтау	

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты анықта. Негізгі ойға өз көзқарасыңды білдір.

2017 жылдан бастап елімізде ауылшаруашылықты дамытудың жаңа бағдарламасы қолға алынды. Қазақстан Үкіметі агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған жаңа бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарлама ауылшаруашылықты ілгері дамытуға, кеңейтуге көмектеседі.

Бағдарлама бойынша, сиыр сауып, өздігінен пайда тауып жүрген шаруалар өзара бірігіп, сүт қабылдау орнын аша алады. Ал үкімет оған кеткен шығынның жартысын төлейді. Аталған бағыттың тағы бір өзгешелігі — банкке кепілзат қоюдың қажеті жоқ. Бұл — шаруалардың бәсекеге қабілеттігін күшейтеді.

Ауылшаруашылығы министрлігінің жоспарына сәйкес, бес жылдың ішінде республика бойынша мыңға жуық сүт кооперативі ашылады. Сөйтіп, қазақстандық маркамен шығатын сүт пен сүт өнімдерін барынша арттыру жоспарланған.

Еліміздегі сүттің 80 пайызын жеке қосалқы шаруалар өндіреді. Өнімнің басым бөлігі жекеменшіктің қолында. Кооперативке үш-төрт адам емес, жиырма адам бірігеді. Себебі кооперативтер туралы заң бойынша, кооперативтегі адам саны үшеуден көп болуы керек. Дегенмен бізге жиырма адамның біріккені керек. Сосын кем дегенде 120 бас ірі қара болуы шарт. Осылайша, кооператив құрып, сүт қабылдау кәсібін бастауға болады.

Мемлекет шығынның жартысын өтеп береді. Сүт қабылдау орны ашылғаннан кейін ол жер шикізат салқындататын екі тонналық контейнермен жабдықталады. Сөйтіп, сиырды таңғы және кешкі уақытта сауғаннан сүттің бірнеше тоннасы жиналуы тиіс. Кооператив төрағасы ол тауарды сүт зауытына апарып тапсырады. Сосын адамдардың тізімін береді.

Зауыт басшылығы тізім бойынша ақшаны сүт тапсырған адамдардың жеке есепшоттарына аударады.

Ауыл халқының сүтті отандық зауыттарға тапсыруға деген ниетін күшейту үшін мемлекет әр литр үшін қосымша ақша төлейді.

«Ауыл» партиясы сайтынан

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Суретте берілген отандық өнімдер туралы жарнама дайында. Жарнамаңда *ең керемет, әлемде жоқ, дәмі тіл үйіреді, барлығына ұнайды* және т.б. сөз тіркестерін пайдалан.





АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жағдаят: әжең күнделікті сауған сүтін базарға апарып сатады. Әжең агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы туралы естігенін айтты. Әжеңе бағдарламаны пайдаланудың жолдарын қалай түсіндірер едің?

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Мен отандық өнімді қолданамын!» тақырыбында шағын эссе жаз.

Эссеге қойылатын талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыстыру керек;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көркемдеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 80-100 сөз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Кәсіпорын, қосалқы, әртараптандыру, жекеменшік, кеңейт, серпін, күшейту, жабдықтау.

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Қажетті сөздерді көп нүктенің орнына қойып жаз.

1. ... қолдау, өзіміз өндірген өнімді демеу.
2. ... шығу үшін бәсекеге қабілетті өнім шығару керек.
3. ... нарықтық заманда бейқамдық пен жеңіл ақшаға жол жоқ.
4. Әр ... өзінің өнеркәсібін, ауылшаруашылық бизнесін тікелей қолдауда.
5. Отандық өніміміз сатылмайтын болса, ... те болмайды.

Қажетті сөздер: *жаһандық, дамыған ел, отандық өнімді, кіріс, әлемдік нарыққа.*

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерінен отандық өнім туралы мәлімет жина. Өзіңе ұнаған өнім туралы ақпаратты сыныпта дәлелдеп, қорға.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Мен отандық өнімді пайдаланамын. Отбасым сүт өнімдерін жиі пайдаланады. Маған бұл өнімдер ұнайды.

3–4-сабақ

Орталық Қазақстан – кенді аймақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
кенді аймақ, өнеркәсіп, өндіру, ілгері, серпін, бөлшек, барабар

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, мәтін құра.





АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Орталық Қазақстанға қай облыстар жатады?
2. Орталық Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?
3. Орталық Қазақстанда қандай кәсіпорындар бар?
4. Орталық Қазақстан әлемге несімен танымал?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақтар дайында.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі таныс емес сөздерді жаз. Сөздіктің көмегімен олардың мағынасын түсіндір.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінде жауабы бар нұсқаны белгіле.

А) Ол қандай экономикалық аумақтармен шектеседі?

Ә) Жезқазғанда көлік қатынасы жақсы дамыған ба?

Б) Коксителетін көмірдің неше пайызы бар?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты қысқаша конспектілеп жаз. Конспектіңді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын баянда.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы.

Орталық Қазақстанда орналасқан Жезқазған аймағы — түсті металлургияның орталығы. Зерттеуші ғалымдар — Қ. Сәтбаев пен Ә. Марғұлан, Н. Валукинский мен геолог С. Боллдың еңбектерінде адамдардың қола дәуірінде осы өңірден миллион тоннадай мыс кенін өндіргені айтылады. Қазіргі Жезқазған жерін жайлаған сақтардың үлкен тайпасы — массагеттер мыс пен алтынды өндіріп, мыстан қару-жарақ жасағандары туралы дерек бар.

Ағылшындар 1907 жылдан бастап алғашқы шахталарды қазып, 1913 жылы Қарсақбай зауытын салуға кіріседі. Олардың балқытуға дайындаған мыс кенінің көлемі 37 500 тоннаға барабар болған. Ағылшындар кен қойнауының тереңіне бойламай, мысы мол жерлерді ғана игерген.

Жезқазған кенін игеріп, ілгері дамыту Қаныш Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты. Қала мәртебесін алған 1954 жылы Жезқазғанда 30 мың тұрғын болса, қазір 90 мыңға жуық адам тұрады. Сөйтіп, «Бұл жерде қала болады», — деген Қаныш Имантайұлының болжамы орындалды.

Отандық корпорацияға айналған «Қазақмыс» — бүгінде Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші. Ол — әлемнің осы саладағы көшбасшы он компаниясының бірі. «Қазақмыс» — әлемдегі ірі күміс өндіруші.

«Орталық Қазақстан» газетінен

- **Мәтінге тақырып қой.**
- **Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайында.**

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі көптік жалғаулы сөздерді теріп жаз. Оларды пайдаланып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем: *«Менің ойымша, ...».*

Екінші сөйлем: *«Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».*

Үшінші сөйлем: *«Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

Төртінші сөйлем: *«Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Орталық Қазақстан — кенді аймақ» тақырыбында фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып, жаз.

1. Орталық Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайы (пайдасы, қолайлы, ұтымды). Ол орталықта (шоғырлану, өндіру, орналасу). 2. Пайдалы қазба кен (жер, зауыт, орын,) жақын орналасқан. 3. Қазіргі Жезқазған жерін жайлаған сақтардың үлкен тайпасы — массагеттер мыс пен алтынды (шығару, өндіру, жасау), мыстан қару-жарақ жасаған. 4. «Қазақмыс» — әлемдегі ірі күміс өндіруші болып (шығу, табылу, игеру).

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Жағдаят: Ресейден танысың қыдырып келді. Ол Қазақстандағы кенорындары туралы сұрады. Оған қандай ақпарат берер едің? Айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Қазақмыс» корпорациясының өкілі және тілші болып сұхбат жүргізіңдер. Сұхбатта «Қазақмыс» корпорациясының өнімі, оны қандай елдерге экспорттайтыны, қазір қандай жетістікке жеткені туралы айтылсын.

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?



Есте сақта!

Орталық Қазақстан кенді аймақ саналады. Жезқазғанның кенін сақтар да пайдаланып, қару-жарақ жасаған. Қазақстанның кені шетелдерге де экспортталады.

5–6-сабақ

Қарағанды — кеншілер қаласы


Жаңа сөздер:
таскөмір, қазба байлық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Бұл — қай қала? Бұл қала туралы не білесің?





ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойып, жаз.

1. Көмір — адамзат тарихында бір... пайда болған жер қазба байлық... бірі. 2. Көмір, мұнай, газ сияқты органикалық заттар... тұрады. 3. Қарағанды қала... 1934 жылы құрылған. 4. Қарағанды... көмір өндіретін ірі кәсіпорын..., мәшине жасау, металл өңдеу, тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ көптеген көлік және байланыс кәсіпорындар... істейді. 5. Қарағанды... республика... ең көне зоосаябағы бар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Алдыңғы сабақтың мәтінін қайта тыңдап, екі мәтінге ортақ тақырып қой.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Қарағанды қаласы 1934 жылдың ақпан айында құрылған. Қарағандыда Сәкен Сейфуллин атындағы және Константин Станиславский атындағы драма театрлары, балаларға арналған «Буратино» қуыршақ театры, Қарағанды мемлекеттік циркі бар. Орталық мәдени және демалу паркінде балаларға арналған теміржол жұмыс істейді.

«Шахтер даңқы» монументі — Қарағанды қаласының мақтанышы. Бұл ескерткіш 1974 жылы Қарағандының 2 миллион тонна көмірді өндіру құрметіне орнатылған. «Шахтер даңқы» монументінің салмағы — 20 тонна. Оны дайындау үшін, үлгілер мен құйма кезіндегі шығындарды есепке алғанда, 30 тонна қола жұмсалған. Шахтерлердің мүсіндері қоладан жасалған, металл асыл ақ алтынмен қапталған.

Қарағандыда Бұқар жырау мен Абай Құнанбайұлының ескерткіштері бар.

Қарағанды танымал жерлестерімен де мақтанады. Қамал Смайылов, Төрегелді Шарманов, Ақселеу Сейдімбекұлы, Қайрат Байбосынов, Жүрсін Ерман, Қыдырәлі Болманов, Геннадий Головкин және т.б. атақты адамдар осы жақтан шыққан.

Баспасөз беттерінен

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндерді тыңдап, кен атауларын жаз. Оларды пайдаланып, сөйлем құра.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндерді тыңда. Екі мәтіннің стилін салыстыр. Мәтіндер қай стильде жазылғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырыпша қой. Әр бөлік бойынша үш сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім	
Негізгі бөлім	
Қорытынды бөлім	

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі екі сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақ дайында. Сұрақтарыңды көршіңе қой.

Үлгі: Қарағанды қаласы 1934 жылдың ақпан айында құрылған.

- *Қарағанды қаласы қай жылы құрылған?*
- *Қарағанды қаласы 1934 жылы құрылған ба?*
- *Қарағанды қаласы қай айда құрылған?*

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7-8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея):** бір сөйлем.
2. **Дәлел:** екі сөйлем.
3. **Өз пікірін айғақтайтын мысал:** екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір:** бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал:** екі сөйлем.
6. **Қорытынды:** екі сөйлем.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Қарағанды жерінен шыққан атақты, көрнекті тұлғалар туралы тұсаукесер дайында. Тұсаукесерді сыныпта қорға.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтіннен өзің маңызды санайтын сөйлемдерді теріп жазып, себебін түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібін сақтап жаз.

1. Сәкен Сейфуллин (аты) драма, балаларға (арналу) театрлары «Буратино» (Қарағанды) (театр) бар қуыршақ. 2. Бұл жылы (Қарағанды) 2 тонна (көмір) өндіру миллион (құрмет) 1974 ескерткіш орнатылған. 3. 20 (монумент) салмағы «Шахтер даңқы» (шығын) тоннаны (қола), оны (құрау) үшін (үлгі) және құйма дайындау кезіндегі есепке алғанда, 30 тоннасы (жұмсалу).

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, Қарағанды қаласындағы ескерткіштер туралы 12-14 үнқатымнан тұратын диалог құрыңдар.







ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерінен Қарағанды облысынан шығатын отандық өнімдер туралы мәлімет жина. Осы мәліметтер бойынша ақпараттық мәтін жаз.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Сабақта не өте маңызды болды?
4. Жұмыстарыңа қанағаттандыңдар ма?
5. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Қарағанды — үлкен өнеркәсіп орталығы. Қарағандыда театрлар, ескерткіштер бар. Қарағанды жерінен бірнеше атақты адам шыққан.

7–8-сабақ

F. Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді

Жаңа сөздер:
қыр, мұра, шұқылап-шұқылап

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қарап, мәтін құра. Ұқсастықтарын ата.





МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін «Қарағанды» романынан

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде қандай бейтаныс сөздер кездесті? Мағынасын сөздіктен анықта.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Қарағанды көмірін кімдер пайдаланғанын сызба арқылы көрсет.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Төменде берілген сөздердің антонимін жаз.

Кәрі, көп, аз, соңғы рет, таяз.

© Ғылым Ордасы

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Әр бөлімдегі ойдың берілу тәсілдерін (аңдату, мазмұндау, қорыту) анықта.

— Ермек!— деді бір кезде.— Ыстық екен туған жер! Қызық екен туған ел!

— Ыстық болмаса, қызық болмаса, қу трубаны жылдар бойы күзетем бе?—деді Ермек.— Әкем Қарағандыға менің бес жасымда келіпті. Он жасымда жұмысқа түстім. Содан бері осындамын.

— «Қарағанды» деген ат қайдан алынған?

— Сонау көк белдің бергі алдында «Қарағанды» деген өзек бар,—деп Ермек солтүстік-батысты көрсетті. — Ол өзек — Байсалбайдың мекені. Ерте кезде қарағаны көп болса керек, сол өзектің атымен аталып кетіпті. «Бұның көмірін Бапаң аулының бір жігіті қой бағып жүріп, суыр інінен тапқан», — деседі. Анау тұрған Қоңыртау — он екі мың жылқы біткен Игілік байдың мекені. Оның болыс баласы — Тәти Қарағандыны орыс байларына екі жүз елу-ақ сомға сатыпты.

— Сіз орыс байларында да істедіңіз бе?

— Мен ағылшындар тұсында істедім. Тәти Қарағанды көмірін орыс байларына, олар ағылшын байларына сатса, ағылшындар жұмысшыны подрядшіктер арқылы жалдады. Қазақ, орыс, ағылшын сүліктерінен қалған қанды подрядшік — Шернияз, Дуналар да сорып бақты. Тек революция, совет құтқарды бізді. Қанаушылар бүлдіре, тастай қашқанда мен осы трубаның түбінде қалып қойдым...

— Көремісің, сол трубаны қоршап жатыр ауылдар, әр көш әрқилы жүк әкеп жатыр. Осы ауылдар күзге дейін қалың елге айналады...

Құйылған ел құр қол келіп жатыр. Қарағандыда әзір жаңа техника түгіл, ескі қайла да, нан түгіл, су да жетпейді. Басқа мәдениетті былай қойғанда, баспана қайда?! Теміржол Ақмоладан жаңа ғана асты. Осы жоқтарды өгізбен, түйемен тасып жасағанша, қыс күтер ме, ел шыдар ма? («Қарағанды» романынан)

- **Аңдату.** Әр ойбөліктегі негізгі идеяны сөз тіркесімен бер.
- **Мазмұндау.** Негізгі сөйлемдегі ойды ашатын сөздерді тауып, жаз.
- **Қорыту.** Ойбөліктегі ойды қорытындылайтын сөйлемді тап.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырыпша қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім	
Негізгі бөлім	
Қорытынды бөлім	

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талда. Оны қазіргі өмірмен байланыстыр.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Сөз немесе сөз тіркесі	Түсініктеме
Өзек	Жер бетіндегі жаңбыр, қар суынан пайда болған, тереңдігі 3-15 метрге жететін сай.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. — Ермек! ... деді бір кезде. — Ыстық екен туған жер! 2. — «Қарағанды» деген ат қайдан алынған... . 3. ...Бұның көмірін Бапаң аулының бір жігіті қой бағып жүріп, суыр інінен тапқан... — деседі. 4. ... Сіз орыс байларында да істедіңіз бе? 5. Қарағандыда әзір жаңа техника түгіл, ескі қайла да ... нан түгіл, су да жетпейді. 6. Осы жоқтарды өгізбен, түйемен тасып жасағанша, қыс күтер ме, ел шыдар ма ...

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Қарағанды» романы туралы 6-7 сұрақ дайында. Дайындаған сұрақтарыңды көршіңе қойып, диалог құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романының толық нұсқасын пайдаланып, кейіпкерлерге (Мейрам, Ермек, С. П. Щербаков, Ардақ және т.б.) мінездеме жаз, қосымша дереккөздерді пайдалан.

Есте сақта!

Осы өлкеде қарағанды өсімдігі көп өскендіктен, қала «Қарағанды» деп аталған. Қарағанды — көмірге бай өлке. Қарағанды көмірін Аппақ Байжанов тапқан.

9–10-сабақ

Дауысы дәуірмен ұласқан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
өлкелік, темір жонушы, сұрғылт жүз, ауыр мінез

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ жазушыларынан кімдерді білесің?
2. Әдеби шығарма оқығанды ұнатасың ба?
3. Соңғы уақытта қандай шығарма оқыдың?
4. Онда қандай басты кейіпкерлер бар?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, шағын мәтін құра.



Ғ. Мұстафиннің Қарағанды қаласындағы ескерткіші



Ғабиден Мұстафин

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мазмұны бойынша хронологиялық кесте жаса.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі ақпаратты диаграммаға түсір.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайында.

— Сәлеметсіз бе!

— Танысалық, шырақ. Мен Телман аудандық атқару комитетінің председателі — Қанабекпін.

— Мен осы Қарағандыны күзетіп қалған «Ермек» деген жұмысшымын.

— Бәрекелді! Іздегеніміз — сен едің. Мына кісілер — сонау Донбастан, Москвадан келеді. Өлі Қарағандыға жан салмақ, бізбен біріге отырып, Совет Қарағандысын жасамақ. Танысып қой: Сергей Петрович Щербаков, — деп зор денелі, бурыл бас кісіге нұсқады, — өзіңдей ескі шахтер, болашақ трест бастығы... Механик Козлов, слесарь Лапшин, мына кісі — инженер Орлов...

Ермек енді әрқайсысымен қол алысты. Суық, сұрғылт жүзіне қан жүгірген, көзі жайнап барады. Тұйық, ауыр мінез адамның аузынан әлі мардымды ештеме шықпаса да, өңіндегі өзгерістер қуанышын сездіріп тұр...

Бұлар танысып болғанша, алақандай Қарағанды хабарланып та болды. Жүгірген бала, жебелей басқан әйел-еркек көрінеді. Маңайдағы колхоздардан көмір алуға келген колхозшылар да, өтіп бара жатқан бірен-саран аттылар да бұрылып, қонақтардың маңына жиналды. Одан-бұдан жиыла-жиыла кішігірім топ құралды.

— Қарағандыны жүргізуге келіпті!

— Донбастың мастерлері, — дейді.

— Е, «осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді!».

Көп ішінде сыбыр-күбір осылай жүріп жатты. Ермек қалтасынан бір шумақ кілт суырып, Щербаковқа ұсынды:

— Чайковтан естіген едім, күткен едім. Жақсы келдіңіздер, міне, зауыт кілтін енді өз қолыңызға алыңыз.

Щербаков кілтті алған соң тебінгідей жалпақ алақанына салып, біраз ойланып тұрды да кішірек көкшіл көзін төңірекке жіберді. Кең дала оның көңілін де кеңітіп жіберген тәрізді. Қолын көтере, сол далаға мегзей:

— Жолдастар! — деді жуан дауыспен. Күдістеу кең иықты, алып денелі адамның даусы да зор, салмақты шықты. — Осы далада Аппақ Байжанов қой бағып жүріп, суыр інінен Қарағанды көмірін тапқалы жүзге жуық жыл өтіп барады. Содан бері орыс-ағылшын

капиталистері қазақ жерінің байлығын, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстағандай болса, біз енді осы кілтпен бәрін ашамыз. Коммунист партиясы, совет үкіметі жіберді бізді. Қазақ даласында бесжылдық жоспарды орындауға көмекке келдік. Бұл бесжылдықта мешеу Қарағанды Совет Одағындағы ірі өндірістердің қатарына қосылады. Жұмыс көп, қиындық көп, бірақ халық күші одан да көп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, біз алмайтын қамал жоқ.

«Қарағанды» романынан

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мына тақырыптардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді? Пікіріңді дәлелде.

- Қарағандыдағы жаңа өмірдің басталуы
- Қарағанды — ірі өндіріс орны
- Танысу
- С. П. Щербаковтың жаңа өмірі

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінде берілген *алақандай, тебінгідей, шырақ* деген сөздердің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып жаз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі Сергей Петрович Щербаковтің *«Орыс-ағылшын капиталистері қазақ жерінің байлығын, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстағандай болса, біз енді осы кілтпен бәрін ашамыз»* деген пікірін әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, аргументтер арқылы дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. *Өлі Қарағандыға жан салмақ, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстау, біз алмайтын қамал жоқ* деген тіркестерді автор қандай мақсатта қолданғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерді публицистикалық стильде жаз.

- Жұмыс көп, қиындық көп, бірақ халық күші одан да көп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, біз алмайтын қамал жоқ.

- Қазақ даласында бесжылдық жоспарды орындауға көмекке келдік. Бұл бесжылдықта мешеу Қарағанды Совет Одағындағы ірі өндірістердің қатарына қосылады.
- Орыс-ағылшын капиталистері қазақ жерінің байлығын, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстағандай болса, біз енді осы кілтпен бәрін ашамыз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Мәтіндегі кейіпкерлердің сөйлеу әдебін талдаңдар. Мәтіндегі көркемдеуіш құралдарды табыңдар.

— Шырағым, — деді сақалды қазақ, — «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл», — деген еді?

— Атым — Мейрам, отағасы.

— Жол болсын! Қайдан келесің, қайда барасың?

— Алыстан келем, алысқа барам, — деп біраз мүдірді Мейрам. — Москвадан шықтым. Оқушы едім. Оқуды бітіріп, Қарағандыға қызметке бара жатырмын. Өз атыңызды білуге бола ма?

— Мен «Маусымбай» деген шалмын. Сүйегім — найман. Семей жаққа, ұзатқан баламызға бара жатырмыз. Мәскеудің оқуын бітірсең, Мәскеуде, Алматыда орын болмады ма, шырағым? Шығанға шығып барасың ғой!

«Қарағанды» романынан

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. 6-тапсырмадан төменде берілген мәтінді тауып, қазақша нұсқасымен салыстыр.

С тех пор, как здешний пастух Аппак Байжанов, — говорит он, — нашел в сурочьей норе карагандинский уголь, прошло около ста лет. Все эти долгие годы русские и английские капиталисты держали взаперти богатство казахской земли. А мы этими ключами откроем для народа сокровища его земли... Работы предстоит много, и трудностей мы встретим много. Но сила народная преодолеет все. Надо только организовать эту силу — тогда не найдется той крепости, которую мы не могли бы взять...

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. *Ауыр мінез, сұрғылт жүз, зор денелі, көзі жайнау, кішірек көкшіл көз, жуан дауыс* тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Ғ. Мұстафиннің сөзіндегі ақпаратты қазіргі Қарағанды туралы мәліметтермен салыстырып, «Қарағанды: кеше және бүгін» деген тақырыпта ой бөлісіңдер.

Мен келгенде, — дейді жазушы, — Қарағандыда бес-алты жаман барак қана, 30-40 жұмысшы ғана бар еді. Олар көмірді қайламен қазып, сыртқа темір шелекпен қол бұрау арқылы шығаратын. «Шахта» дегендері — бір ғана құдық.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- көркемдеуіш құралдарды пайдалану;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі жеткізу.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

Есте сақта!

Ғ. Мұстафин — қазақтың әйгілі жазушысы. Ол Қарағанды облысында туған. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романында қазақ халқының Кеңес өкіметі жылдарында бастан кешкен өзгерістері мен өмір жолдары айтылады.

© Көкжиек-Горизонт

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда.

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Тақырып қой.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтай отырып, мәтін идеясымен байланысын көрсет.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. ***Тез, адам танымастай, таңданып, жетістікке*** сөздерінің синонимін мәтіннен тауып, жаз.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінде айтылған ***«Жаңа техника еңбекті байытып қана қойған жоқ, адамның ойын да байытып барады»*** деген пікір бойынша ой бөлісіңдер.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. **Мәтіндерді оқы. Мәтіндерді салыстырып, ортақ тақырып қой.**

1. Түркістан облысында аяққиім өндірісі іске қосылды.

Кәсіпорын үйге киетін аяққиім шығаруды бастады. Үйде киетін аяққиімнің бағасы — 260 теңге. Сұранысқа байланысты кәсіпорын күніне мың дана аяққиім тігеді. Фабрика Түркияның «СОТ» фирмасымен келісіп, болашақта сәнді аяққиім шығаруды жоспарлап отыр (inform.kz).

2. «Өскемен құс фабрикасы» акционерлік қоғамы — сапасы жоғары құс етін шығаратын кәсіпорын. Кәсіпорын жылына 20 мың тонна құс етін шығарады. 2009 жылы кәсіпорын «Кус&Вкус» брендімен Қазақстанда алғаш рет тоңазытылған құс етін шығара бастады. Ол бір жылдың ішінде тұтынушылардың талғамынан

шықты. 2010 жылы компания өндірілген тауарының экологиялық таза өнім екеніне кепілдік беретін «ЭКО» сертификаты мен «Халал» талаптарына сәйкес келетіні туралы куәлікке ие болды. «Өскемен құс фабрикасы» акционерлік қоғамы — аграрлы саладағы Халықаралық қаржылық корпорация қаржыландырған Қазақстандағы тұңғыш кәсіпорын (atameken.kz).

3. «Астана-өнім» акционерлік қоғамы 1998 жылы құрылған. Өнеркәсіп өсімдікшаруашылық, асыл тұқымды малшаруашылық, сондай-ақ қымыз, шұбат секілді сүт өнімдерін өндіреді. Бүгінгі таңда кәсіпорында сүт өнімдерінің 23 түрі шығарылады.

«Астана-өнім» зауыты мемлекеттік резиденциялар мен басқа да мекемелерге жоғары сапалы ауылшаруашылық өнімдерін шығарады.

Зауыт күн сайын 10 тонна сүт өнімін өндіреді. Өнімнің басым бөлігі резиденциялар, түрлі мекемелер, балабақшалар, ауруханалар, сауда орталықтары мен Елорда дүкендеріне тасымалданады. Өнеркәсіп Елордадағы бір супермаркетке орта есеппен күніне 300 литр сүт жеткізеді.

Кәсіпорында қолданылатын барлық қондырғы Германиядан сатып алынған. Қазіргі уақытта зауытта 303 адам жұмыс істейді, оның 20-сы сүт өнеркәсібінде. Компания жұмысшыларының көбі — жақын маңдағы ауыл тұрғындары (astana.gov.kz).

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мазмұнын баянда.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Диалог. «Кәсіпорын басшысымен сұхбат» рөлдік ойыны. Мәтіндердің мазмұны бойынша тележурналист пен кәсіпорын басшысының шағын сұхбатын көрсетіңдер. Диалогке қажет сөйлеу әдебіне қатысты сөздерді (амандасу, танысу, мадақ сөз, қоштасу) алдын ала жазып алып, диалогте қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қосымшаларды қойып, сөйлемдерді жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

1. Кәсіпорын үйге киетін аяқкиім шығару... бастады. 2. Сұраныс... байланысты кәсіпорын күніне мың дана аяқкиім тігеді. 3. Кәсіпорын жылы... 20 мың тонна құс етін

шығарады. 4. Ол бір жыл... ішінде тұтынушылардың талғамы... шықты. 5. Бүгінгі таңда кәсіпорын... сүт өнім... 23 түрі шығарылады. 6. Зауыт күн сайын 10 тонна сүт өнім... өндіреді. 7. Кәсіпорын... қолданылатын барлық қондырғы Германия... сатып алынған.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Төмендегі кестені пайдалана отырып, «Қарағанды» романы туралы қысқаша аннотация жаз.

№	Аннотацияның құрылымы	Қажетті тілдік құрылымдар
1.	Кіріспе бөлім. Автордың аты-жөні, шығарманың тақырыбы, қай баспадан шыққаны, жылы, бет саны көрсетіледі.	Кітаптың/мақаланың/шығарманың авторы Кітапқа/мақалаға/шығармаға аннотация Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1952. — 394 бет.
2.	Негізгі бөлім. Шығарма туралы қысқаша ақпарат беріледі.	Кітап/мақала/шығарма (қандай?) тақырыпқа арналған, шығармада (қандай) мәселелер баяндалған, шығармада автор (не?) туралы айтқан, автор шығармада (неге?) тоқталған, шығарма кейіпкерлері — кімдер? және т.б.
3.	Қорытынды бөлім. Шығарманың кімге арналғаны жазылады.	Кітап/мақала/шығарма (кімге?) арналған.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, диалог құрыңдар.





ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Қарағанды» романын пайдаланып, Ғабиден Мұстафиннің пікірін дәлелдеңдер.

Мен әрдайым бүгінгіні, шамам келгенше, ертеңгіні жаздым. Жазушы — алдымен, өз дәуірінің жаршысы. Мен өз бойымдағы бүкіл дарыным мен күш-қуатымды... халық мүддесіне қалтқысыз, алаңсыз бағыштаған жазушымын. Менің творчествомның өзегі, арқауы, негізі — жаңа заман, жаңа адам.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Отандық өнеркәсіп өнімі» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Тақырып несімен құнды болды?
3. Бір-біріңнің білімдеріңді бағалаңдар.
4. Тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?
5. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқыдыңдар?







Есте сақта!

Көмірші темірге үйір.

1–2-сабақ

Қазақ киносының атасы

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларда көтерілген мәселені, негізгі ойды айқындау;
- мәтін бөліктері мен азатжолдарының орналасу ретін түсіндіру, графиктік мәтіндерді салыстыру;
- түрлі стильдегі мәтіндерді салыстырмалы талдау;
- мәтіндегі негізгі ойға қатысты өз көзқарасыңды айту, дәлелдеп жазып, бағалау;
- түрлі стильдегі мәтіндердегі негізгі ұғымдарды анықтап, ықшамдалған мәтін құрастыру **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Киноны кім түсіреді?
2. «Қазақфильм» киностудиясы туралы не білесің?
3. «Қазақфильм» киностудиясы түсірген қандай фильмдерді білесің?
4. «Қыз Жібек» фильмін көрдің бе?
5. Бұл фильм қай режиссердің жетекшілігімен түсірілді?
6. Режиссер болсаң, қандай фильм түсірер едің?
7. Қай фильмдер ең үздік отандық фильмге жатады?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі сөздерді оқып, қандай сұрақтарға жауап беретінін анықтаңдар.

Әйгілі, тұңғыш.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Мәтінге тән белгілерді анықта. Мәтінді өз ойыңмен тұжырымдап айт.

Шәкен Айманов — қазақтың әйгілі актёрі, тұңғыш кинорежиссер.

Ол 1914 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Орта мектепті бітірген соң Семейдегі педагогикалық техникумға түседі.

1932 жылы Шәкен Аймановты Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырады. Ол алғашында бірқатар рөлдерде ойнайды. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер сомдап, көпшіліктің ықыласына бөленеді. Әсіресе Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло сияқты рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды.

Шәкен Кенжетайұлы актёрлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылықпен де айналысып, спектакльдер қойды. 1947-1951 жылдар аралығында қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері», «Жамбыл» көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. Шәкен Айманов қойған «Махаббат туралы аңыз», «Алдаркөсе», «Атамекен», «Найзатас баурайында», «Біздің сүйікті дәрігер» «Тақиялы періште» фильмдері көрермендердің талғамынан шықты. Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінде комедия жанрының негізін қалады. 1970 жылы Шәкен Айманов «Атаманның ақыры» атты соңғы фильмін түсірді. «Атаманның ақыры» фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

Шәкен Айманов қазақ киностудиясын, кино үйін салуды армандады. Бұл арманын Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қолдауымен жүзеге асырды. Қазіргі киностудиядағы киногерлердің айтуынша, Шәкен Кенжетайұлы киностудия төңірегіндегі шыршаларды да өз қолымен отырғызған.

Шәкен — кейіпкердің жан-дүниесін шебер ашатын актёр. Қазақтың болмысын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін кино арқылы барша әлемге паш етті. Шәкен Аймановтың туған күнін барша халық «қазақ киносының туған күні» деп қабылдайды. Себебі Шәкен — қазақ киносының атасы.

Шәкен Айманов — қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасуына, шыңдалуына жол ашқан дарынды суреткер, шебер актер, ойшыл режиссер.

«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығынан

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәтін құра.

1.	кино	а.	суреткер
2.	дарынды	ә.	иесі
3.	өнер	б.	өнері

4.	театр	в.	режиссер
5.	өз ісінің	г.	шебері
6.	тұңғыш	ғ.	тарланы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тағы бір рет оқы. Актёрдің қасиеттері мен еңбектері кездесетін бөлікті тап, баянда. Актёрдің айтылмай кеткен қандай еңбектерін білесің?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төменде берілген хронологияның Ш. Айманов өміріне қандай қатысы бар? Мәтінді пайдаланып, дәлелде.

1914 жыл
1932 жыл
1933 жыл
1947-1951 жылдар
1970 жыл

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, «Шәкен — қазақ киносының атасы» деген пікірді дәлелде.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».
Екінші сөйлем: «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».
Үшінші сөйлем: «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен кастингке қатысып көрдің бе?
2. Сені белгілі режиссер таңдаса, келісер ме едің?
3. Қандай рөлдерді сомдағың келеді?
4. Жақсы көретін актёрің бар ма? Не себепті жақсы көресің?

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жаз.

Шәкен атақты рөлдерді (сомдау, қою, жасау). Ол Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдерін (қызық орындау, баяу орындау, шебер орындау). Шеберлігімен көпшіліктің (көңіліне бөлену, ықыласына бөлену, рақметіне бөлену). Ұлттық театр тарихында (өшпес із қалдыру, шығарма қалдыру, ой қалдыру). Шәкен Айманов классикалық пьесалар бойынша спектакльдер (жасау, қою, дайындау). Оның қойған шығармалары көрермендердің (көңілін толғанту, талғамынан шығу, мұңын сейілту). Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінде комедия жанрының (басын ашу, негізін қалау, бағын ашу). «Атаманның ақыры» фильмі режиссер Шәкен Айманов шығармашылығының (биік шыңы, мақтаныш, мақсат) айналды. Шәкен Айманов актёр ретінде кейіпкерінің (бағы, жан-дүниесі, бақыты) шебер ашты.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жоспар бойынша диалог құрыңдар.

1. Айманов Шәкен Кенжетайұлы — қазақтың әйгілі, тұңғыш кинорежиссері
2. Шәкен Айманов Қазақ академиялық драма театрында
3. Шәкеннің атақты рөлдері
4. Режиссерлікпен айналысуы
5. Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болуы
6. Шәкен қойған көркем фильмдер
7. Ұлттық кино өнерінде комедия жанрының негізін қалаушы
8. Шәкен Айманов шығармашылығының биік шыңы
9. Шәкен Аймановтың актёр, ұлы режиссер ретіндегі шеберлігі

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Жоспар бойынша тезис жаз.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Хабарландыруды қазақ тіліне аударып, тұжырым жаса.

В Центральном государственном музее РК 1 октября 2014 года открывается мемориальная выставка «Қазақ киносының саңлағы», посвященная 100-летию со дня рождения актёра, режиссера, Народного артиста СССР, лауреата Государственной премии КазССР Шакена Айманова (1914-1970).

Выставка организована совместно с киностудией «Казахфильм». Шакен Айманов является родоначальником казахского кино, его творчество занимает особое место в казахском национальном искусстве. Широкой зрительской аудитории Айманов знаком по незабываемым кинопостановкам: «Наш милый доктор», «Перекресток», «Безбородый обманщик», «Ангел в тюбетейке», «Конец атамана» и др.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Баспасөз беттері мен интернет желісінен Ш. Аймановтың өмірі, шығармашылығы туралы қызық, көпшілік біле бермейтін дерек жинаңдар. Тұсаукесер дайындаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

© Кітап-Оқулық.kz

3–4-сабақ

Қазақстанның мәдени өмірі

Жаңа сөздер:
қойылым, ұйымдастырушы, өнер қайраткерлері, танылды, сомдау, шеберлігі, биік белес, қалыптасты, тарихи шығарма, үрмелі аспап

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен тұратын жерде қандай театрлар мен мәдени орталықтар бар?
2. Қандай театр қойылымдарын білесің?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Мәтінде қазақтың Орал, Семей, Тараз қалаларында не болғаны айтылады?
3. XX ғасырдың басында қандай труппалар құрылған?
4. Қандай драматургтердің пьесалары сахнада қойылған?

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Қазақстанның мәдени өмірі алуан түрлі. 1926 жылы М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры алғаш қойылым көрсетті. Театрды алғаш ұйымдастырушылар: Ж. Шанин, драматург-жазушы М. Әуезов, әртістер — Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Ш. Айманов және т.б. қазақтың өнер қайраткерлері. Театрда алғаш қойылған спектакль — Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасы. Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, А. Әшімов, Т. Жаманқұлов, Б. Римова және т. б. әртістер шеберлігімен елге танылды. Олардың образды сомдауы, ойнау шеберлігі театрды биік белестерге көтерді. Елімізде А. Тоқпанов, Ә. Мәмбетов, Ж. Хаджиевтердің режиссерлік мектебі қалыптасты. 1990 жылдары М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері», Б. Атабаевтың «Абылай хан» тарихи шығармалары қойылды.

Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры 1933 жылы ашылды. Содан бері оның сахнасында қазақтың өнер қайраткерлері көрермендерге қуаныш сыйлап келеді. Бүгінгі таңда опера әншілері — Н. Үсенбаева, С. Байсұлтанов, Ж. Баспақова, М. Мұхамедқызы, С. Ишановалар өнер көрсетуде. 2001 жылы қазақтың елордасында Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры ашылды.

Қазақтың музыка өнері де жақсы дамуда. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония Алматы қаласында орналасқан. Оның құрамында «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, симфониялық оркестр, хор копелласы, камералық оркестр, үрмелі аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Астана қаласындағы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы ашылды. Театрдың техникалық жабдықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді. 2013 жылы 21 маусымда театрда алғаш рет қазақ музыкасының жаyһары — М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы қойылды. Сол жылдың күзінде Дж. Вердидің «Аттила» операсы қойылды. Бүгінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары және т. б. әлемдік опера және балет классикасының туындылары бар.

«Хабар» арнасының сайтынан

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді мәтіннің азатжолдарымен сәйкестендір. Себебін дәлелде.

I. Қазақтың кескін өнері	Азатжол A
II. Эстрада жанры	Азатжол B
III. Суретшілер одағының құрылуы	Азатжол C
IV. Мектебі қалыптасқан режиссерлер	Азатжол D
V. Қазақтың музыка өнері	
VI. Опера және балет театры	
VII. Қазақ драма театры және ұйымдастырушылары	

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннің қай азатжолына қандай сурет сәйкес келетінін айт.



Театр актрисасы — Бикен Римова



Абай атындағы опера және балет театры



«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры



«Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр азатжолға тақырыпша қой. Идеясын айт.

	1-азатжол	2-азатжол	3-азатжол	4-азатжол
Азатжолдың тақырыбы				
Азатжолдың идеясы				

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін құрастыр.

Қойылым:	*жаңа қойылым* көрді, ...
Ұйымдастырушы:	*ұйымдастырушы* оқушылар, ...
Өнер қайраткерлері:	қазақтың *өнер қайраткерлері,* ...
Танылды:	мектепке *танылды*, ...
Сомдау:	образ *сомдауы*, ...
Шеберлігі:	*шеберлігін* айтты, ...
Биік белес:	*биік белестен* көрінді, ...
Қалыптасты:	мінезі *қалыптасты*, ...
Тарихи шығарма:	*тарихи шығарма* жазылды, ...
Үрмелі аспаптар:	*үрмелі аспапта* ойнайды, ...

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.

1. Мәтінде ... театры туралы айтылады.

1. қуыршақ театры
2. драма театры
3. жасөспірімдер театры
4. диқаншылар театры

2. Театрды ұйымдастырушылардың бірі — ... .

1. Ж. Адамбаева
2. А. Асқарқызы
3. Ж. Шанин
4. М. Мұхамедқызы

3. Ұлттық опера және балет театры ... .

1. Күләш Байсейітова атында
2. Нұржамал Үсенбаева атында
3. Роза Бағланова атында
4. Бикен Римова атында

4. Алматы қаласында ... орналасқан.

1. С. Сейфуллин атындағы драма театры
2. Үрмелі оркестр театры
3. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония
4. Жаяу Мұса атындағы театр

5. М. Әуезов атындағы театрда алғаш қойылған спектакль — ... .

1. «Қыз Жібек»
2. «Алтын сақина»
3. «Біржан-Сара»
4. «Еңлік-Кебек»

6. Өз мектебі қалыптасқан режиссерлердің бірі — ... .

1. Ә. Мәмбетов
2. Б. Майлин
3. М. Жүнісова
4. Р. Рымбаева

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөйлемдердегі көп нүктенің орнын төмендегі сөздермен толықтыр.

1. М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры 1926 жылы алғаш рет ... көрсетті. 2. Театрды алғаш ... драматург жазушылар, әйгілі әртістер, режиссерлер болды. 3. Олардың ішінде ... Ж. Шанин, М. Әуезов, Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Ш. Аймановтар бар. 4. Олар қазақ мәдениеті мен өнерінің ... болды. 5. Олар өнердің ... шықты. 6. Театр әртістері образды шебер ... .

Қажетті сөздер: биік белестеріне, өнер қайраткерлері, сомдады, ұйымдастырушылар, қойылым, шеберлері.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Кестедегі үлгіні пайдаланып, өз жауабыңды айт.

Сен қайда барасың?		Не себепті барасың?	Мысалы
Мен театрға барамын.	себебі	жаңа қойылымды көремін.	Мен театрға барамын. Себебі жаңа қойылымды көремін.
Мен театрға бармаймын.			

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. М. Әуезов атында қандай театр бар? Ол қай жылы ашылды?
2. Оны кімдер ұйымдастырды?
3. Театрда алғаш қай спектакль қойылды?
4. Мәтінде шеберлігімен елге танылған қандай әртістер аталған?
5. 1990 жылдары қандай тарихи шығармалар қойылды?
6. 1933 жылы Алматыда қандай театр ашылды?
7. Оның сахнасында кімдер өнер көрсетіп келеді?
8. 2001 жылы қазақтың елордасы — Астанада қандай оқиға болды?
9. Қазақтың музыка өнері қалай дамуда?

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Сұрап, тауып ал» ойыны. Кемінде үш адамнан сұрап, алған жауабың бойынша есеп бер.

Тауып ал Кім Қазақстанның театр режиссерлерін біледі? Ол қай туындыны қойған?	**Тауып ал** Кім Қазақстанның белгілі театр әртістерін біледі? Ол қандай қойылымдарда ойнайды?
Тауып ал Кім Қазақстанның кинорежиссерлерін біледі? Ол қандай фильм түсірген?	**Тауып ал** Кім Қазақстанның белгілі киноактёрлерін біледі? Ол қандай рөлдерде ойнайды?

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді қойып, жаз.

1. М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында көп әртіс шеберлігімен елге *(байқалды, танылды, көрінді).* 2. Олардың образды *(қоюы, беруі, сомдауы)*, сахнада ойнау шеберлігі театрды *(алыс тауларға, жоғары жолдарға, биік белестерге)* көтерді. 3. А. Тоқпанов, Ә. Мәмбетов, Ж. Хаджиевтердің режиссерлік мектебі *(қалыптасты, жарысты, жасалды)*. 4. 1990 жылдары М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері», Б. Атабаевтың «Абылай хан» *(қызық ертегілері, тарихи шығармалары, күнделікті әңгімелері)* қойылды.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер.

1. Қазақстанның мәдени өмірі туралы не білдің?
2. Қалай ойлайсың, елдің мәдени өмірін кімдер жасайды?
3. Қазақстанның мәдени өмірі туралы тағы қандай ақпарат білесің?
4. Жаңадан қандай сөздерді үйрендің? Оларды қай жерде қолданасың?

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай жаңа ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады/ұнамады?

Есте сақта!

М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрын қазақтың өнер қайраткерлері ұйымдастырды. Театр әртістері шеберлігімен елге танылды. Олардың образды сомдауы, ойнау шеберлігі театрды биік белестерге көтеріп, көрермендерге қуаныш сыйлап келеді.

5–6–
сабақ

Театр фестивальдары

Жаңа сөздер:
көне, насихаттау, ынталандыру, қасиет, құдірет, ұғындыруды көздеу, көкейтесті, кәсіби сыйлық, еңлікгүл, қазылар алқасы, өнертанушы, сыншы, шешімі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылды?
2. Мәтінде театр өнерінің қандай мерекесі туралы сөз болды?
3. Театр фестивальдарының мақсаты қандай?

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Театр фестивальдары — ең көне фестивальдардың бірі. Театр фестивалін ұйымдастырушылар халыққа театр өнерін түсіндіруді көздейді. Сонымен қатар театр өнерінің қасиеті мен құдіретін ұғындырады. Театр фестивальдары жас драматургтер мен әртістерді ынталандырады. Сол үшін жыл сайын түрлі фестивальдар өтеді. Фестиваль өнерді насихаттайды. Сыншылар мен өнертанушылар көкейтесті проблеманы көтерген қойылымды таңдайды.

М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында Қазақстан Театр қайраткерлері одағы жұмыс істейді. Одақтың төрағасы — Қазақстанның халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұлов. Одақ 2010 жылдан бастап «Еңлікгүл» театр фестивалін өткізеді. Фестиваль әр жылы 27 наурыз — Халықаралық театр күнінде өткізіледі. Фестивальда жеңімпаздарға «Еңлікгүл» сыйлығы беріледі.

Сыйлықтың «Еңлікгүл» деп аталуының себебін Т. Жаманқұлов: «Еңлікгүл — ерте көктемде шығатын гүл. Содан кейін біздің қазақ драматургиясының алғашқы героинясының аты — Еңлік. Оның үстіне бұл сыйлық көктемде, 27 наурыз — Халықаралық театр күнінде беріледі. Сондықтан «Еңлікгүл» деп атадық», — деп түсіндіреді.

Фестивальдың арнайы қазылар алқасы бар. Қазылар алқасы өнертанушылар, театр сыншылары, мәдениет қайраткерлері, театр директорлары, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының шешімімен жеті номинация бойынша

жеңімпаздар анықталады. Фестивальда еліміздің әйгілі әртістері мен өнер қайраткерлері көрермендермен кездеседі. Көрермендерге театрдың үздік, көкейтесті қойылымдары көрсетіліп, жеңімпаздары анықталады.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннің қай азатжолына қандай сурет сәйкес келетінін дәйектеп айт.





ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі тақырыптарды мәтіннің азатжолдарымен сәйкестендір. Себебін дәлелде.

I. Қазақтың спорт өнері	Азатжол A
II. Сыйлықтың «Еңлікгүл» аталу себебі	Азатжол B
III. Жеңімпаздарды анықтау	Азатжол C
IV. Әртістер жарысы	Азатжол D
V. Театр фестивальдарының мақсаты	
VI. «Еңлікгүл» театр фестивалі	

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін сәйкестендіріңдер.

1. көне	а. түсіндіру
2. қасиетті	ә. жюри мүшелері
3. құдіретті	б. киелі
4. ұғындыру	в. ескі
5. қазылар алқасы	г. күшті

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін құра.

Көне:	*көне* кітап, ...
Насихаттайды:	өнерді *насихаттайды*, ...
Ынталандырады:	оқушыларды *ынталандырады*, ...
Көкейтесті:	*көкейтесті* тақырып, ...
Қасиет:	адами *қасиет*, ...
Құдірет:	сөз *құдіреті*, ...
Ұғындыруды көздейді:	проблеманы *ұғындыруды көздейді*, ...
Кәсіби сыйлық:	*кәсіби сыйлық* берілді, ...
Еңлікгүл:	*еңлікгүл* өсті, ...
Қазылар алқасы:	*қазылар алқасы* сайланды, ...
Өнертанушы:	*өнертанушы* ғалым, ...
Сыншы:	шебер *сыншы*, ...
Шешім:	*шешім* шығарды, ...

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді қойып, жаз.

Ең (жаңа, қызық, көне) фестивальдардың бірі — театр фестивальдары. Фестивальды (көрушілер, шешушілер, ұйымдастырушылар) халыққа театр өнерін түсіндіруді көздейді. Театр — (қасиетті, көрікті, белгілі) әрі құдіретті өнер. Фестиваль театр өнерінің қасиеті мен құдіретін (суреттеуді, ұғындыруды, қызықтыруды) көздейді. Театр фестивальдары жас драматургтер мен әртістерді (ынталандырады, шақырады, өткізеді). Фестивальда театр (әртістері, суретшілері, сыншылары) мен өнертанушылар қазы болады.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтіннен сыйлықтың «Еңлікгүл» аталуы туралы бөлікті тауып, оқыңдар. Ұсынылған тірек сөздерді пайдаланып, диалог құрыңдар.

Тірек сөздер: сыйлық, «Еңлікгүл», себебі, көктем, гүл, насихаттайды.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, жаз.

1. М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында 2010 жылдан бастап «Еңлікгүл» театр фестивалі ... . 2. Фестивальда ... «Еңлікгүл» сыйлығы беріледі. 3. Бұл фестиваль халықаралық ... өткізіледі. 4. Сыншылар мен өнертанушылар ... қойылымды таңдайды. 5. Онда өнер қайраткерлеріне «Еңлікгүл» ...

беріледі. 6. Жеңімпаздарды ... анықтайды. 7. Қазылар алқасының құрамында ... бар. 8. Қазылар алқасының ... жеңімпаздарға сыйлық беріледі.

Қажетті сөздер: театр күнінде, көкейтесті, қазылар алқасы, жеңімпаздарға, кәсіби шешімімен, өнертанушылар, сыйлығы, өткізіледі.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінде берілген ойға қатысты өз көзқарасыңды айт. Ойыңды дәлелде.

Мәтіндегі ой Ұйымдастырушылар жыл сайын түрлі фестиваль-дар өткізеді.	**Себебі**	**Мәтіндегі ойды дәлелдеу** ... ...
Мәтіндегі ой Сыйлық «Еңлікгүл» деп аталады.		**Мәтіндегі ойды дәлелдеу** ... ...

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, қазір өнер саласында қандай көкейтесті мәселелер бар?
2. Не себепті ол көкейтесті мәселеге жатады?
3. Театр фестивальдарын өткізу керек пе? Ойларыңды дәлелдеңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Театр фестивальдары театр өнерін түсіндіруді, өнердің қасиеті мен құдіретін ұғындыруды көздейді. Ол драматургтер мен әртістерді ынталандырады. Сыншылар мен өнертанушылар көкейтесті тақырыптағы қойылымды таңдайды. Қазылар алқасының шешімімен сыйлық беріледі.

7–8-
сабақ

Тарихи шығарманы сахналау

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
тұтқынға түсу, танытқан, сахналады, майталман, қаламгер, қастерлеймін, меңгеретін, қызмет ету, үлес қосу, елші жіберу, шиеленісті шешу

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретте не бейнеленген. Қалай ойлайсың, бұл — не? Қандай мақсатта дайындалған? Қазақ тарихындағы қандай тұлғаларды білесің? Олар театр қойылымдарында, кино түсірілімдерінде сомдалған ба?



ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Мәтінде қай театр туралы айтылды?
3. Бұл театр қандай тарихи драманы сахналады?
4. Драманың авторы — кім?
5. Драманың қоюшы режиссері — кім?
6. Тарихи драмада кімнің бейнесі сомдалады?

Белгілі режиссер Болат Ұзақовтың «Ақжүніс-Астана» журналының тілшісіне берген сұхбаты





ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

— Сіз басқа режиссерлер секілді пьеса, инсценировка жазасыз ба?

— Қазақ театрын әлемге танытқан — инсценировка. Оны дамытқан — режиссер Әзірбайжан Мәмбетов. Ол Ш.Айтматовтың «Ана-Жер ана», «Ғасырдан да ұзақ күн», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» және т.б. шығармаларды сахналады. Үлкен полотнолар

тудырды. Сол арқылы режиссер ретінде өзі де әлемге танылды, қазақ театрын да биік белеске көтерді.

Пьеса жазу үшін драматургияның не екенін, оның заңдылықтарын білу керек. Пьесаның не екенін білмей, бір пьеса оқымай, драматургияға баруға болмайды. Дулат Исабеков, Әкім Таразилер — драматургияның майталмандары. Бұл қаламгерлер — драматургияның биік белесіне шыққан қаламгерлер.

— *Тарихи шығармаларға ерекше қызығатын сияқтысыз.*

— Ол рас, қазақ тарихына ерекше қызығамын. Өйткені өз ұлтымды ерекше жақсы көремін, өзге ұлттарға ұқсамайтын қасиеттерін қастерлеймін. Қазақ ұлты — қабілетті, нені болса да, тез меңгеретін, ерекше талантты ұлт. Осындай ұлы халықтың адал ұлы ретінде еліме қызмет етіп, өз үлесімді қосқым келеді. Өз-өзіңе: «Бұл өмірде не істедім?» — деп сұрақ қойғанда жауабыңа өзің аз да болса қанағаттануың керек қой... Сондықтан менің мақсатым — ұлтымның тарихын сахнада бейнелеу. Тарихи шығарманы сахналау өте қиын. Ол үшін ұзақ іздену, көп оқу керек.

— *«Абылай ханның арманын» қойдыңыз. Абылайдай тарихи алыпты сахнаға шығару үшін жүрекжұтқан батыр болу керек шығар...*

— Театрдың «батыры» болу керек... Абылай ханды бұған дейін мықты режиссерлер сахнаға шығарды. Мен оларды қайталамауым керек. «Абылай қазақтың ел болуына еңбек сіңірді», — дейміз. Ал қандай еңбегі бар? Нақты не істеді? Ол мықты саясаткер болған. «Абылай» деген екі томдық тарихи-деректі кітапты тауып оқып, зерттедік. Үш жүздің басын қалай қосқаны, елді қалай аман сақтағаны, Қытайға, Ресейге қалай елші жібергені, шиеленістерді қалай шешкені... — бәрі анық жазылған. Нақты құжаттармен берілген. Мұнда Абылайдың даналығы, көшбасшылығы, саясаткерлігі, батырлығы дәлелді жазылған. Қойылымда Абылайдың осы образын сомдауды көздедік.

— *Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыс тілеймін!*

Сұхбаттасқан — Сәуле Әбединова
«Ақжүніс-Астана» журналынан

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңмен пікір алмасыңдар.

1. Сұхбатқа кім қатысқан?
2. Сұхбат не туралы?
3. Сен журналист болсаң, режиссерге тағы қандай сұрақ қояр едің?

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төмендегі тақырыптарды мәтіннің азатжолдарымен сәйкестендір. Себебін дәлелде.

I. Атақты өнер қырандары II. Ханның образын сомдау III. Жазушылардың еңбектері IV. Қазақты әлемге танытқан режиссер V. Қазақтың адал ұлының мақсаты VI. Театр сыншыларының шешімі VII. Майталман драматургтер	Азатжол A Азатжол B Азатжол C Азатжол D

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма. Мәтінді оқып, әр азатжолға тақырып қой, идеясын айт.

	1-азатжол	2-азатжол	3-азатжол	4-азатжол
Азатжолдың тақырыбы				
Азатжолдың идеясы				

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып, жаз.

1. «Абылай ханның арманы» атты тарихи драма — ... Д. Рамазанның шығармасы. 2. Қойылымды режиссер Болат Ұзақов ... . 3. Шығарма Абылай ханның жоңғардың ... кезінен басталады. 4. Қойылымда режиссер ханның ... көрсетеді. 5. Сонымен қатар Қытайға, Ресейге ... көрсетеді.

Қажетті сөздер: сахналады, қаламгер, елші жібергені, шиеленісті шешуі, тұтқынға түскен.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Сұхбат мәтініндегі әр азатжолдан негізді ойды анықтап, ықшамдалған мәтін құрастыр.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұхбат мазмұны бойынша нақты сұрақтарға жауап бер. Жауапта жаңа сөздерді қолдан.

1. Әзірбайжан Мәмбетов — қандай режиссер?
2. Ол кісі несімен танымал?

3. Пьеса жазу үшін драматург не істеуі керек?
4. Д. Исабеков, Ә. Тарази — кімдер?
5. Б. Ұзақовты тарихи шығармалар неге қызықтырған?
6. Абылай ханды сомдауда Б. Ұзақовтың басқа режиссерлерден ерекшелігі неде?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Топтық жұмыс. Тарихи шығарманы сахналауда режиссер нені білуі керек? Мәтіннен режиссердің көзқарасын тауып, жазыңдар. Келесі торға өз көзқарастарыңды дәлелдеп жазыңдар. Тұсаукесер жасаңдар.

Тарихи шығарманы сахналаудағы режиссердің көзқарасы	Менің/біздің көзқарасым/ыз
	1. Тарихи шығарманы сахналау үшін сол кездегі халықтың өмірін білу керек; 2. ...

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды талқылап, диалог құрыңдар.

1. Осы тақырыптан қандай режиссер туралы білдіңдер?
2. Оның қандай қойылымы туралы ақпарат алдыңдар?
3. Бұл қойылымда қандай атақты тұлғаның бейнесін сомдаған?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдан өзіңе қандай ой түйдің?

Есте сақта!

Ә. Мәмбетов театр режиссері ретінде әлемге танылды, қазақ театрын биік белеске көтерді. Театр режиссері — Б. Ұзақов өз ұлтының асыл қасиеттерін қастерлейді. Ол Абылай хан туралы тарихи шығарманы сахналады.

9–10-сабақ

Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
арнау, пікір, мақсат қою, бақыт, күресу, ылғи, қуаныш, сәттілік, азап/азап шегу, мақсатқа барар жол, рақат, жеміс, қалауымызша

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Драматург-жазушы Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы — оның үздік шығармаларының бірі. «Әпке» драмасы — сахналық қойылымға арналған шығарма. Ол М. Әуезов атындағы драма театрда 1978 жылы тұңғыш рет қойылған. Содан бері әлі сахнадан түскен емес.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Аудиомәтін

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Дулат Исабековтің қандай шығармасы туралы айтылады?
3. Драманың негізгі кейіпкері — кім?
4. Қамажай неге жалғыз қалады?
5. Өз өмірін ойламай, бауырларын өсірген адамның жалғыз қалғаны — әділдік пе?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Әпке

(үзінді)

Қатынасушылар: Қамажай, Темірбек — Қамажайдың бауыры, Кәмила — Темірбектің сүйген қызы, Сұлтан — Темірбектің досы, Светлана — Кәмиланың құрбысы.

Үйге Темірбек, гитара көтерген бір жігіт пен екі қыз келеді. Бәрі көңілді.

Темірбек: Мамуля, бүгін — менің досым — Сұлтанның туған күні.

Қамажай: Темірбек-ау, мынауың ... Ерте неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Тым болмаса, телефонмен айта салсаң етті!

Темірбек: Ничего, ничего, мамуля. Ал, Сұлтан, бұл кісі — менің әпкем, өзім «мамуля»

деймін. Ал мына екі қыз — Кәмила және Светлана. Мы все уже знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

Темірбектің әпкесі Қамажай стол жасайды. Бәрі столға отырады.

Қамажай: Ал туған күнің құтты болсын! Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал өздерің отырыңдар. Мен барып котлет... імм... тамақ дайындайын.

Шығып кетеді. Қамажай тамақ әкеп, столға қояды. Кәмила сөйлеп отыр.

Кәмила: Біздің өз пікіріміз болуы керек. Өз пікірі, өз ойы болмаса, адам алдына ешқашан мақсат қоя алмайды. Демек, ол өз бақыты үшін күресуді білмейді.

Сұлтан: Ал сен өзің білесің бе?

Кәмила: Иә, мен өз бақытым үшін күресе аламын.

Сұлтан: Ал сен өзің «бақыт» дегеннің не екенін білесің бе?

Кәмила: «Бақыт» деген ... — ылғи қуаныш, ылғи сәттілік емес. «Бақыт» деген — азап.

Темірбек: Аз-зап? ... *(Күледі)*.

Кәмила: Иә. Бірақ ол үлкен мақсатқа барар жолдағы азап. Циолковский, Достоевский, Королев... Қалай ойлайсыңдар, «солардың бәрі рақат өмір сүрді», — дейсіңдер ме? Олардың бүкіл өмірі азаппен өтті. Адамзат үшін, ғылым үшін азап шекті, күресті. Міне, «бақыт» деген — сол. Сол күрес пен жеңістің жемісі — мына біз. Біз қалауымызша өмір сүруге тиіспіз.

Светлана: Менің атам, 18-жылы Ақтөбеде ақтармен шайқаста қаза тауыпты. Әкем Отан соғысында Сталинград түбінде қаза тауыпты. Балалардың бақыты үшін қаза тауыпты. Енді ... енді біз неге бақытты өмір сүрмейміз? Екі ұрпақ қаза тапқанда келмейтін ол — не деген бақыт?!

Дулат Исабеков

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарды талқылап, жауап бер.

1. Үзіндіде неше кейіпкер бар?
2. Үзіндіні оқып, Қамажайдың образын толық ашуға бола ма?
3. Қамажайдың сөзінен оның қандай адам екенін байқауға болады?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтінді оқыңдар. Бақыт туралы кейіпкерлердің көзқарасы дұрыс не дұрыс еместігін талқылап, дәлелдеңдер. Бақыт туралы өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

1-жұп: Кәмиланың ойынша, ... Біздің ойымызша, ...	2-жұп: Светлананың ойынша, «бақыт» деген— ... Біздің ойымызша, «бақыт» деген — ...

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бақытты болудың дайын формуласы бар ма?
2. «Қалауымызша өмір сүру» дегенді қалай түсінесің?
3. Біз қалауымызша өмір сүрсек, бақытты боламыз ба?
4. Бақытты болу үшін не істеу керек?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. Бақытты болу үшін керек қасиеттерді/мінезді/білімді/жұмысты және т.б. анықтаңдар. Адамның сұлбасын салып, оның ішіне анықтаған қасиеттерді және т.б. жазыңдар. Тұсаукесер жасаңдар.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға ойланып жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Үзіндінің негізгі идеясы, ойы қандай?
2. Қандай адамзаттық проблема көтерілген?
3. Алдыңа қойған мақсатың бар ма? Мақсатты не үшін қойдың?
4. Сен үшін «бақытты болу» деген — не?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай жаңа ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады/ұнамады?

Есте сақта!

Өз пікіріміз болуы керек. Өз пікірі, өз ойы болмаса, адам алдына ешқашан мақсат қоя алмайды.

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Өткен сабақтардан білгеніңді, үйренгеніңді жаз.

Қазақстанның мәдени өмірі туралы білгенің	Сен білетін шебер режиссерлер	Сен танысқан театр фестивалі	Тарихи шығарманы сахналауға қажет қасиет	Д.Исабековтің «Әпке» драмасындағы негізгі ой

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Дәптеріңе театр билетінің суретін сал. Осы сабақтардан алған қандай білімдерді театрға алып барар едің? Билеттің ішіне жаз.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Театр фестивальдары не мақсатпен өткізілетінін дәлелдеп айт. Ойыңды айтуда төменде берілген сөздерді пайдалан.

Қасиет, құдірет, қойылым, түсіндіру, ұғындыру, ынталандыру, насихаттау, сол үшін, таңдау.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Гүлтізбек» топтық жұмысы. Жаныңдағы көршіңнің иығына қолыңды қойып, осы сабақтардан алған жаңа ақпараттар мен идеяларды айт. Топ бір бағытта осылай жалғастырады.

© Оқулықтың электрондық нұсқасы

1–2-
сабақ

Ұлттық экология бастаулары

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- аудиомәтіннің үзінділері бойынша болжам жасау;
- мәтінде қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- мәтінге сүйеніп, монолог, диалог құру;
- сөз әдебі мен сөйлеу әдебі формаларын орынды қолдану;
- мәнерлеп сөйлеу;
- мәтіндердің стилін ажырату;
- тезис жазу, сұхбат құру;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құру, тірексызба жасау;
- сан есімнің түрлерін мәтін құрауда орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
ғалам, экожүйе, тәртіп, Жер ана, өркениет

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, сабақта қандай мәселелер туралы айтылатынын болжап айт.









АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Бес топқа бөлініңдер. «Сөзмоншақ». Сызба бойынша экология мен табиғат құбылыстарының байланысын мәтін түрінде айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Табиғатты қорғау, аң-құсқа қамқорлық жасау жайындағы қандай көркем туындыларды (көркем шығарма, фильм, ән және т.б.) білесің? Сызбаға жаз. Олардың мазмұнын қысқаша айт.



© Ғылым ордасы

ТІЛДІК БАҒДАР

САН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сан есім — заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады, заттанғанда көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі.

Сан есімдердің жасалуы:

- ***есептік сан есім*** өзге сан есімдердің жасалуына негіз болады (бір, екі);
- ***реттік сан есім*** есептік сан есімдерге ***-ыншы, -інші*** (бір+***інші***, екі+***нші***) жұрнағы жалғану арқылы;
- **жинақтық сан есім** бірден жетіге дейінгі есептік сан есімге ***-ау, -еу*** (бір+***еу***, алт+***ау***) қосымшасы жалғану арқылы;
- ***топтық сан есім -дан, -ден, -тан, -тен*** (алты+***дан***, жүз-жүз+***ден***) қосымшалары жалғану арқылы жасалады.
- ***болжалдық сан есім*** есептік сан есімге көптік жалғауы қосылуы (*қырықтарда*, *үштерде* т.с.с.), ***шамалы, шақты, жуық*** және т.б. сөздер тіркесуі арқылы (***жүз шақты, елуге жуық, отыз шамалы*** т.с.с.) жасалады;
- ***бөлшектік сан есім*** — заттың бөлшектік санын білдіреді, бүтіннің бөлшегі, *шығыс септік* жалғауы мен *тәуелдік жалғаулы* сөздің тіркесінен (*оннан екі бөлігі*) жасалады.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Туынды сан есімдерді қолданып, Қазақстан экологиясына қатысты алты сөйлем құрап жаз.

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. Аңызды тыңда.

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Жоңғар шапқыншылары», «жұрт», «шабуыл», «бейкүнә» сөздерінің қандай синонимдері бар?
2. Мәтінде не туралы айтылған?
3. Оқиға қай кезеңде болған?
4. Төле би — кім? Оның даналығы неден көрінеді?
5. Осы аңыздан тақырыпқа қатысты қандай ой түюге болады? Болжам жаса.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Тыңдалған аңыз бойынша Төле би мен дала заңы туралы ой түйінін бүгінгі сабақтың тақырыбымен байланыстырып жаз.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы.

III-XI ғасырлар шамасында Қазақстан мен Орталық Азияны мекен еткен түркі тайпаларының экологиялық әлемі өте нәзік болды. Олар барынша табиғат жағдайына бейім еді. Одан беріде, 5-6 ғасырға жуық бұрын Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде қазақ халқының **табиғатты бақылау қабілеттері** мен оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап айтады.

Қазіргі кезде, экологиялық мәселелер бүкіл адамзат баласын ойландырып отырған кезде, қазақтың да бұл бағытта қалдырған тағылымдық та, тәрбиелік те мәні зор асыл мұраларына ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр.

Қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі, оны көздің қарашығындай сақтауы жайында асыл мұралар даналық сөз түрінде, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз әңгіме, **ырымдар** мен тыйым сөздер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған.

Қазақ халқы — **сакральды дүниетанымға** ие халық. Ертеден-ақ қазақтар табиғаттың өзгеше құбылыстары мен туындыларын киелі, қасиетті санаған. Оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын қатаң тәртіп түрінде бекіткен. Сонымен бірге табиғат пен адамды бір-бірінен бөлуге болмайтын бүтін **экожүйе** ретінде қараған. Сондықтан қазақтарда «жабайы табиғат» деген түсінік жоқ, керісінше, «Табиғат ана» ұғымы ертеден қалыптасқан. «Адам табиғаттан керегін ғана алып, қалғанына зиянын тигізбеуі тиіс» деп есептеген. Халық табиғаттағы қастерлі құбылыстар мен мекендерді «Әулие бұлақ», «Әулие ағаш» деп атап, оларды көздің қарашығындай қорғап отырған. Ал қарлығаш, аққу, ұлар, үкі және т.б. құстарды «жақсылықтың жаршысы», «бақыттың белгісі», «сұлулықтың символы» санап, ұясын бұздырмаған, балапанын өлтіртпеген. «Аңдарды төлдеу алдында, төлдеген кезінде атуға болмайды, киесі ұрады» деп есептеп, оларға да мылтық кеземеген.

Халық даналығында қазақ халқының табиғатқа жанашырлық қасиетін танытатын аңыз әңгімелер жүздеген жыл бойы айтылып келеді. Әлі күнге дейін «табиғат» деген сөз «Жер ана», «туған жер», «атамекен» түрінде айтылып келуі — соның белгісі. Осыған орай нақыл, даналық сөз де көп.

Заманауи ғылым бүгінде табиғат құбылыстары, заңдылықтары, байлықтарының бірбірімен тығыз байланысты екенін толық дәлелдеп отыр. Ал қазақ дүниетанымында бұл тұтастық көне дәуірлерден бері қарай айнымас тәртіпке айналған. Сол себепті экологиялық мәдениеттің тамыры көне дәстүрлерде.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақтардың ата-бабалары көшпелі **өркениет** өкілдері ретінде ұрпақтарына қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениетін, табиғатқа, ғарышқа, жалпы ғаламға, оның заңдарына деген сый-құрметті, «Табиғат пен адам біртұтас» деген танымды мұра етіп қалдырды. Сондықтан бұл ұғымдар түркілердің, олардың ұрпақтары — қазақтардың материалдық және рухани, соның ішінде экологиялық мәдениетінің де алтын өзегі, **асыл бастаулары**.

Ә. Қайратқызы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша тезис жаз. Тірек сөздер мен терминдерді анықтап, мағынасын айт. Мәтіннің қай стильде жазылғанын дәлелде.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді тауып жаз, қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қатыстырып, мәтіннен түсінгеніңді қысқа тезис түрінде жаз.

Ғалам, сакральды дүниетаным, экожүйе, тәртіп, Жер ана, өркениет, асыл бастаулар.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған? Мәтінге қандай ат қояр едің?
2. «Сакральды дүниетаным» дегенді қалай түсінесің?
3. Қазақтар неге табиғатты, Жерді «ана» деп атайды?
4. «Әулие» деген сөз нені білдіреді?
5. Қазіргі ғылым мен қазақтың ежелден келе жатқан қағидаларының арасында қандай байланыс бар?
6. Көшпелі халық өз ұрпағына қандай мұра қалдырды?

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіндегі мына сөйлемдердегі ойды жалғастырып, өз пікіріңді жаз. Төле биге байланысты жоғарыда оқылған мәтіндегі ақпаратты да кіріктір.

Қазіргі қазақтардың ата-бабалары көшпелі өркениет өкілдері ретінде ұрпақтарына қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениетін, табиғатқа, ғарышқа, жалпы ғаламға және оның заңдарына деген сый-құрметті, «Табиғат пен адам біртұтас» деген танымды мұра етіп қалдырды. Сондықтан бұл ұғымдар түркілердің, олардың ұрпақтары — қазақтардың материалдық және рухани, соның ішінде экологиялық мәдениетінің де алтын өзегі, асыл бастаулары.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, диалог құрыңдар. Тілдесімге тірек болатын жағдаятты, соған сай сөйлеушілердің рөлін өздерің ақылдасып, анықтаңдар. Диалогте сөз әдебі орамдарын қолданыңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

15-тапсырма. Қашаған ақынның өлеңін мәнерлеп оқы. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері — әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті мазмұнға сай қолдан.

Жаның сая табатын
Орман болған бұл ағаш.
Қорыққанда **жалғызға**
Қорған болған бұл ағаш.
Қолы алтын шеберге
Кәсіп болған бұл ағаш.
Нәрестеге бейкүнә
Бесік болған бұл ағаш.
Найзасына батырдың
Сап та болған бұл ағаш.
Кәрі менен **жесірге**
Қуат болған бұл ағаш.

АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. Қашаған ақын өлеңінің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңде не туралы айтылған?
2. Өлеңнің идеясы қандай?
3. Қою қаріппен жазылған сөздер қандай мағынаны білдіреді?

ЖАЗЫЛЫМ

17-тапсырма. Өлең мазмұнына сүйеніп, «Ағаш» диаграммасын жаса. Ағаштың адамға пайдасын айтып, толықтыр (мысалы: Шаршағанға көлеңке, сая болған бұл ағаш). Өлеңде қазақ халқының қандай экологиялық танымы көрінетінін тұжырымдап жаз.



ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

18-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Зерттеушілер ежелгі қазақтардың ғаламды, табиғатты бақылау қабілеті мен қасиеттерін атап көрсеткен. Қазақтың дүниетанымы — сакральді дүниетаным. Олар табиғаттың ерекше құбылыстарын киелі санаған, «Жер ана», — деп құрметтеген. Экожүйені қорғауды қатаң тәртіп ретінде негіздеген. Киелі құстар мен төлдейтін аңға мылтық кеземетен.

3–4-сабақ

Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
наным-сенім, зардап, тыйым сөздер, нұқсан, өзгеріс

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Ойтүрткі». Берілген сурет пен ұғымдардың бірлігінен сабақтың тақырыбын анықта.



1) Рұқсат етілмеген іс-әрекет немесе...
2) Табу сөздер

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Тыйым сөздерді жаз, мағынасын ашып түсіндір.

- ***Суға байланысты тыйым сөздер:***
  «Суға түкірме», «суды лайлама», «түнде суға барма» және т.б.
- ***Өсімдікке байланысты тыйым сөздер:***


«Көкті жұлма», «Көкті таптама», «Ағашты кеспе» және т.б.

- ***Жан-жануарға қатысты тыйым сөздер:***
  «Құмырсқаның илеуін бұзба», «Құстың ұясын бұзба», «Аққуды атпа» және т.б.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретте берілген табиғат құбылыстарына қатысты қазақтың тыйым сөздерін тауып, жазыңдар.








МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтінге сүйеніп, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Кез келген саналы ... (халық, адамдар) қоғамы нақты бір заңдылықтарға, белгілі бір .... (тәртіп, қатынас) ережелеріне бағынады. Ғасырлар бойы ... (жасалатын, қалыптасатын) ережелер салт-дәстүрде, наным-сенімде көрініс тауып отырады. Тыйымдар әлеуметтік ортаға ... (қиындық, зардап) әкелмеуге, табиғат анаға ... (нұқсан, кедергі) келтірмеуге шақырады. Тыйымның негізінде халықтың ... (дүниетанымы, наным-сенімі) жатады.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұрақ-жауап түрінде диалог құрыңдар.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Табиғатқа қатысты тыйым сөздер

«Тыйымсыз елдің жасы жүгенсіз», — деп айтылатын қазақ мәтелінің астарында қоғамдық-практикалық тәжірибеден туған ой-тұжырым (концепция) бар.

Тыйым сөздердің басым бөлігі ғаламдағы табиғат пен адамның қарым-қатынасына арналған. Ата-бабаларымыз табиғат сырын терең тануға құштар болды. Бұл — халықтың өмір-салтына **өзгеріс** әкелді. Сөйтіп, ізгілікті ортаның қалыптасуына қызмет етті. Табиғатқа қатысты тыйымдардың қатарына қоршаған ортаға, жануарлар дүниесіне, өсімдік әлеміне, аспан денелеріне қатысты әрекеттері мен сөздерін жатқызуға болады. Мысалы, «Жұлдызды санама», «Айға қарап қолыңды шошайтпа», «Көкті жұлма», «Күн шыққан соң ұйықтама», «Бейуақытта жатпа» және т.б.

Сондай-ақ «жылан» демей, «қамшы» дейтін, «қасқыр» демей, «ит-құс», «көкжал», «бөрі» деудің орнына «ұлыма» дейтін, «арыстан» демей, «аң патшасы» дейтін, «бүркіт» демей, «құс төресі» деген секілді сөздер де табиғатқа қатысты тыйымға жатады. «Олардың атын тікелей атауға болмайды» деген түсінік бар. Мұндай тыйым сөздер қазіргі лингвистикада, ғылым тілінде «табу сөздер» деп аталып жүр.

Адам қоғамы табиғатқа бейімделу арқылы ғана өзгеріс жасай алады. Ал табиғат ешқашан адам қоғамына бейімделмейді. Кең далада мал баққан, қыран құс, құмай тазы ұстаған елдің өкілдері Жер анаға **зардап** әкелмеген. Даланың сұлулығына **нұқсан** келтірмеген. Аңның әрекеті мен құстың ұшуына қарап, табиғаттың құбылуына қатысты болжам жасаған. Осылайша, көшпелі елдің мәдениетінде дала заңы пайда болған. Оны еш жерде хаттап, арнайы жазбаса да, ұрпағына қалдырған. Табиғатпен арадағы ізгі қатынастың орнауына құрал етіп қолданған.

Жалпы алғанда, қазақтың дәстүрлі тыйымдарын адамға, қоғамға, табиғатқа қатысты топтастыруға болады. Әрбір тыйымның астарынан халық даналығы танылады. Тыйым сөздердің мән-мағынасын жан-жақты түсінген адам үшін табиғаттың тылсым сыры ашылып, оның **экожүйесінің** бір қырын түсінуге жол ашылады.

Б. Айдарұлы

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырат. Тыйым сөздердің жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы өз ойыңды дәлелдеп айт.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша конспект жаз. Өзіңе ерекше ұнаған сөйлемдерді көшіріп ал. Қою қаріппен жазылған сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар. Ол үшін алдын ала 3 сұрақтан жазып дайындаңдар. Диалогтің бірі — мамандар арасындағы пікір алмасу; екіншісі — атасы мен немересінің сөзі болсын. Екі диалогтің тілдік құралдарына талдау жасаңдар. Қай жұптың жұмысы қызық болғанын сынып бағаласын.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қазақ халқының аспан әлемін тануы туралы ой қорытыңдар.

Табиғатты аялап, қызықтарын көре білген халқымыз табиғат заңдылықтары мен сырлы сырын да жақсы білген. «Ай қораланса, арбаңды сайла, күн қораланса, күрегіңді сайла», — деп, күн райының құбылуын Ай бетіне, Күн жүзіне, жұлдыздарға қарап болжаған. Ай шалқайып туса: «Өзіне жайлы, шаруаға жайсыз», — деп, ол айда жауын-шашыны мен желі көп, құбылмалы ауа райы болатынын алдын ала біліп, күнделікті тұрмыста қолдана білген. «Түнде жұлдыз жиі көрінсе, күндіз ашық болады», «Жатқанға дейін Үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі қалды?» — деп, көктемнің келуіне байланысты ауа райының құбылыстарын күні бұрын болжап, жыл мезгілдерінің кезеңдерін айқындаған, жақсылыққа жадырап, әсем табиғатты әдеппен қорғаған.

А. Серік


АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Сұхбат». Парталас досың — этнограф-жазушы, ал сен «биология» мамандығының 1-курс студентісің. Өсімдік әлемі, жануарлар дүниесіне қатысты тыйым сөздер туралы сұрақ қой. Ол үшін екеуің бірігіп, әртүрлі ақпарат көздерінен қызық мәлімет табыңдар. Солардың негізінде сұрақ әзірлеңдер. Сұхбаттарыңды сыныптың алдында қорғаңдар. Сынып ең үздік сұхбаттасушы жұпты анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Диаграмманың екі жағына табиғатқа қатысты мақал-мәтел мен тыйым сөздерді жаз. Ортасына өзіңнің тұжырымыңды жаз.

Табиғатқа қатысты Венн диаграммасы



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Оқы. Тыйым сөздер мен ырымдарды ажырат.

- Айды қолыңмен көрсетпе.
- Бейуақытта жатуға болмайды.
- Ай сәулесін бетіңе түсірме.
- Ай толғанда көшпе.
- Суды тұрып ішуге болмайды.
- Дәуітке тиіспе.
- Тамақты жатып жеуге болмайды.
- Үйге қарай жүгіруге болмайды.

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, «Қазақтың табиғатқа қатысты ырымдары мен тыйымдары» тақырыбында шағын реферат (300-350 сөз) жаз. Рефераттың сыртқы бетін, жоспарын, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімде.

© Мектеп-Баспа-Қазақстан

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай жаңа ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады/ұнамады?

Есте сақта!

Тыйым сөздердің басым бөлігі табиғат пен адамның қарым-қатынасына арналған. Ата-бабаларымыз табиғаттың сырын терең тануға құштар болды. Бұл — халықтың өмір-салтына өзгеріс әкелді. Кең далада мал баққан, қыран құс, құмай тазы ұстаған елдің өкілдері Жер анаға зардап әкелмеген. Даланың сұлулығына нұқсан келтірмеген.

Тыйымның негізінде халықтың наным-сенімі жатады. Әр қоғамдағы салт-дәстүрдің кісілік қалыптары, діннің, заңның, яғни кең мағынасындағы мәдениеттің негізі тыйым сөздер арқылы қалыптасады. «Тыйымсыз елдің жасы жүгенсіз» деген қазақ мәтелінің астарында қоғамдық-практикалық тәжірибеден туындаған ой-тұжырым (концепция) бар.

5–6-сабақ

Экология және кәсіби маман мәдениеті

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
қуаңшылықтың артуы, өршу, жойқын, қондырғы орнату

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қоршаған орта» дегенді қалай түсінесің?
2. «Экология» сөзінің этимологиясын білесің бе?
3. «Қорық» деген — не?
4. Осы уақытқа дейін ата-анаңнан, ата-әжеңнен қандай тыйым сөздерді естідің?
5. Қандай ырымдарға сенесің?

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Өлең шумағын тыңда.





АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Өлең не туралы?
2. Дархандық — қандай қасиет?
3. Бабаларымыз табиғаттан не алған?
4. Өлеңде жел ненің белгісі ретінде берілген?

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңде адам мен табиғаттың байланысы қалай ашылған? Ойыңды айт. Өлеңдегі *дала, жел, көл* сөздеріне қатысты тыйым сөздерді тауып, жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы.

Экология мәселелері — жеке бір халықтың, ұлттың мәселесі емес, ол қазіргі кезде **ғаламның мәселесіне** айналып, **өршіп тұр**. Өйткені Жер шары — бүтін бір әлем. Оны адамдар мемлекеттік шегаралармен бөліп тастағанмен, **жаратылыс заңы** оған бағынбайды. Сондықтан да ғаламдық экологиялық мәселелер ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық мәселелер кешені болып саналады. Мысалы, ұлттық экологиялық мәселе ретінде Арал теңізінің суы тартылып, апатты аймаққа айналуын айтуға болады.

Қазіргі таңда теңіздің түбі құрғап қалды. Сол теңіз түбіндегі зиян тұзды шаңдар желмен ғаламға тарап отыр. Бұл тұздар ауаны ластап, **қышқыл жаңбырлардың** тууына әсер етеді. Экологияның ғаламдық мәселеге айналуы ауаның ластануымен тікелей байланысты. Себебі ауаның мемлекеттік шегарасы жоқ, сондықтан атмосферадағы ауаны қорғау ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Зор геосаяси мәселенің экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің **жойқын бүлінуі**, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы, қоршаған орта мен судың ластануы, **қуаңшылықтың артуы** және т. б. Олар барлық елдің қатысуымен, БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) басқаруымен шешілуі мүмкін.

Қазіргі таңда ұлттық және ғаламдық экологиялық мәселелерге мұхит, теңіз суларының мұнай қалдықтарымен ластануы да жатады. Соның салдарынан судағы тіршілік көзі жойыла бастайды. Мәселен, балықтар мен итбалықтардың қырылуы — осының дәлелі. Мұндай мәселелердің **алдын алу** үшін, ең алдымен, жеке адамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру шарт. Жерасты немесе жерүсті байлықтары қай жерде өндірілсе де, кім өндірсе де, мамандардың табиғатқа деген **шынайы қатынасын** қалыптастыру — өзекті мәселе. Сондықтан маманның тек кәсіби біліктілігін ғана емес, азаматтық көзқарасын, экологиялық мәдениетін жетілдіруге мән беру қажет. Мысалы, мұнай өндіру барысында құралдарға арнайы сүзгілер мен **ауаны тазарту қондырғыларын** орнату қажет.

Қазір адамзаттық деңгейде экология мәселесіне кеңінен көңіл бөлініп, көптеген жұмыс жүргізіліп жатыр. Тіпті экологияны бұзғаны, ластағаны үшін айыппұл мөлшері де тағайындалып, оның қалыпқа келуіне назар аударылуда. Бірақ ешқандай айыппұл

адамның бойындағы табиғатты сүю, құрметтеу секілді адами қасиеттердің орнын толтыра алмасы анық. Сондықтан, ең алдымен, жеке адамның, кәсіби маманның экологиялық мәдениетін дамыту арқылы ғана ғаламның экологиялық мәселесін шешу мүмкін болмақ.

Е. Өзіхан

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөз тіркестерінің мағынасын анықтап, сөздік жұмысын жаса.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Төмендегі тақырыптарды мәтін мазмұны бойынша реттеп, түсінгеніңді айт. Ойыңды суреттегі көріністермен байланыстыр.

- *Мамандық: кәсіби білік және экологиялық мәдениет*
- *Жаратылыс заңы және экология проблемасы*
- *Маманның экологиялық мәдениетінің маңызы*
- *Ғаламда өршіп тұрған экологиялық мәселелер*
- *Экология — кісілік мәдениеттің мәселесі*
- *Арал теңізінің жойқын зардаптары*
- *Қуаңшылықтың артуы — ғаламдағы экологиялық мәселе*

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Рөлдік ойын. «Экологпен сұхбат». Мәтін мазмұны бойынша журналист пен экологтің диалогін құрыңдар. Жаңа сөздерді қолданыңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқы. Экология зардабы туралы түсінгеніңді айт. Сан есімнің түрлерін ажырат.

Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша,экологиялық фактор адам патологиясы пайда болу себебінің 25 %-ын құрайды. Экологияға байланысты ауруға жататындар: бірінші топта — эндемиялық аурулар, табиғи-ошақтық инфекциялар, радиация және биологиялық аллергеннің әсеріне байланысты аурулар. Екінші топта — экологияға тікелей тәуелді аурулар, ерекше сипаты жоқ аурулар едәуір өзгерген сыртқы ортада пайда болады.

Денсаулық сақтау саласындағы қазіргі жағдай: Шығыс Қазақстан облысында тұрғындардың жалпы сырқаты соңғы 2 жылда 3 %-ға, біріншілік сырқат 5,2 %-ға жоғарылады. Ауру деңгейінің өсуі тұрғындардың барлық тобында байқалды: балаларда 4,5 %, жасөспірімдерде 7,2 %, ересектерде 2,2 % жоғарылаған.

1994-1997 жылдары жүргізілген зерттеулер бойынша, полигон ауданындағы радиациялық фон 11-25 мкр/сағатқа тең. Сонымен бірге полигон территориясында радиоактивті ластанған локальді аймақтар бар екені анықталған. Жеке алғанда, «Тәжірибе алаңы» ортасында 15000 мкр/сағатқа дейін, «Балапан» көлінде 11000 мкр/сағат көрсетілген. 711 тұрғылықты пункт аймағында локальді радиоактивті жауын-шашын шамамен 1,5 млн адамның сәулеленуіне әкелді.

Ғаламтор материалдарынан

ОҚЫЛЫМ

10-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен мазмұнын түсін.

Неден қорқам?...

...Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам.
Дос болып, бірге жүріп, қастық етіп,
Тысына қайшы келген іштен қорқам...
Көруге бек әдемі болса-дағы,
Құбылма тез оңатын түстен қорқам.
Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.
Істері адамдыққа жанаспаған,
Жануар — екі аяқты аңнан қорқам.
Табиғат заңы, жолы өзіне хас[1],
Ешкімнің жетегіне жүрмек емес.
Адаспа, андық етпе, адам ұлы,
Көрінген о бір сағым көзіңе елес.

Ғұмар Қараш

хас[1] — «дұрыс», «жөн» дегенді білдіреді.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңнің басты идеясы қандай?
2. Ақын қорқатын нәрселердің қайсысы экологиямен байланысты?
3. Өлеңнің қай жолдарында ғаламдық мәселелерге қатысты ой айтылған? Пікіріңді дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Оймоншақ». Сынып төрт топқа бірігеді. Ортаға ғаламдық экология мәселелеріне байланысты бірнеше сурет төңкеріліп тасталады. Топ басшысы солардың бірін таңдап алады. Топ сурет бойынша мәтін құрайды. Мәтінге ат қояды. Сан есімнің түрлері мен жаңа сөздер қамтылуы тиіс. Ең мағыналы, жүйелі, дұрыс, сауатты құрылған мәтін иелері «жеңімпаз» атанады.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

Есте сақта!

Экологияның жойқын зардаптарының алдын алу үшін, ең алдымен, жеке адамдардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру шарт. Жерасты немесе жерүсті байлықтары қай жерде өндірілсе де, кім өндірсе де, мамандардың табиғатқа деген шынайы қатынасын қалыптастыру — өзекті мәселе. Сондықтан маманның тек кәсіби біліктілігі ғана емес, азаматтық көзқарасын, экологиялық мәдениетін жетілдіруге мән беру қажет. Бұл — ғаламдағы қуаңшылықтың артуын тоқтатып, өршіп тұрған өткір проблемаларды шешуге әсер етеді. Мысалы, мамандар мұнай өндіру барысында құралдарға арнайы сүзгілер мен ауаны тазарту қондырғыларын орнатуы тиіс.

7–8-
сабақ

«Жасыл белдеу» бағдарламасы және экология

Жаңа сөздер:
жасыл белдеу,
жігерлендіреді, тапшы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. **Суретке қара. «Жасыл ел», «Жасыл белдеу» бағдарламалары туралы не білесің? Сен тұрған өлкеде осыған байланысты қандай шаралар өткізіліп отырады?**



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. **Мәтінді тыңда.**

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіннің тақырыбы қандай?
2. Мәтінде қандай өзекті мәселе көтерілген?
3. «Жасыл ел» бағдарламасы мен тәрбие мәселесінің қандай байланысы бар?
4. Мәтін стильдің қай түріне жатады?

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Аудиомәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап жаз.

«Жасыл ел» бағдарламасының мақсаты — не? 2008 жылдан бері оған қанша адам қатысты, қанша ағаш отырғызылды? Қай жылға дейін бағдарламаны жалғастыру жоспарланып отыр? Республикада қандай штабтар жұмыс жасайды? Қандай маңызды нысандардың құрылысына «Жасыл ел» жастар жасағы тартылады? «Жасыл ел» бағдарламасының экологиялық мәдениетке қандай қатысы бар?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Байқау». Жұптық жұмыс.

Суретте «Жасыл ел» бағдарламасының эмблемасы берілген. Осы бағдарламаның негізінде өз мектебің не аймағың бойынша эмблемаға байқау жарияланса, қандай нұсқа ұсынар едіңдер? Өз нұсқаларыңның артықшылығын дәлелдеңдер.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев астана маңында «жасыл белдеуді» дамыту мәселесі жөнінде көшпелі кеңес өткізді. Кеңес аясында **жасыл белдеу** аумағын, сондай-ақ Қызылжар орманшаруашылығындағы 2011 жылы отырғызылған **орман алқабын** тікұшақпен аралап шықты.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг барысында Елбасы қала маңында жасыл белдеу орнату елордамыздың жаңа трендіне айналғанын атап өтті.

— Біз қазақстандықтар мақтаныш ететін, алыс және жақын шетелдегі барша қонағымыз сүйсінетіндей әдемі астананы салдық. «Бұл біздің жастарымызды

жігерлендіреді» деп ойлаймын. Қаланы дамытумен бірге мен елорда маңында жас көшеттер отырғызу міндетін қойдым. Барлығы да: «Бұл далада ештеңе өспейді», — деп ойлады. Ғалымдар жер қыртысында өсімдікке қажетті қорек **тапшы** екенін, сондықтан көп күш жұмсау қажет болатынын айтты. Бірақ орман алқабы бүгінде 65 мың гектарға жеткенін көріп отырмыз. Оның 14 мың гектары қаланың ішкі аумағын қамтиды. Бұл көшеттер жазда шаңнан, қыста боран мен қарлы борасыннан қорғайды. Нәтижесінде қала климаты жұмсара түсті, — деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті. Н. Назарбаев жасыл алқап қалыптастыру маңызды жұмыс екенін атап өтті.

— Қазақстан аумағының 3 миллионға жуық шаршы шақырымын ұлан-ғайыр далалық аймақ алып жатыр, ал орманды алқап бар болғаны — 8-10 пайыз. Егер біз жыл сайын барлық облысты **көгалдандырумен** айналысатын болсақ, Қазақстанды жасыл елге айналдырамыз. Бұл — адам денсаулығына пайдалы, тыныс алуға «жеңіл», табиғат үшін — береке-байлық, туған жердің көркі. Сондықтан біз игілікті жұмыс жасап жатырмыз. Әр облыс, қала, аудан жұртты, әсіресе жастарды ағаш отырғызып, оны күтіп-баптауға **жұмылдыру** жайын ойластыруға тиіс. Сонда отанымыз бұдан да әдемірек және тартымды бола түседі, ал болашақ ұрпақтар бізге риза болатын болады, — деді Елбасы.

2020 жылға дейін астананың қала маңындағы орманды аймағының аумағы кеңейіп, 110 мың гектарға жетеді. Қазіргі уақытта қала шегарасындағы жасыл белдеу алаңы — 11,5 мың гектар. Биыл екінші кезектегі 286 мың көшет отырғызу жоспарланған. Жобаның екінші кезегін 2014-2016 жылдар аралығында іске қосып, 1,1 миллион көшет отырғызу жоспарлануда.

«Орманы бардың қорғаны бар», — деп халқымыз бекер айтпаса керек-ті. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы «Жасыл белдеу» жобасын жүзеге асыруға **пәрмен берді.** Қаланы желдің өтінен сақтап, таза оттегімен қамтамасыз етіп тұрған «Жасыл белдеу» жобасы — бүгінде еңселі елорданың мақтанышы. Сала мамандары Арқаның аязына төзетін, сазды жерді жатсынбайтын **тұқымдарды** арнайы таңдап, сұрыптап алады. Мұнда ағаштың алпыстан астам түрі өседі. Қайың, қарағай, шыршадан бастап, қарақат пен жиде, алмаағаш пен шиеге дейін жайқалып тұр. Мамандар 2020 жылға дейін орман алқаптарының жалпы аумағын 100 мың гектарға жеткізуді мақсат етіп отыр.

Ақорданың жеке сайтынан

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса. Термин сөздердің мағынасын анықта.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ жазыңдар. Сол сұрақтарды қолданып, жасыл белдеу туралы диалог құрыңдар. Диалог жүретін жағдаят пен сөйлесушілердің рөлін өздерің таңдаңдар. Жағдаятқа қарай тілдесім стильдің қай түрінде жүзеге асқанына назар аударыңдар. Стильдік ерекшеліктерді тілдік құралдар бойынша анықтаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Суреттерге қара. Әртүрлі ақпарат көздерінен астана маңындағы жасыл белдеудің фаунасы мен флорасы жайлы ақпарат жина. Статистикалық мәліметтерді, қызық деректі пайдаланып, «Жер тағдыры — ел тағдыры» тақырыбында ойтолғау жаз.









МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқы. Осы ақпаратты кіріктіріп, өз мектебіңде іс-шара ұйымдастыру үшін хабарландыру жаз.

30 қыргүйек пен 30 қазан аралығында Қазақстанның 14 өңірінде және Астана мен Алматы қалаларында сегізінші рет «Ағаш отырғызудың ұлттық күні» атты

экологиялық акция өтеді. Оны БАҚ пен қоғамның қолдауымен «Тұрақты даму» жер қоры ұйымдастырмақ. «Тұрақты даму» сарапшыларының айтуынша, күзгі уақыт — ағаш отырғызу науқаны қарқынды жүргізілетін мезгіл.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Қазақстандағы экологиялық мәселелер және оның шешілуі» тақырыбында постер жаса. Сыныпта қорға.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Жыл сайын барлық облыс аймақты көгалдандырумен айналысатын болса, Қазақстан жасыл елге айналады. «Жасыл белдеу» — жастарды жігерлендіретін шара. Сондықтан әр облыс, қала, аудан жұртын, әсіресе жастарды ағаш отырғызып, оны күтіп-баптауға жұмылдыру жайын ойластыруға тиіс. 2020 жылға дейін астананың қала маңындағы орман алқабының көлемі кеңейеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы «Жасыл белдеу» жобасын жүзеге асыруға пәрмен берді. Сала мамандары Арқаның аязына төзетін, сазды жерді жатсынбайтын тұқымдарды арнайы таңдап, сұрыптап алады. Бұл — ағаш тапшылығын жояды.

9–10-сабақ

Қадыр Мырза Әлі — философ ақын

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
әдеби қызметкер, басылды, жүрек тебірентеді

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. «Философ ақын» дегенді қалай түсінесің? Өзің кімді «философ ақын» деп атар едің? Неге?

2. «Ана тілің — арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!» деген өлеңнің идеясы қандай? Осы өлеңнің авторы туралы не білесің?

3. Экология тақырыбына жазылған қандай көркем шығармаларды білесің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, табиғат, экология тақырыбына арналған өлеңді жазып ал. Ақындардың ғаламдық мәселені қалай суреттегенін айт. Өлеңдегі көркемдік беріп тұрған сөздерді анықта. Қалаған біреуін жатта.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қара. Бұл кісі — кім? Оның бейнесін сипаттап жаз. Мәтінде көркемдеуіш құралдарды қолдан.



© Ғылым Ордасы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Оқы. Осы сөйлемдердің мағынасын өз сөзіңмен түсіндір. Ол үшін дереккөздерден ақынның шығармалары туралы мәлімет жина.

Қадырды білмейтін қазақ жоқ. Қадырды әлі әріп танымаған бүлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі.

Өзін білмесе де, сөзін біледі.

Әбіш Кекілбаев

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қадыр Мырза Әлі қашан, қайда туған?
2. Ол қай оқу орнын бітірген?
3. Қадыр Мырза Әлі еңбек жолын қайда бастаған?
4. Ол қандай мекемелерде жұмыс істеген?
5. Ақынның алғашқы өлеңі қай басылымда жарияланған?
6. Тұңғыш жинағы қашан шыққан?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Аудиомәтін бойынша Қадыр Мырза Әлінің түйіндемесін жаз.

Есте сақта!

Түйіндеме — белгілі бір қызметке тұру үшін жеке тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіби шеберлігі, біліктілігі жайлы қысқа да нұсқа мағлұмат беретін ісқағаздың бір түрі.

Түйіндеме жазудағы мақсат — үміткердің өз өмірбаяны мен жұмыс тәжірибесін, жеке бас қабілеттерін ұтымды көрсету арқылы таңдаған қызметіне қол жеткізу. Түйіндеменің сауатты рәсімделуіне де көңіл бөлу керек. Түйіндемеде мәлімет ықшам әрі нақты түрде берілуі тиіс.

Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық ерекшелігі — үміткердің еңбек өтілі туралы мәлімет кері хронологиялық тәртіпте беріледі.

Түйіндеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- құжаттың аты;
- үміткердің аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы, туған жері;
- ұлты;
- жынысы;
- мекенжайы;
- байланыс телефондары;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы;
- білімі; бітірген оқу орындары;
- қалаған лауазымы;
- кәсіби біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі;
- тілдік дағдысы;
- компьютерлік сауаттылығы;
- жеке қасиеттері (қалаған лауазымына бейімділігін ашатындай болуы тиіс);
- қызығушылығы;
- қосымша ақпарат (мақтау грамоталары, сертификаттар, наградалар, патенттер, т.б.)

Барлық дерек табуляторлық нөлдік деңгейінен басталып, азат жолсыз жазылады, бірақ әр дерек жаңа жолдан басталады. Құжаттың соңында жазылған күні көрсетіледі.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы.

Қадыр шығармаларындағы қасиет — ол өмірдегі ешбір құбылысты туған жерден, елден, табиғаттан тыс қарастырмайды. Қадыр ақын қамтыған тақырыптардың әр алуан екенін бірден байқаймыз. Поэзияда ой да, сезім де, қуаныш та, мұң да қатар жүруі шарт. Оның өлеңдерінен әртүрлі көңіл күйді, қилы мінезді байқау қиын емес. Ақынның том-том жыр жинақтарын оқып отырғанда туған жер, табиғат, адам болмысы, ата-ана тағдыры, достық, жолдастық, махаббат, арман-үміт, бейнет-зейнет — бәрібәрі маржандай тізіліп тұр. Қадырдың ана туралы жырлары да **жүрек тебірентеді.** Қадыр қазақтың барлық ұлы адамы туралы өлең жазды. Шоқан, Ыбырай, Исатай, Махамбет, Біржан сал, Қажымұқан туралы жеке жырлары бар. Ол Әл-Фараби жөнінде де тереңінен толғап жазған. Абайға қайта-қайта оралуының да ар жағында ұлы жандардың рухани байлығын байқау қиын емес.

Қадыр Мырза Әлі көркем аударма саласында да жемісті еңбек етті. Әлемдік **әдебиет өкілдерінің** шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ал өзінің біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Орыс тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985) және тағы басқа кітаптары жарық көрді. Ал өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), әзірбайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» секілді еңбектері жарияланды. Сондай-ақ дарынды ақынның оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тіліне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты. Соңғы жылдары ақынның он алты томдық **таңдамалы шығармалар жинағы** жарық көрді.

Қадыр Мырза Әлі 76 жасында, 2011 жылдың 24 қаңтарында, Алматы қаласында қайтыс болды.

«Массагет» жаңалықтар сайтынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, тіркескен сөздерімен бірге жаз. Мәтінге сүйеніп, ақын шығармаларының тақырыбы туралы айт.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі жоспарды ретімен жаз. Әр тақырыпша бойынша тірек сөздерді анықта.

Жоспар:

Шығармашылық әлемінің ерекшеліктері

Ақын шығармашылығының өзге тілдерге аударылуы

Қазақ поэзиясына қосқан үлесі

Ақын шығармаларының тақырыбы

Алғашқы жарияланымдар

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жазылған жоспар бойынша мәтін мазмұнын қысқаша баянда. Мәтінде қандай сан есімдер қолданылғанын айт.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Жағдаят: ақын Қадыр Мырза Әлі шығармалары бойынша кластер жасауың керек. Әртүрлі дереккөздерден ақын шығармашылығына байланысты ақпарат жина. Досыңмен осы туралы сөйлес.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтінде аты аталған тұлғалар жөнінде білетіндеріңді айтыңдар. Олар жайлы пікір бөлісіңдер.



Абай Құнанбайұлы



Қажымұқан Мұңайтпасұлы



Шоқан Уәлиханов

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Ақын Қадыр Мырза Әлінің «Қазақ — осы...» өлеңін әнімен тыңда. Өлең үзіндісін мәнерлеп оқы. Өлең бойынша сөздік жұмысын жаса. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен баяндап айт.

Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған
Сүйетұғын қазақ — осы, қараңдар.
Қазақ — осы: күй шығарып, ән салып,
Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.

Қазақ — осы: «Дала!» — дейтін,
«Күн!» — дейтін,
Қазақ — осы: «Өнер алды — тіл», — дейтін.
Қазақ — осы: қарасың ба, ақсың ба,
Қоңырсың ба — жатырқауды білмейтін.

Қазақ — осы: ашық-жарқын қабағы,
Қонақ келсе, шабылып бір қалады.
Байқа да тұр: сағаң да ол кетерде
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Қазақ — осы: жайып жатқан қанатын,
«Батыр халық», «ақын халық» — дәл аты.
Қазақ — осы: өзімсінген адамға
Насыбайға бола өкпелеп қалатын.

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. Ақын өлеңіне сүйеніп, қазақ халқына тән белгілерді диаграмма түрінде жаз.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

Есте сақта!

Қадыр Мырза Әлі — Қазақстанның халық жазушысы. Ол еңбек жолын әдеби қызметкер ретінде бастады. Ақын әлем әдебиеті өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Өзінің шығармалары да әртүрлі тілдерге аударылды. Қадырдың туған жер, табиғат туралы өлеңдері жүрек тебірентеді.

11–12-сабақ

Қадыр Мырза Әлі «Аралым...»

Жаңа сөздер:
айдын, айбын, тулау, шөгу, шөл, оралу

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Өз пікіріңді айт.

1. Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған қандай әндерді білесің?
2. «Арал» сөзін естігенде ойыңа не келеді?
3. Арал теңізінің мәселесі ғаламдық деңгейде көтерілді ме?
4. Аралдың қазіргі жағдайы туралы не білесің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: мектепте Қадыр Мырза Әлінің мерейтойын ұйымдастыру сағаң жүктелді. Оның тақырыбын ғаламдық экологиямен байланыстырып анықта. Неге дәл осы тақырыпты қойғың келеді? Себебін түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қара. Аралдың табиғаты мен экологиясы туралы шағын мәтін құрап айт. Ақпарат көздерінен статистикалық мәліметті тауып, қолдан.



ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. «Аралым» әнін тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңнен қандай көңіл күй байқадың?
2. Өлеңнің әні мен сөзі бір-біріне сәйкес келе ме?

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп, мазмұнына сәйкес сазды сақтап оқы.

Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк **айдыным**,
Биікте жүрген,
Бұлттарды сүзген,
Бұрынғы жоқ **айбының**!

Аққу арман,
Күтемін алдан,
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны **тулап**,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!

Қарайған жерге,
Қуанған **шөлге**
Телміріп Күн қарайды.
Көк дауыл жеккен,
Кемелер **шөккен**
Жағада құм борайды.

Аққу арман,
Күтемін алдан,
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулап,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!

Қадыр Мырза Әлі

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлең мәтініндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Синонимдерін, болса антонимдерін тауып жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сұраулы сөйлемнің қайсысы өлеңнің қай жолдарына сәйкес келетінін айт.

Көктегі Күн қайда қарайды?		Бұрынғы әдемілігін, қайратың қайда?
Жағаң қандай күйде?		Сенің арнаң қайта орнына келе ме?

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлеңдегі ақынның сезімін білдіріп тұрған көркемдеуіш құралдарды теріп жаз. Оларды пайдаланып, Аралдың атынан монолог жаз.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Ақынның қай сөздерінде туған жерге махаббаты көрініп тұр? Табиғаттың аянышты күйі суреттелген өлеңнен қандай ой түйдің? Өз пікіріңді айт.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Арал — ғаламдық мәселе» тақырыбында эссе жаз. Эсседе Аралдың ғаламдық экологияға әсерін дәлелдейтін деректер мен статистикалық мәліметті кіріктір.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Суретке тақырып қой. Осы көріністі суреттеп айт. Мәтінде қандай көркемдеуіш құралдарды қолданғаныңды түсіндір.



АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар». Тақырып: «Арал тағдыры».

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Арал тағдырына қатысты туындаған мәселелер туралы айтады.	Аралға қатысты қандай мәселелерді білесің?
	Арал мәселесін шешуге бағытталған шаралардың барысын айтады.	Олардың қандай артықшылығы бар?
	Аралға байланысты жасалып жатқан шаралардың кемшіліктерін айтады.	Қандай кемшіліктері болуы мүмкін?
	Аралдың оралуы не үшін тиімді болатынын айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Аралға жасалып жатқан шараларға қатысты эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойды сараптап, талдайды.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімнен көмек сұрадым?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

13-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Топтық жұмыс. Жағдаят: мектебіңде жоғары сынып оқушыларының арасында «Ұлттық экологиялық мәдениет» тақырыбында ойталқы өткізу жоспарланды. Осы істі сендердің топтарыңа тапсырды. Іс-шараны ұйымдастырудың жоспарын, сценарийін дайындаңдар. Оны сыныпта таныстырыңдар. Сынып ең үздік жоспарды анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Публицистикалық және ғылыми стильдердің жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «Ұлттық экологиялық мәдениет» тақырыбында өтетін ойталқының баспасөз парағын жаз.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Жасыл ел» бағдарламасы және ұлттық экологиялық мәдениет» тақырыбында ғылыми жоба дайындаңдар. Тақырып бойынша алған білімдеріңді, меңгерген жаңа сөздерді пайдаланыңдар. Сан есімнің түрлерін қамтыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тақырып бойынша өткен материалдарды «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Өз ойыңды кесте түрінде қорытып жаз.

Бұрыннан білемін	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат

© Ғылым ордасы

1–2-сабақ

Мұхиттағы жануарлар әлемі

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп жаза алу;
- өз ойыңды мысалдар арқылы дәлелдеу;
- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдердегі мәтіндерден күрделі сөздерді тауып, жасалу жолдарын анықтау;
- пікірталаста сенімді сөйлеу;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау;
- кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;
- клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолдану;
- көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп, эссе жаза білу;
- есімдіктердің жасалу жолдарын білу;
- оларды мәтін құрауда орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
Жер шары, қоректік зат, құнарлы, уылдырық, ғаламат, бұғаз, себеп-салдар

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Мұхит» дегеніміз — не?
2. Жер шарында неше мұхит бар?
3. Қай мұхитқа ерекше қызығасың?
4. Мұхитта мекен ететін қандай жануарларды білесің?
5. Қай жануарды жақсы көресің?
6. Олардың адамзатқа қандай пайдасы бар?

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде жауабы бар нұсқаны белгіле.

А) Мұзды мұхитты қандай аңдар мекендейді?
Ә) Киттердің тез өсуі неге байланысты?
Б) Мұхитта балдыр көп пе?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі «өте» күшейткіш үстеуі қандай сөзбен тіркесіп қолданылады? Айтып бер.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты қысқаша конспектіле. Жазған конспектіңді пайдаланып, мазмұнын баянда.

ТІЛДІК БАҒДАР

ЕСІМДІК

Есім сөздерді (зат есім, сын есім, сан есім) ауыстырып, солардың орнына жүретін сөздер **есімдіктер** деп аталады. *Кім? не? неше? қай? қандай? қанша? қалай? қашан?* және т. б. сұрақтарға жауап береді.

Есімдіктер мағынасы мен қызметіне қарай жеті топқа бөлінеді:

- ***жіктеу есімдіктері (мен, сен, сіз, ол, біз және т.б).*** Жіктеу есімдіктері жіктеледі (менмін, сенсің, сізсіз), септеледі (мен, менің, маған, мені, менде, менен, менімен). Сөйлемде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыштың қызметін атқарады;
- ***сілтеу есімдіктері (бұл, сол, ол, анау, мынау, әне, міне, т.б).*** Сілтеу есімдіктері тәуелденеді, септеледі (Ескерту: анау, мынау, сонау, осынау есімдіктері септелмейді). Сөйлемде бастауыш, толықтауыштың қызметін атқарады;
- ***сұрау есімдіктері (кім? не? қашан? қайда? т.б).*** Сұрау есімдіктері тәуелденеді (кімім? кімің? кіміңіз? кімі?), жіктеледі (кіммін? кімсің? кімсіз? кімі?), септеледі (кім? кімнің? кімге? кімді? кімде? кімнен? кіммен?);
- ***өздік есімдігіне өз деген бір ғана сөз жатады.*** Ол жіктеледі, тәуелденеді, септеледі (Ескерту: өздік есімдігі тәуелденіп барып, жіктеледі);
- ***жалпылау есімдіктері (бәрі, барлық, барша, бүкіл, түгел, т.б.).*** Жалпылау есімдіктері тәуелденіп барып, септеледі.
- ***болымсыздық есімдіктері (ешкім, ештеңе, дәнеңе, ешқашан, т.б.).*** Сөйлемде бастауыш, анықтауыш, пысықтауыштың қызметін атқарады;
- ***белгісіздік есімдіктері (біреу, кейбіреу, кімде-кім, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, т.б.).*** Белгісіздік есімдіктері тәуелденеді, септеледі, жіктеледі. Сөйлемде бастауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштың қызметін атқарады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Мұхиттар мен теңіздер өсімдік пен жануарлар дүниесіне өте бай. Бірақ **бұл** — «оны қорғаудың қажеті жоқ» деген ұғымды білдірмейді. Көптеген мемлекетте, соның ішінде **біздің** елімізде кейбір жануарлар қорғауға алынған. Солтүстік Мұзды мұхитта итбалық пен маржандар бар. Итбалықтың саны азайғандықтан, **оларды** аулауға тыйым салынған. Беринг теңізіндегі аралдарда теңіз мысықтары бар. Бұл жануарлардың терісі әдемі, берік әрі өте бағалы.

Солтүстік жартышарда теңіздер мен мұхиттардағы, бұғаздағы балықтардың **кейбір** бағалы түрлері біршама азайып кетті. Соған байланысты ғалымдар оның себептерін анықтап, балықтың азайып кеткен түрлерін қалпына келтіру, мүмкін болса, көбейтуді мақсат етіп отыр. Осы мақсатпен көптеген елде балық зауыттары салынып жатыр. **Осы** кәсіпорындарда уылдырықтардан шабақ өсіреді. Сәл үлкейген соң оларды теңіздер мен мұхиттарға жібереді.

«Су астындағы тіршілік» кітабынан

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша негізгі идеяларды қысқаша конспект түрінде жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» құрылымына салып жаз.

1. **Пікір:** оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. **Дәлел:** өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. **Мысал:** пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. **Қорытынды:** тақырып бойынша қорытынды жаса.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті есімдіктерді қойып, сөйлемді жаз. Не себепті ол есімдіктерді қойғаныңды түсіндір.

1. Мұхит ... байлығын адамдарға жомарттықпен беруі үшін оның суын ластанудан сақтау қажет. 2. Ашық теңіздің ... кеңістігінде ... мемлекеттің тең құқылы негізде балық аулау еркіндігі бар. 3. ... мұхит «ауыр көлік жолы» деп аталады? 4. Теңіз беті — ... да бір елсіз дала.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Теңізге байланысты мақал-мәтел жаз. Олардың бірін тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой. Есімдіктер қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құра. Тәуелдік жалғауы сөйлемнің мағынасына қалай әсер етіп тұрғанын дәлелде.

Балығым, теңізі, қалдықтары, өзенің, ластануы, пікірім, досым, теңіз мысықтары, итбалығы, дельфиндерің, пайдасы, зияны.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Сурет бойынша шағын әңгіме жаз. Әңгімеңде есімдіктерді пайдалан.





МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС


ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Сипаттама
Мұхит	Мұхит — гидросфераның негізгі бөлігі

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Мұхит» тақырыбы бойынша кластер құра.



АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

Асқар: Мәдина, сәлем! Сағаң қай мұхит, теңіз ерекше ұнайды?
Мәдина:
Асқар: Ол теңіздің қандай ерекшелігі бар?
Мәдина:
Асқар: Экологиялық жағдайы туралы не білесің?
Мәдина:
Асқар:
Мәдина:
Асқар:
Мәдина:
Асқар:
Мәдина:

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

17-тапсырма. Қосымша ақпарат құралдарын пайдаланып, мәтіндегі *«Көптеген мемлекетте, соның ішінде біздің елімізде кейбір жануарлар қорғауға алынған»* деген сөйлемдегі ойды нақты фактілер келтіріп, дәлелде.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

18-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Мұхит жануарлар мен өсімдік әлеміне бай. Кит — ең үлкен жануар.

© «Келешек горизонты»

3–4-сабақ

Мұхиттағы өсімдіктер әлемі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
жүйке жүйесі, балдыр, жасуша, игілік, батпау

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхит түбінде қандай өсімдік өседі?
2. Өсімдіктің қандай пайдасы бар?
3. Саған қандай өсімдік ұнайды?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрап жаз.






МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. **Мәтінді тыңда.**

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. **Мәтіндерді тыңда. Мәтіндердегі сан есімдерді жаз. Олардың қандай рөл атқарып тұрғанын айт.**

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. **1-мәтінді тыңда. Мәтіннен *ащы, жоқ, аз* сөздерінің антонимін тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.**

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. **Мәтіндерді тыңда. Екі мәтіндегі ақпаратты салыстыр. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын айт.**

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. **Мәтінді түсініп оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.**

Су лалагүлі (құмыра) — гүлді өсімдік. Бұл — судың бетінде қалқып тұратын үлкен өсімдік. Әлемде су лалагүлінің 70-ке жуық түрі бар. Су лалагүлі тұщы суқоймаларда, қоңыржай және тропикалық белдеулерде өседі. Жапырақтары дөңгелек, тері тәріздес болады. Оның сабағы лайға батып тұрады. Су лалагүлінің пайдасы көп. Оны қолқа ауруы мен бүйрек ауруын емдеуде қолданады. Өсімдіктің бұл түрі тамақ ауруын да емдейді. Гүлдерін ұйқысыздықты емдеуде, жүйке жүйесі бұзылғанда да пайдаланады.

Балықоты — суда өсетін ең кішкентай гүлді өсімдік. Ол суға батпай, бетінде қалқып тұратын, өте қарапайым өсімдік. Түсі ашық жасыл. Сабағы, жапырағы болмайды. Жапыраққа ұқсайтын ұсақ, сопақша немесе дөңгелек сақиналары болады. Кейбір түрлерінің шағын тамырлары бар. Көлеңкеде де, Күннің көзінде де өсе береді. Гүлдері кішкентай, қарапайым. Суды мекендейтін жабайы құстар мен балықтар осымен қоректенеді. Әлемнің көптеген аймағында адамдар тағамға пайдаланады. Сонымен қатар көлбақалар мен балықтар осы гүлге жасырынады. Балықоты басқа өсімдіктермен салыстырғанда тез өседі.

«Өсімдіктер әлемі» энциклопедиясынан

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Дәлелде.

Ақпарат	иә	жоқ
Суда өсімдіктер тіршілік етпейді.		
Теңіз бен тұщы сулардың түбінде тіршілік ететін балдырлар «бентосты балдырлар» деп аталады.		
Су лалагүлі тамақ ауруын емдемейді.		
Балықоты тек күннің көзінде өседі.		
Балықотымен суды мекендейтін жабайы құстар мен балықтар қоректенеді.		
Су лалагүлінің 70-ке жуық түрі бар.		
Өсімдіктің адамзатқа пайдасы жоқ.		

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннің бірінші ойбөлігіндегі тірек сөздерді тап. Негізгі идеяны анықта.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібін сақтап жаз.

1. Көп (өсімдік) (ерекшелік) өсімдігінен су құрлық. 2. Дәрі (лотос) қолданылады тұқымдары ретінде. 3. Таралған (шары) өсімдіктер жер кең. 4. Кеңінен өсімдіктердің қолданылатын (түрлер) (медицина) бар. 5. Су тұщы лалагүлі тропикалық сулы өседі су (қойма), қоңыржай және (белдеу).

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, мәтіндегі *тіршілік, жүйке жүйесі, тамыр, аймақ, сабақ* сөздерінің мағынасын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Су лалагүлі мен балықотының пайдасын салыстырып, кестеге түсір. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, 2-3 пайдалы өсімдік туралы мәліметті қосып жаз.



Су лалагүлі



Балықоты

Өсімдік атауы	Пайдасы
Су лалагүлі	
Балықоты	

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	Еліміздің	а	өсімдіктері
2	Тіршілік	ә	әлемі
3	Су	б	тереңдігі
4	Қазақстанның	в	өзендері
5	Өсімдік	г	ерекшелігі
6	Мұхит	ғ	табиғаты
7	Табиғаттың	д	пайдасы
8	Лотостың	е	көзі

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. «Сұрақ сандық» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Ортаға екі сандық қойылсын. Топтағы оқушылар мәтін мазмұны бойынша 6 сұрақ дайындап, сандыққа салсын. Екі топ сандықтармен алмасып, кезекпен сандықтан бір-бір сұрақтан алып, жауап берсін. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары дұрыс әрі қызық болса, сол топ жеңеді.

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. ***«Теңіздер мен мұхиттар — бүкіл адамзаттың игілігі. Бұл игілікті сақтау көп жағдайда мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа тәуелді»*** **деген пікірді қалай түсінесің? Өз ойыңды дәлелдеп жаз.**

АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. «Су астындағы тіршілік» тақырыбында фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

17-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

Есте сақта!

Су астындағы өсімдік әлемі мені қызықтырады. Су лалагүлін қолқа, бүйрек ауруларын емдеуде қолданады. Балықотын адамдар тағамға пайдаланады.

© Ғкелкиеңбек Қызмонтаж

5–6-сабақ

Мұхит және экологиялық проблемалар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
зардап шегу, қырылу, құрып кету, қан, құрлық

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, мәтін құра.





ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

1. «Экология» деген ұғымды қалай түсінесің?
2. Экология проблемасы не себепті пайда болады?
3. Экологиялық зардап шеккен қандай мұхиттарды білесің?
4. Мұхиттың тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі жаңа сөздерді жаз.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. *«Ең ақырында судың ластануынан адам зардап шегеді»* деген сөйлемдегі ойды ары қарай жалғастыр.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі *«Сөйтіп, бұл тіршілік ортасы — су біртіндеп кедейленеді»* деген сөйлемді қалай түсінесің? Өз ойыңды мысалдар арқылы дәлелде.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мағыналық бөліктерге бөл. Әр бөлікке тақырыпша қой. Мәтіндегі негізгі идеяны анықта.

Әлемдік мұхит — Жердегі теңіздер мен мұхиттардың жиынтығы. Ол ғаламшарымыздағы тіршілікке ықпал етеді. Мұхит сулары атмосфераны оттегімен байытады, адамдарды құнарлы да пайдалы азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Мұхит суы ғаламшардың климатын құрайды, атмосфералық жауын-шашынның көзі болып табылады. Одан оттегінің жартысынан көбі түседі. Ол атмосферадағы көмірқышқылды реттейді. Әлемдік мұхиттың түбінде минералдық және табиғи зат көп. Сондықтан мұхиттар мен теңіздерде жүретін геологиялық, геохимиялық үдерістер құрлыққа ерекше әсер етеді. Мұхитта Жер бетіндегі барлық тірі ағзаның шамамен бестен төрт бөлігі тіршілік етеді. Мұхит суы Жер шарының 3/4 бөлігін, гидросфераның 97 %-ын құрайды.

Мұхиттың биожиыны жануарлардың 150 мың түрін, балдырлардың 10 мың түрін қамтиды. Ал жалпы көлемі 35 миллиард тоннаға бағаланады. Бұл 30 миллиард адамды тамақтандыруға жетеді.

Әлемдік мұхиттың зиян, улы заттармен, мұнай және мұнай өнімдерімен, радиоактивті заттармен ластануы ерекше алаңдатып отыр. Ластанудың көлемін мына мәліметтерден көруге болады: жағалаудағы суға жыл сайын 320 млн тонна темір, 6,5 млн тонна фосфор, 2,3 млн тонна қорғасын төгілуде. 1995 жылы Қара теңіз бен Азов теңізіне ғана 7,7 млрд/м^3 лас, тұрмыстық, өнеркәсіптік су төгілген.

Газет материалдарынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мәтінді баянда.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мұхиттың адамға тигізетін пайдасы туралы жұбыңмен пікірталас-диалог құр. Төмендегі тақырыптың бірін таңдаңдар.

- Мұхит адамды оттегімен қамтамасыз етеді.
- Мұхит адамды азық-түлікпен қамтамасыз етеді.
- Мұхит адамды электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Есімдіктерді септе.

Атау септік	ол	осы	бұл	мына	барлық	өзі	ешкім	сол
Ілік септік	о+ның							
Барыс септік	о+ған							
Табыс септік	о+ны							
Жатыс септік	о+нда							
Шығыс септік	о+дан							
Көмектес септік	о+нымен							

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Қосымша ақпарат құралдарынан мұхиттар туралы ақпарат жина. Осы ақпараттарды пайдаланып, «Мұхит — жұмбақ әлем» тақырыбында монолог құрап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Оңай және қиын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, оң жағына қиын сұрақтарды жаз. Көршіңе дайындаған сұрақтарыңды қой. Оңай сұрақтар мәтін мазмұны бойынша, қиын сұрақтар көршіңнің өзі ойланып жауап беретін сұрақтардан тұруы тиіс.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар
Мұхит не себепті ластанады?	Экологиялық проблемаларды сен қалай шешер едің?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіндегі термин сөздер бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Термин	Сипаттама
Оттегі	Оттегі — химиялық элемент. Ол Жер бетіндегі тірі ағзалардың тыныс алуын қамтамасыз етеді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Берілген мәтіндерді салыстыр. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы сызып көрсет.

А) Тынық мұхит — Жер шарындағы ең үлкен мұхит. Тынық мұхиты Магелланның дүниежүзілік саяхаты кезінде ашылған. Магеллан Тынық мұхитта үш ай бойы жүзген кезде мұхит тыныш болған, соған байланысты оны «Тынық» деп атаған. Шын мәнінде, Тынық мұхит өз атына сай емес. Жер қыртысының жиі қозғалуы нәтижесінде жер сілкінісі, цунами жиі байқалады. Тынық мұхитта дүниежүзілік мұхиттың ең терең бөлігі — Мариан шұңғымасы орналасқан. Мариан шұңғымасының тереңдігі — 11 022 метр. Мариан шұңғымасы Тынық мұхиттың ең үлкен Филиппин теңізінде орналасқан.

Ә) Жер шарының шамамен үштен екі бөлігін әлемдік мұхит алып жатыр. Әлемдік мұхит шартты түрде Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік Мұзды мұхит болып бөлінеді. Қазіргі кезде халық санының көбеюіне байланысты азық-түлік пен ауызсу мәселесі адамзатты толғандырып отыр. Бұл проблеманы шешуге мұхит байлығы көмектеседі. Ғалымдар әлемдік мұхиттың байлығын зерттеу, олардың қорын есептеу, игеру жолдарын қарастыруда.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. Диалог. «Экологпен сұхбат». Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша тележурналист пен экологтың шағын сұхбатын көрсетіңдер. Диалогке қажет сөйлеу әдебіне қатысты сөздерді (амандасу, танысу, мадақ сөз, қоштасу) алдын ала жазып алып, қолданыңдар.

АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. «Мұхит экологиясы» тақырыбында ойталқы өткізіңдер. Ойталқыда *«менің ойымша», «мені толғандырған жайт», «егер мен»* және т.б. оралымдарды пайдаланыңдар.

Ойталқыға қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі жеткізу.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

17-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдан өзіңе қандай ой түйдің?

Есте сақта!

Мен мұхит экологиясы туралы ойланып, толғанамын. Мұхиттағы өсімдіктердің адамға тигізер пайдасы көп. Мұхиттарды сақтау — біздің міндетіміз.

© «Атамұра» баспасы

7–8-сабақ

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
көз аларту, жанталасу, көкірегіне түю, үзеңгі қағысу

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құра.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Қан мен тер» трилогиясы туралы айтылған пікірлерді оқы. Есімдіктерді тап. Қою қаріппен берілген сөздердің орнына есімдіктерді қойып жаз.

- Өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылық білдірген **қаламгер** қарапайым тілмен үлкен шындықты айта білген. ...**Нұрпейісов** өзіне ғана тән таңғаларлық қолтаңбасы бар, заманымыздың ең терең жазушыларының бірі дәрежесіне көтерілген (Жан Монтальбетти).
- «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу» атты осынау үш кітапта алып әлем бейнесі сомдалған. ...Нұрпейісовтің романы — дала психологиясының энциклопедиясы. «Қан мен тер» — ұлттық ғарышқа тән мінездер галереясы (Лев Аннинский).
- Біз, мына батыс оқырмандары, француз тіліне аударылған нағыз қазақ қаламгерлері — Мұхтар Әуезов пен Әбдіжәміл Нұрпейісовті мысалға келтіре аламыз. Әуезов жайлы айтқанбыз, енді Нұрпейісовті атап өткім келеді. Иә, Қазақстан мақтана беруіне болады. ...Азаттық пен әділеттік жолында өз халқының қасіреті мен

ұлылығын паш еткен нағыз жауһар — шедеврлер бере білген жазушыларымен мақтана беруіне болады (Жорж Буйон).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі жалқы есімдерді жаз.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Оқ Еламанның қай жеріне тиді?
2. Еламанға кім көмектесті?
3. Еламан мылтығын кімге берді?
4. Әли кімдерді қуды?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Әлидің бейнесін сипатта.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңдап, *ат, мылтық, тиген, шүберек, кісі, жігіт* сөздері арқылы жасалған сөз тіркестерін жаз.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөл. Әр ойбөлікке тақырып қой. Мәтіндегі есімдіктерді тап.

Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті. Ақтар әлі Ақтөбеге кірмепті. Осы тұрғанда оны қорғайтын қызылдарда «әскер» дейтіндей әскер де қалмаған-ды. Ал қала маңындағы барлы-жоқты әскер құрамалары өткен ұрыстардан қатары азайып, басқаны қойғанда, тіпті қолына қару ұстауға жарайтындардың өзі сарт-сұрт солдат өмірінен шаршаған. Осындағы басшылар жау хабарын есіткесін жанталасып жүріп, теміржолшылардан құрған жұмысшы жасағын қаруландыра алмай жатқан көрінеді.

Ал бұндағы полк, дивизияларда қару-жарақ жетіспейді. Оқ-дәрі де аз. Бұлардың басындағы қиындықты Еламан жолға шығар алдында Дьяковтың аузынан есіткен-ді. Енді қазір өз көзімен көріп келеді. Қаланы қорғаудан гөрі қаланы қайткенде есебін тауып тезірек тастап, қашуға әзірленіп, абыр-сабыр боп жатыр екен.

Еламанда ешкімнің ісі болған жоқ. Сонда да болса, сақтық ойлаған Еламан көзге түспеуге тырысты. Қалаға жақындамай, алыстан айналып, көбіне елсіз далалықпен түнделете жүріп отырып, оңтүстік армияның үнемі ілгері оздырып, алдына салып отыратын шолғыншылар отрядына кездесті. Олардан кейін кездескендер де бұларды жиі-жиі тоқтатып, әрқайсысы бір тексеріп, зықысы кетті. Атаман Дутовтың атты казактары бұлардың жылқысына көз алартып, тартып алуға аз-ақ қалды. Еламан шені жоғары бір офицерге өздерін таныстырып, мына жылқыларды Колчактың әскеріне тарту қып сыйға әкеле жатқанын айтып, қасына жолбасшы біреуді қосып алды.

Еламан жол бойы көрген-білгендерін көкірегіне түйіп келеді. Қазақ жеріне кірген жер қайысқан ауыр қолдың негізгі салмағы әлі де кейінде жатқан-ды.

«Қан мен тер» трилогиясынан

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Әлеуметтік желілерді пайдалан («Қан мен тер» романы. III кітап. «Күйреу»).

1. Мәтінде қай тарихи оқиға суреттелген?
2. Атаман Дутов, Дьяков — қандай кейіпкерлер?
3. Еламан қандай мақсатпен Ақтөбеге келді?

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі тұрақты тіркестерді пайдаланып, сөйлем құра.

Зықысы кету, көз аларту, көкірегіне түю, жанталасу, көзге түспеу.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты анықта. Негізгі ойға өз көзқарасыңды білдір.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібін сақтап жаз.

1. (Ақтөбе) Ақтар (кірмеу) әлі. 2. Ал полк, (дивизиялар) бұндағы қару-жарақ (жетіспеу). 3. Енді өз (көзі) көріп қазір (келу). 4. (Еламан) ісі болған жоқ ешкімнің. 5. Атаман (Дутов) тартып атты (бұлар) жылқысына көз (аларту), алуға аз-ақ казактары қалды.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша түсінгеніңді тезис етіп жаз.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіндегі екі сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақ қой. Дайындаған сұрақтарыңа көршіңнен жауап ал.

Үлгі: Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті.

1. Кімдер араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті?
2. Еламандар Ақтөбеге қай күні жетті?
3. Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте қайда жетті?

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Берілген есімдіктерді пайдаланып, сөйлем құра.

Осы, оны, өзі, ешкім, олар, мына.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Маған ... қиын болды.
2. Мен ... тапсырмаларын орындадым.
3. Мен ... екенін түсіндім.
4. Мен ... үйрендім.
5. Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

«Қан мен тер» романының басты кейіпкері — Еламан. Ол балықшыларға көрсетілген әділетсіздікке қарсы күреседі. Романда балықшылардың ауыр өмірі суреттеледі.

© «Атамұра-Полимедиа»

9–10-сабақ

Адамзат тағдырының жыршысы

Жаңа сөздер:
қайраткер, шеңгел, шабақ, именшектік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген пікірлерді талдай отырып, қою қаріппен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар.

- Меніңше, ол — қазақ **топырағына** көшірілген орыстың классикалық роман дәстүрін **жалғастырушы**. Белгілі бір дәрежеде мен Нұрпейісовті Лев Толстоймен салыстырар едім (Лили Дени, Франция)
- Мен Нұрпейісовтің **кітаптарын** баяғыдан бері оқып келемін, оның **талантты** да татымды прозасына баяғыдан бері ғашықпын. Одан **көп** нәрсе үйрендім, онымен сан рет сырластым да. Бірақ кездескен сайын **жаңа** көріп-білгендей боламын да тұрамын. Адам ретінде, сұхбаттас-сырлас ретінде **ол** әманда терең, салиқалы да сабырлы (Шыңғыс Айтматов).
- Ғасыр бойы күн құрғатпай мақтаған **өркениетіміздің** де көлеңке тұсы жетеді екен. Соны ой өзегінен Нұрпейісов романында екі сарында — публицистикалық және психологиялық сарында **өрілген**. Аралдың ажалы, шынтуайтқа келгенде, Жер бетіндегі жалпы тірлік атаулының ақырының бастамасы болып жүрмесін... (Шериязданн Елеукенов).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі жаңа сөздерді жаз.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі *батырлық, тағдыр* сөздерінің синонимін тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, «Әбдіжәміл Нұрпейісов — кім?» деген сұраққа жауап бер. Мәтіндегі деректерді кірістіріп, жазушы туралы шағын мәтін құрап жаз.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Жазушының алғашқы шығармасы қалай аталады?
2. Бұл шығарма қандай атпен қайта басылды?
3. «Қан мен тер» туындысы не жайлы?
4. Әбдіжәміл Нұрпейісов кімнің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Түсінгеніңді баянда. Мәтіндегі есімдіктерді тап.

Қазіргідей теңіз әлі қата қоймаған **аласапыран** абыржыда жұмыс аз. Көбіне қол бос. Сондайда осы сары бала салып ұрып қазақ аулына барады. Оның қарапайымдылығын ұнататын қазақтар көрген жерде «сары бала» деп, оған кәдімгідей іш тартып тұратын. Андрей де балықшыларды көрсе үйіріле кететін **бауырмал**. Қазір де жайраңдап күліп, балықшылардың мұздай қолын бір-бір қысты.

Бұлар азын-аулақ балықты тапсырып, сыртқа шыққанда анадай бір жерде бір топ қара киімділер тұр екен. Ішінде промсол ұстайтын бай орыс бар. Қаталдығына қарап, бұл **өңір** оны «Тентек Шодыр» дейді. Биыл күз жел-құзды болды да мұз қатпай, абыржының аяғы ұзаққа созылып, Тентек Шодыр ұрынарға қара таппай жүрген-ді. Бұндайда Еламан оның көзіне түспеуге тырысатын. Көріп тұрып, соқпай кетудің тағы ретін таппады да амалсыздан қорқа-қорқа барып еді:

— Ну... балық қалай? — деді Тентек Шодыр.

— Қырсыққанда, мұз...

— Немене, балық жоқ па?

— Аз.

— Аз?

— Ие, аз. Кісі басына қырық-отыз қадақтан тапсырдық.

Федоров сөніп қалған трубканы күректей **шеңгелімен** сығымдап ұстап, ұзын қоныш етік киген аяғын әр кездегідей шіреніп, қара жерді нығарлай басып тұр.

— Көріп тұрмын, азғантай балықтың жарым-жартысын өздерің әкетіп бара жатырсыңдар...

— Тақсыр, асымдық...

— Бұл жаққа мен **иман** іздеп келгенім жоқ. Ендігі жерде менен ұлықсатсыз бір

шабақ алмайсыңдар.

— Тақсыр, бұл қалай?

— Солай! Қашан көп балыққа кенелгенше, жалғыз шабақ ... есіттің бе, **сыңар** шабақ алмайсыңдар. Үйлеріңе алып бара жатқан ана балықты тапсырыңдар!

Еламан осы орыстан қорқатын. Оған кездескенде назарын тіктемей, көзін төмен сала беретін. Осы жолы әдеттегі **именшектігін** ұмытып, орыс байының алдында безеріп алды.

— Жарайды, тақсыр.

Сүйдеді де бұрылып жүре берді. Анадай жерде өзін тосып тұрған балықшыларға бара сала Мөңкеден басқаның балығын түгелдей лабазға апарып төге алды.

— Еламан, қарағым-ау, мұның — не?

— Бала-шағамыз аш жата ма?

— Менде не тұр?.. Ана сары сайтанға айт!

«Қан мен тер» трилогиясынан

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді дәптеріңе жаз. Олардың мағынасын қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдаланып, анықта.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Әдеби шығармада қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтерілген? Бүгінгі өмірмен салыстырып көр.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, тақырыпша қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім	
Негізгі бөлім	
Қорытынды бөлім	

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді аяқта. Қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой.

1. Еламан күрсін... де балық сал... **қапты** көтеріп иығына салды. 2. Өз үйі... өзі **әзер** кір... 3. Еламан өзі... бірге шық... Ақбала... **байқаған жоқ**. 4. Басқа ермек таппаған соң күбі... **көже** ас... құйғысы кел... 5. Еламан Есбол **атасы** баста... шалдар... төр.. өткізіп жіберді.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып, сөйлемдегі қызметін анықта.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Сөйлемге үш нұсқада сұрақ қой.

Еламан бұл түнді ұйқысыз атырды.	
Тәңірберген Ақбалаға үйлене алмағанына өкінді.	
Балықшы ауылға қадірлі қария — Есбол келді.	
Андрей мұзға шыққан кісілерді құтқара алмасын білді.	
Бала жылан шаққандай шыр етті.	
Бір кезде қайықтың тұмсығы үлкен мұзға тірелді.	

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Жазушының суретіне қара. Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, бейнесін сипаттап айт.

Тірек сөздер: келбетті, мейірімді, кең маңдайлы, жылы жүзді.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. «Автормен сырласу» ойыны. Әбдіжәміл Нұрпейісовке экология тақырыбында хат жаз.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сабақ барысындағы көңіл күйің қандай болды?
2. Бүгін не білдің?
3. Сен үшін не жаңалық болды?
4. Сабаққа қатысуыңды қалай бағалайсың?
5. Сабақта қандай қиындық туындады?
6. Сабақ соңында көңіл күйің қандай болды? Неліктен?



Есте сақта!

Әбдіжәміл Нұрпейісов Қызылорда облысында туған. Ол экология тақырыбында шығарма жазған. Жазушы «Қан мен тер» романында балықшылардың өмірі, Арал теңізі туралы баяндайды.

© «Келешек» оқу-әдістемелік орталығы

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мақал-мәтелді аяқтап жаз.

- Қар мол болса, дән көп. ... .
- Адамзатты сөз бұзар, ...
- Сөз атасы — құлақ, су атасы — ... .
- Судың да ... .
- Таулы жер бұлақсыз болмас, ...
- Батыр туса — ел ырысы, ...
- Бұлақ көрсең, ...

ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінде айтылмаған, өзің білетін экологиялық проблемаларды жаз.

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі проблема туралы тағы қандай ақпарат білесің? Айтып бер.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Кешкісін отрядты стансыға апарды. Кішкентай қаланың бар халқы осында жүр екен. Кідірмей күнбатыс жақтан соңына жалғыз қызыл вагон тіркеген күлді-күйелеш паровоз көрінді. Ыстық буы бұрқырап, ысылдап-пысылдап кеп, стансының алдына тоқтады. Жаңа ғана гу-гу-

леп тұрған халық су сепкендей тына қалды. Еламан да көппен бірге демін жұтып, үрейлі көзін ілгері тігіп тұрған-ды. Жиынның деңгейіне келе бере тоқтаған паровоздан біреу түсті. Темір басқышты тық-тық басқан аяғы тап бір шекеңе шеге қаққандай шық-шық тиеді. Жұрт шыдамай, қозғалақтап кетіп еді, жаңағы кісі қызыл вагонның есігін салдыр-гүлдір ашты... Астық тиеген вагон есігінің алдында қылышпен кескілеп тастаған қан-қан денелер жатыр екен.

...Әлдеқайдан Ознобин келді. Кешегінің арасында жағы қуарып, жүдеп қапты. Көйлек жағасынан мойны сорайып шығып кеткен. ...Топшысы бүгілген ұзын қолымен алдындағы біреулерді итермелей бастады. Бір жанға көзі түспеді. Ал көзі түскен кісіні таныған жоқ.

...Еламан қарт жұмысшының түрінен қорықты. Жолында тұрған кісілерді итермелеп, ұмтылып кеп, қызыл вагонға қарт жұмысшымен қатар жетті. Келе сала қолтығынан сүйеді. Ознобин оны да көрмеді. Осы арада ғана Еламан қан-қан өліктердің арасынан жұмысшының шолақ қол баласын таныды. Ознобин де баласын бірден таныды. Бірақ көзілдірігі буланып кетті. Өлік жанына тізерлеп отыра қап, су қараңғы болған кісіше құпқу жүзін жоғары көтеріп, дыбысын шығармай, тістеніп алды. Сонан бір кезде есін жиып, алдында жатқан қан-қан өліктің әуелі шашын сипады. Дір-дір еткен қолы төмен қарай жағалап, басын, маңдайын, бетін сипалап отырып: «Андрюшам... балам... балақайым-ай!» — деді.

«Қан мен тер» трилогиясынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мазмұнын баянда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына есімдіктерді қойып жаз. Ол есімдіктерді не себепті қойғаныңды түсіндір.

1. ... ағзада қоректік зат мол болады. 2. Сондықтан ... салмағы үш жылда 160 тоннаға жетуі мүмкін. 3. Көптеген мемлекетте, ... ішінде ... елімізде кейбір жануарлар қорғауға алынған. 4. Соған байланысты ғалымдар ... себеп-салдарын анықтап, балықтың азайып кеткен түрлерін қалпына келтіру, мүмкін болса, ... көбейтуді мақсат етіп отыр.. 5. 2008 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 2009 жылдан бастап, ... мейрамды ресми түрде атап өту туралы қаулы шығарды. 6. ... түрлерінде шағын тамырлары бар. 7. Мұнаймен ластанған суға қонғанда ... қауырсындары майланып, жылу ұстайтын, су жұқтырмайтын қасиетін жоғалтады. 8. Мұхитта жер

бетіндегі ... тірі ағзалардың шамамен бестен төрт бөлігі тіршілік етеді. 9. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» шығармасында халық, ... әлеуметтік тағдыры, Арал өңірінің жағдайы туралы жазған. 10. Бұндайда Еламан ... көзіне түспеуге тырысатын. 11. Бұлардың басындағы қиындықты Еламан жолға шығар алдында Дьяковтың ... аузынан есіткенді.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі кейіпкерлер мен оқиғалар бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, диалог құрыңдар.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Ә. Нұрпейісов туралы пікірлерді салыстыр. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы сызып көрсет.

- Қазақ даласындағы бір аяулы есім — Әбдіжәміл Нұрпейісов. Франция, Германия, Бельгия, Испания, Болгария, Словакия, Қытай, Ресей жазушылары мен сыншыларының пікірі бір жерде тоғысады: «Қан мен тер» трилогиясы мен «Соңғы парыз» дилогиясының авторы — ірі суреткер, мэтр, әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс» дегенге саяды» (Герольд Бельгер).
- «Қан мен тер» — қазіргі қазақ прозасында теңдесі жоқ оқшау туынды. «Қан мен тердегі» өмір қазақ әдебиетінде бұрын-соңды біз көрмеген тың өмір екенін, мұндағы тағдырлар шым-шытырық шырғалаңы таусылмас қиын, күрделі тағдырлар екенін, осынау өмір мен тағдырларды суреттеудегі автордың шын мәнінде шыншыл суреткерге тән қатал реализмін, ал осының өзі қазақтың сөз өнеріндегі су жаңа сонылық екенін түйсінеміз (Зейнолла Қабдолов).



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жағдаят: сенің мектебіңде жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовке арналған кеш өтеді. Кештің сценарийін жаз.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар». Сынып 6 оқушыдан біріксін. «Тақырып бойынша не білдік?»

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы (үзінді) тақырыбында өткен мәселелер туралы айтады.	Тақырыпқа қатысты қандай ақпарат алдық?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалының артықшылықтары туралы айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалының кемшіліктерін айтады.	Оның қандай кемшіліктері болды?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалының тиімділігін айтады.	Оның тиімділігі неден көрінеді?
	Тақырып бойынша өтілген оқу материалына қатысты өз эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптап, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

Білгенге маржан

1. Ақыл — дария, ой — мұхит.
2. Балық аулай алмаған суды лайлар.

1–2-
сабақ

Ұлттық мерекелер

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларда көтерілген жалпыадамзаттық мәселені, негізгі ойды айқындауды;
- мәтін бөліктері мен азатжолдарының орналасу ретін түсіндіруді;
- мәтін құрастыруды;
- өз көзқарасыңды айтуды **үйренесің.**

Жаңа сөздер:
айт, қажылық, құдірет, құлшылық, мешіт, құрбандық, сабырлық, табын, шіркеу, ұстан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, талқылаңдар.

1. Суретте қандай ұлттар бейнеленген?
2. Бұл ұлттар қандай діни мерекені тойлайды?
3. Өз отбасыңда қандай діни мереке тойланады?





АЙТЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Үзіндіде қандай мәселе туралы айтылған?
2. Дін адамзат мәселесіне жата ма? Неліктен?
3. Қазақстанда халықтың көбі қандай дінді ұстанады?
4. Қазақстан Республикасының заңдарында неге рұқсат берілген?
5. Елімізде қандай діни мерекелер тойланады?

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.


Діни мерекелер — әрбір дін ұстанушының ерекше қастерлейтін мейрам күндері. Діни мерекелердің аталып өтілуі жеке діннің тарихына байланысты. Рамазан айт мерекесі — мұсылман жұртының діни мерекесі. «Айт» сөзі араб тілінде «қайту, оралу, мейрам, қуанышты күн» деген мағыналарды білдіреді. Айт мерекесінің алдында мұсылмандар отыз күн ораза ұстайды. Барлық мұсылман үшін қасиетті Рамазан айы — қайырымдылық, құлшылық, сабырлық, береке мен бірлік айы. Отыз күн оразадан кейін мұсылмандар үш күн ораза айт мерекесін тойлайды. Олар Рамазан айымен қимай қоштасады. Келесі Рамазанға аман-есен жетулерін тілеп, құдіретті Аллаға құлшылық етеді, мешіттерде «Құран» оқиды, қажылық жасап, құрбандық шалады. Айт мерекесі жыл сайын мұсылмандарға қуаныш, жақсылық алып келеді.

Рождество — христиандардың қасиетті мерекесі. Бұл «Иса пайғамбардың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады. Бұл күні жақсылық жамандықты, әділдік зұлымдықты жеңген күн» болып есептеледі. Христиандар бұл күні шіркеуге барып, дұға жасайды, Құдайға табынады. Христиан діні бойынша, Иса Мәсіх пайғамбардың «Христос» деген лауазымы бар, ол — құтқарушы, Құдайдың ұлы саналады. «Иса пайғамбар дүниеге келген соң адамзат жақсы өмірге қол жеткізген» деген наным-сенім бар. Рождество мерекесінде халық өткен жылға рақмет айтып, келер жылдан жақсылық тілейді.

«Алматы ақшамы» газетінен

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Топтық жұмыс. Діни мерекелердің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтаңдар. Диаграммаға жазып, тұсаукесер жасаңдар.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжолдар	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			
2-азатжол			

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Түсінік» ойыны.

1. Мәтінде қою қаріппен берілген ұғымдардың әрқайсысына 4-5 ассоциация — тірек сөзден жаз.
2. Оның ішіндегі негізгі 1-2 сөзді белгіле.
3. Белгілеген сөзді өзің қалай түсінетініңді жаз.
4. Әр оқушы тізбекпен тірек сөзге берген анықтаманы оқысын. Жалпы ұқсастықтарды бөліп, жазсын.
5. Ортақ классикалық түсінікті жазып, салыстырсын.

Үлгі: айт

1. Айт:	*2. Айт:*	*3. Айт:*	*4. Айт:*	*5. Айт:*
• *дін;* • *мереке;* • *тойлау;* • *құлшылық.*	• *дін* • *мереке*	*Дін — адамдардың Құдайға деген сенімі. Мереке — барлық адам тойлайтын атаулы күндер.*	*Әр оқушы өздері белгілеген сөздерге берген түсінігін оқиды.*	*Барлық оқушы «айт» сөзіне берген түсініктерін салыстырады. Ортақ шешім шығарады.*

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

1. Мұсылман жұртының ең үлкен діни мерекесі — ... . 2. Араб тілінде «Айт» сөзі «...» деген мағынаны білдіреді. 3. Рамазан айы — қайырымдылық, ..., ..., береке мен бірлік айы. 4. Рамазан ... Аллаға құлшылық етеді. 5. Мұсылмандар ... «Құран» оқиды. 6. ... жасап, ... шалады. 7. Рождество мерекесінде христиандар ... барады, дұға жасайды.

Қажетті сөздер: оралу, қажылық, құлшылық, айында, айт, мешіттерде, шіркеуге, құрбандық, сабырлық.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Топқа бөлініп, әр топ бір ойбөлікке сұрақ дайындасын. Сұрақтарды басқа топқа қойсын.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытыңдар. Бір оқушы бүгінгі тақырыпқа қатысты тұжырымын айтсын. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өз тұжырымын айтсын. Үшіншісі екеуінің айтқанын қайталап, өзінің пікірін қоссын. Осылайша, бүкіл сынып алған білімін талдасын.

Есте сақта!

Құрбан айт мерекесі — мұсылман жұртының діни мерекесі. Рамазан айы — қайырымдылық, құлшылық, сабырлық, береке мен бірлік айы.

Рождество — христиандардың қасиетті мерекесі. Христиандар бұл күні шіркеуге барып, дұға жасайды.

© ГКП на ПХВ «Институт развития образования»

3–4-сабақ

Айт қабыл болсын!

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
тылсым, төзім, мүшкіл, сен, күнә

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай ұлттық және діни мерекелерді білесің?
2. Сенің отбасыңда қандай діни мереке атап өтіледі?
3. Айт мерекесі жайлы не білесің?
4. Айт мерекесі несімен ерекше?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Айт мерекесі — мұсылмандардың ұлық мерекесі. Бұл күні мұсылмандар өз бауырларымен қуаныштарын бөліседі. Олар жетім, мүгедек жандарға сыйлық таратады, науқас адамдардың халін біледі, оларға Алладан шипа, төзім тілейді. Адамдар туыс, көршілерінің үйіне кіріп, бір-бірін құттықтайды.

«Айт» — арабшадан аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіретін сөз. Демек, ол — қуаныш пен шаттыққа толы күн. Айт мерекесі айт намазынан кейін басталады. Әр мұсылман сабыр, төзімділік, сенім, достық секілді сезімдерді бойына дарытып, ерекше тылсым күшке енеді. Намаздан соң мешіт ауласында жайылған айт дастарқанына шақырылады.

Бұл мейрам мұсылман үшін басқа мейрамдардан артық. Айт мерекесінің мұра болып қалуы үшін ата-аналар балаларына сый-сияпат жасайды. Оларға әдемі киімдерін кигізіп, туыстардың үйіне алып бару арқылы мерекенің қаншалық киелі екенін сезіндіреді. Айтта өзара кездесіп қалған мұсылмандар бір-біріне: «Айт қабыл болсын!», «Айт құтты болсын!», «Айтсын!», «Жақсылығы бірге болсын, ақ мол болсын!», «Айтың амандық әкелсін!» — деп құттықтайды. Айт күндері көп құлшылық жасалады. Күнәлар үшін Алладан кешірім сұрау үшін күні бойы дұға тілеу, жақсылықтан үміт етіп жүру қажет.

А. Оспанов «Мәдени мұра»

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен адамда болуы тиіс асыл қасиеттерді тауып, постер арқылы ассоциация жаса.

Үлгі:

Сабыр

— адами жақсы қасиет;
— ол арқылы көптеген істі байыппен, дұрыс шешуге болады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Жинақтау. Мәтіннен берілген ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықта.

№	Ақпараттар	иә	жоқ
1	Айт — мұсылмандардың Алладан кешірім сұрайтын мерекесі.		
2	Бұл мерекеде адамдар Күнге табыну арқылы өзіне күш жинайды.		
3	Айт күні адамдар өз-өзімен болып, тілек тілейді.		
4	Адамдар күнәдан тазару үшін бойына достық, төзім, сабыр секілді сезімдерді дарытады.		
5	Айт мерекесінде отшашу атылып, адамдар сайран құрады.		

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырыпша қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжол	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			
2-азатжол			
3-азатжол			

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жағдаят. Сен балалар басылымдарын зерттеуші ғалымсың. Газет бетіндегі осы мақаланың кейбір жері өшіп қалған, сол үшін архивтегі газеттің толық нұсқасымен салыстырып, өшіп қалған жерлерін толықтыруың керек. Сол сөздерді мәтіннен тауып жаз.

«Айт» — арабшадан аударғанда, ...

... жандарға сыйлықтар таратады, ... адамдардың халін біледі, оларға Алладан шипа, ... тілейді.

... соң мешіт ауласында жайылған айт дастарқанына шақырылады.

Айтта өзара кездесіп қалған мұсылмандар бір-біріне ... .

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Рөлдік ойын. Журналист пен сұхбаттасушының рөлінде «Айт қалай атап өтіледі?» деген тақырыпта сұхбат құрастырыңдар. Шетел журналисіне өз сөзіңмен Айт мерекесінің киелі екенін қалай жеткізер едің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Отбасың тойлайтын діни мереке туралы үш азатжолдан тұратын шағын мәтін дайында. Оны жаныңдағы оқушыға айт. Ол сыныпқа баяндасын.

Есте сақта!

Айт мерекесінде мұсылмандар жетім, мүгедек жандарға сыйлық таратады. Науқас адамдардың халін біледі, Алладан шипа, төзім тілейді.

Айтта адамдар бір-бірін: «Айт қабыл болсын!», «Айт құтты болсын!», «Айтсын!», «Айтың амандық әкелсін!» — деп құттықтайды.

5–6–
сабақ

Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
қалыптастырушы, жала жабу, сауық, құлаққа жағып, жүректі тербетті, бойды шымырлатты

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. 1930-1937 жылдары репрессияға ұшырап, «халық жауы» аталған қандай қазақ қайраткерлерін білесің?

2. Репрессияға ұшыраған ақын-жазушылардың қандай шығармаларымен таныссың?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.


Жүсіпбек Аймауытов

Жүсіпбек Аймауытов — көрнекті жазушы, драматург, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Ж. Аймауытов 1893 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған.

Жүсіпбек 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орысша-қазақша мектепте, кейін Керекудегі (Павлодар) ауылшаруашылық мектебінде оқиды. Өзі де мектепте бала оқытып, қаражат табады.

1911-1914 жылдары ауылда мұғалім болып істейді.

1914-1918 жылдары Семейдегі оқытушылар семинариясын бітіреді.

Семей қаласында алашордашылармен бірге «Абай» журналын шығарады. Семейде Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады.

Кеңес үкіметі орнаған соң Семей, Орынбор, Ташкент қалаларында шыққан газеттерде Жүсіпбектің мақалалары мен әңгімелері жарияланды. Жазушының ең танымал еңбектері — «Ақбілек» романы, «Күнікейдің жазығы» атты көлемді әңгімесі.

Ж. Аймауытов — қазақ драматургиясын қалыптастырушылардың бірі. Ол пьесалар жазып, спектакльде ойнаған. Ж.Аймауытов «Ел қорғаны», «Шернияз» және т.б. пьесаларын жазған. 1915 жылы Семейде «Біржан мен Сара» спектаклін сахналап, өзі Біржанның рөлін ойнаған. Жүсіпбек домбыра тартып, ән айтқан.

1929 жылы «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген жала жабылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылды. Кеңес үкіметі кезінде 60 жылдан астам уақыт бойы Ж. Аймауытовтың шығармалары оқытылмады. Жазушының мол мұрасын М. Әуезов

атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, 1996-1999 жылдары бес том етіп шығарды. Осылайша, оқырмандар әйгілі драматург-жазушының шығармаларымен қайта табысты.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұхбат алу мақсатында мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайындаңдар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы.

Жетішатыр — жақсы қала. Жазы-қысы — ойын-сауық. Айт, той, атжарыс, күрес. Жаз шықса, пароход, паром, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, масайраған шат көңіл... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияқтанып отыз тиынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық.

Біз қос терезелі үйдің алдына тоқтадық. Үйдегі жеңгей: «Балалар, жоғары шығыңдар!» — деді.

Шағын бөлмеде екі-үш жігіт қымыз ішіп отыр. Сары жігіт орын беріп, отырысымен кесесін ұсынды. Бұл қаланың бір жақсы жері — қазақтың оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерін сыйлайтын болғаны ғой.

Үйге бір жігіт кіріп келді. Ол Шәкетке: «Қымыз құйшы!» — деді.

Қонақтар: «Бәрекелді! Жақсы келдің!» — деді.

— Шәкет, қарағым, гармоньды әперші!

— Уақытым жоқ, бержабай күтіп тұр...

— Барарсың, азырақ ән салып кет...

Жігіттер болмаған соң әнші сандыққа отырды. Шәкет сырнайын әперді. Әнші гармоньды қолына алды. Әнші еркін, ерке екен. Әнші ұшатын құстай қомданып алды. Отырғандар аузын ашып, аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз да болса, бірегей болды. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

— Өйт, шіркін!.. Па, сабазым-ай!

— Ой, пәле-ай!

— Бұл — қай әнші?

— Әнші Әмірқан — осы, — деді.

— Әмірқанды жұрт мақтайтын. Бір естуге мен де ынтық едім.

— Әмірқанның үйі осында ма?

— Осында.

— Үйінен қашан табылар екен?


— Оны қайтесіңдер?

— Әншейін... Әнін бір естуге...
— Оны үйден ұстай алмайсыңдар. Ол — бір сағым.
— Өзі не кәсіп істейді?
— Әмірқанда кәсіп бола ма ән салғаннан басқа?!...
— Ақша тапса, жарайды ғой...
— Көп үстіндегі жігіт емес пе? Оған кедейлік бар ма?
— Өлеңді ақша сұрап айта ма? Жоқ...
— Аштан өлуге бейіл, өлең айтып, ақша сұрағанын көргеміз жоқ.
— Онысы қызық екен!..
— Өзі де — қызық жігіт. Онсыз топтың ажары кірмейді. Әйтеуір жандырып жүреді.
Расында жандырып жіберді.
Әмірқанның жайынан аз әңгімелесіп, қымызға қанған соң пәтерімізге қайттық.

Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесі

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннің бірінші азатжолын оқы. Жетішатырдың қандай қала екенін анықтап, диаграммаға жаз.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Кімдер бержабай жалдап, жексенбі күні қаланың ар жағына тартты?
2. Қалай ойлайсың, олар қайда келді?

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Оларды қалай қарсы алғанын мәтіннен тауып, оқы.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Төмендегі мәтіннен неше адам диалогке қатысқанын анықтап, үйге кім келгенін айт. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар.

Үйге бір жігіт кіріп келді. Ол Шәкетке: «Қымыз құйшы!» — деді.
Қонақтар: «Бәрекелді! Жақсы келдің!» — деді.
— Шәкет, қарағым, гармоньды әперші!
— Уақытым жоқ, бержабай күтіп тұр...
— Барарсың, азырақ ән салып кет...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннен Ж. Аймауытовтың әншінің қимылын, ән айтқанын, тыңдаушыларға әсерін сипаттауын тауып, оқы. Сипаттауда жазушы қандай сөздерді қолданғанын айт. Сөздіктерді пайдалан.

Үлгі: *Әнші еркін* — ортада қысылмай, өзін бос ұстауы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Әнші ән айтып болғаннан кейінгі диалогті оқы. Әмірқанның қандай адам екенін айтып, сипатта.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, ой желісіне қарай, азатжолға бөл. Өзің бөлген азатжолдарға тақырып қой.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Нұсқалардың ішінен мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты анықта.

1. Студент жастардың қаланың ар жағына тартуы
2. Студент жастарды күтіп алуы
3. Үйге бір жігіттің кіріп келуі
4. Әмірқанның ән айтуы
5. Жиналған адамдардың Әмірқан туралы сөздері

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Негізгі және қосымша ақпараттың қайсысы әңгіменің негізгі идеясын анықтауға арқау болғанын айт. Дәлелде.

Есте сақта!

Әнші еркін, ерке екен. Әнші ұшатын құстай қомданып алды. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

7–8-сабақ

Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі (жалғасы)

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
рақаттан

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, бір-біріңмен диалог құрыңдар.

1. Сен ән тыңдайсың ба? Әнді неден тыңдайсың?
2. Қандай әндер жүрегіңді тербетеді?
3. Өзіңе ұнайтын әнді тыңдағанда қандай сезім пайда болады?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып сөйлем құра.

Сауық, құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өткен сабақта Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі немен аяқталғанын, бүгінгі жалғасында не туралы айтылатынын болжа.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы.

Наурызда қазақ шәкірттері сауық жасауға даярландық. Жастардың талабы, өнері, жігері, қорқақтығы, мақтаншақтығы, өзімшілдігі сыналатын жер — сауық.

Сауықты бір перделік күлкі, қалғанын декламация, хор, ән домбыра, оркестрмен өткізбек болдық. Сауыққа Әмірқанды шақырып, ән салғызатын болдық.

Сауыққа жақсы даярландық. Клубтың театрын алдық. Билет екі күн бұрын сатылды. Жетішатырдың қазақтары бала-шағасымен келді: залға сыймай кетті. Халық сонша көп жиналды.

Қоңырау екі соғылды. Біз сахна жақта домбырамызды күйлеп, кісілерімізді жинап, шашымызды тарап жатырмыз.

Қоңырау үш қағылды. Шымылдық ашылды. Зал у-шу, айқайласып, кимелесіп, орынға таласып: «Дауыстама!», «Отырыңдар!» — десіп жатыр.

Өзімізше: «Жақсы шығардық!» — деп ойладық. Шымылдық жабылды, шапалақ соғылды.

Хорымыз жамырап, жақсы шықпады...

Рахымбек декламациясын жақсы айтты. Он екі жасар Мәржім скрипкаға қосылып тамаша ән айтты. Оны қайта-қайта шақырып, залды дүрсілдетті.

Келесіде Әмірқан ән шырқады. Әмірқан халықты сүйіндірді. Ел ішіндегі жиын, тойда айтқаны болмаса, Әмірқан театрда ән салып көрген жоқ екен.

Әмірқан шығысымен шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да басқа еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді.

Домбырасын күйлеп, екпіндетіп бір-екі сарындатып алды да айқайға басты. Зал тымтырыс болды...

Халықтың алдына шыққанда Әмірқан шабыттанып кетеді екен. Бұрынғы дауысы астар болмай қалды. Зал жаңғырып кетті.

Шапалақ та шапалақ...

— Пәле шіркін! Бис-бис...

— Тағы да шық, тағы да!..

Тағы шықты Әмірқан. Бұ жолы Әмірқан басқа әнге салды.

Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гүілдеп, толқындап барып басылды. Әмірқанды құшақтап алып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін өзі ұмытады, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол — тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге ән салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың.

Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тыңдамай, сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды.

Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесі

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сауықта жастардың қандай қасиеттері мен ерекшеліктері сыналатынын диаграммаға жаз.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сауықта қандай нөмірлер орындалатынын анықтап, айт.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінге жоспар құр.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді тағы бір оқып, тапсырманы орында.

1. Әмірқанды халық қалай қабылдағанын мәтіннен тауып, оқы.
2. Халықтың әншіні қошеметтеп айтқан сөздерін анықтап, айт.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Жазушы Әмірқанның ән айтқан кездегі қимылын қалай, қандай сөздермен сипаттағанын мәтіннен тауып, жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты анықта. Негізгі және қосымша ақпараттың қайсысы әңгіменің басты идеясын анықтауға арқау болғанын дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сөздіктерді пайдаланып, мұғалімнің басшылығымен төмендегі сөйлемнің мағынасын түсіндір.

Оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қай кезде рақаттанасың: кино көргенде ме әлде ән тыңдағанда ма? Не себепті?
2. Ән ұнағанда қандай қошемет сөздер айтасың?
3. Қандай әншілерді, олардың қандай әндерін тыңдайсың? Несімен ұнайды?

Есте сақта!

Ән салса, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге ән салады. Ол кісі емес, әнге айналады.

© Мектеп-Полиграфия

9–10-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қой. Мәтін бойынша сұрақтар дайында.


«Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, көршіңе сұрақ қой. Екінші оқушы жауап беріп, келесі оқушыға сұрағын қойсын.

Ораза айт күндері әрбір мұсылманның үйінде дәмді тағамдар пісіріліп, мерекелік дастарқан жайылады, қонақ шақырылады. Мұсылмандар туыс, достар, көршілерді аралайды. Бір-бірінің үйінен дәм татады. Ораза айт мейрамы адамдар арасында бауырмалдықты, кішіпейілдікті, сүйіспеншілікті, кешірімділікті арттырады. Бұл — ерекше мейрам. Себебі ренжісіп қалған адамдар татуласады, бауырмалдығы артады.

Ораза айт күндері балаларға жаңа киім, тәтті тағам, сыйлықтар береді. Сондықтан олар бұл мерекені асыға күтеді.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Айналмалы бекет» әдісі бойынша, топқа бөлініңдер. Сары түсті бекет, қызыл түсті бекет, жасыл түсті бекеттер төмендегі тапсырмаларды өз түстеріне сай фломастермен түсіндірсін. Пікірлеріңді өзара талқыға салыңдар. Пікірге келіспеген жағдайда дәлелдеңдер.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қарап, ғимараттардың қай дінге қатысты екенін айтыңдар.



Әзірет сұлтан мешіті



Вознесенск кафедралды соборы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, қай тақырыптың жалғасы екенін анықта. Мәтіннің мазмұны бойынша әншіден сұхбат алу мақсатында сұрақ дайында. Көршіңнен сұхбат ал.

— Менің үйімді көріңдер, — деп үйіне қонаққа апарды.

Қарт шешесі, келіншегі, үкілі сары домбыра бар екен. Әмірқандікі қаланың дәл шетінде. Үйінің ар жағы — жасыл дала, қымызды ішіп алған соң көгалға шығып, сейіл құрдық. Ән туралы әңгіме қылдық.

— Менің жүрмеген жерім, көрмеген елім бар ма? — деп бастады Әмірқан. — Жас күнімнен әкеме еріп, ел араладым. Әкем — әнші еді. Әкем қайтыс болған соң, жақсыларға еріп көп жүрдім. Жәрмеңкелерге бардым. Маған ән үйреткен әуелі әкем болды. Содан соңғы үлгі берген кісі — Жұмабек әнші еді. Уай, шіркін, Жұмабек — жігіт еді! Ондай әншіні өмірі көргем жоқ. Қанша айтса, бір жалықпайсың. Бір әнін бір ат беріп үйренсең, обалы жоқ...

Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесі

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Бумеранг» ойыны. Топқа бөлініп, белгіленген уақыттың ішінде өткен тақырыптар бойынша жазбаша сұрақтар дайындаңдар. Әр топ өз сұрағын келесі топқа қойып, жауап берсін.

Лексикалық-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік

1. Еңбек нарығы және сұраныс

еңбек нарығы — рынок труда
сұраныс — спрос
меншік түрі — вид собственности
жұмыс күші — рабочая сила
жекеменшік — частная собственность
өзгермелі орта — переменчивая среда
сын көзбен қарау — критиковать
несие — кредит
кәсіпкерлік — предпринимательство
айналым — оборот; обращение
тапсырыс — заказ
табыс табу — заработать
епті — ловкий; проворный; умелый
іскер — деловой; дельный; деятельный; предприимчивый
тәуекелшілдік — рискованность
демеушілік — спонсорство
экологиялық таза тағам — экологический чистый продукт
уағдаластық — договоренность; соглашение
өндіріс — производство
серіктестік — товарищество
тәртіп — дисциплина; порядок
салық — налог
жанама — побочный; касательный
қысқамерзімді — краткосрочный
апаттан құтқару жұмыстары — аварийно-спасательные работы
сыйақы — вознаграждение
жалақы — зарплата
жұмыс істеу — работать
үстеме — надбавка; добавка
жарамды — годный; пригодный
кәсіподақ — профсоюз
айырбастау — менять; обменивать
саудаласу — торговаться
қалау — выбирать
танымал — известный
сықақ — сатира
жинақ — сборник; свод
шеберлік — мастерство
әңгіме — рассказ; беседа; разговор
теміржол құрылысы — строительство железной дороги
шежіре — родословная история; летопись
марапат — награда
кәсіби дәстүр — профессиональная традиция

2. Отандық өнеркәсіп өнімі

кәсіпорын — предприятие
қосалқы — побочный; запасной
әртараптандыру — диверсифицировать
кеңейту — расширить
серпін — инерция
күшейту — усилить
жабдықтау — оборудовать
кенді аймақ — богатый регион
өнеркәсіп — промышленность
өндіру — производить; вырабатывать

ілгері — вперёд; впереди
бөлшек — часть
барабар — идентичный, одинаковый
таскөмір — каменный уголь
қазба байлық — полезные ископаемые
өлкелік — краевой
темір жонушы — токарь
сұрғылт жүз — суровое лицо
мінез — характер
қыр — степь; возвышенность; горный; хребет; грань; ребро
мұра — наследие; наследство
шұқылап-шұқылап — ковырять

3. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті

дарынды суреткер — талантливый художник
сахна — сцена
өнер — искусство
қойылым — постановка
ұйымдастырушы — организатор
өнер қайраткерлері — деятели искусства
танылған — признанный
сомдау — создать, играть (роль)
шеберлік — мастерство
биік белес — высокий результат
қалыптасты — сформировался
тарихи шығарма — историческое произведение
үрмелі аспап — духовой инструмент
көне — древний
насихаттайды — пропагандирует
ынталандыру — стимулировать
қасиет — качество, природное свойство
құдірет — величественный, всемогущий; создатель (эпитет Аллаха)
ұғындыру — объяснять
көкейтесті — актуальный
кәсіби сыйлық — профессиональная премия
еңлікгүл — эдельвейс
қазылар алқасы — жюри
өнертанушы — искусствовед
сыншы — критик
шешімі — решение
тұтқынға түсу — попасть в плен
танытқан — прославил
сахналау — постановка
майталман — мэтр, мастер, профессионал
қаламгер — писатель; литератор
қастерлеймін — уважаю; почитаю
меңгеру — освоить; заведовать
қызмет ету — служить
үлес — доля
елші жіберу — отправить посла
шиеленісті шешу — решить конфликт
арнау — посвящение
пікір — мнение; суждение; отзыв
мақсат қою — ставить цель
бақыт — счастье
күресу — бороться
ылғи — всегда, постоянно; одни; сплошь
қуаныш — радость
сәттілік — удачливость; благоприятность
азап/азап шегу — страдание, страдать
мақсатқа барар жол — путь к цели
рақат — удовольствие; блаженство; наслаждение
жемісі — плоды
қалауымызша — по желанию

4. Ұлттық экологиялық мәдениет

ғалам — мир; планета; свет
экожүйе — экосистема
Жер ана — Родина-мать
өркениет — цивилизация
наным-сенім — вера; убеждение; поверье
зардап шегу — страдать
тыйым сөздер — слова-запреты; табу
нұқсан — вред; убыток; урон
өзгеріс — изменение; перемена
қуаңшылықтың артуы — усиление засухи
өршіп тұр- — повысилось
жойқын — сокрушительный; обильный; грандиозный;
қондырғы орнату — установить
жасыл белдеу — зеленый пояс
жігерлендіреді — вдохновляет
тапшы — нехватка; дефицит
әдеби қызметкер — литературный сотрудник
жүрек тебірентеді — затрагивает сердце
басылды — выпущен
айдын — гладь, поверхность водоёма
айбын — величие, внушительность
тулау — бушевать
шөккен — осевший
шөл — пустыня
оралу — возвратиться

5. Мұхит — тіршілік мекені

Жер шары — Земной шар
қоректік зат — питательные вещества
құнарлы — плодородный
уылдырық — икра
ғаламат — великолепный; диво; чудо; удивительный
бұғаз — пролив
себеп-салдар — причины
жүйке жүйесі — нервная система
балдыр — водоросли
жасуша — клетка
игілік — доброе дело; благо; благополучие
баптау — тренировать; откармливать; ухаживать (за скотом)
қырылу — гибель; быть перебитым;
құрып кету — пропасть
қан — кровь
құрлық — суша; материк; континент
қайраткер — деятель
шеңгел — заросли колючих кустарников
шабақ — малёк
именшектік — робость
көз алярту — смотреть сердито
жанталасу — торопиться
көкірегіне түю — усвоить
үзеңгі қағысу — бок о бок

6. Ұлттық таным және мерекелер

айт — айт (мусульманский праздник)
қажылық — рел.: хадж
құлшылық — поклонение; рабство
мешіт — мечеть

құрбандық — жертвоприношение
сабыр — сдержанность; терпение
табын — молись; поклонись
шіркеу — церковь
ұстану — придерживаться
ғибадатхана — храм
от — огонь
тылсым — таинство
төзім — терпение; стойкость; выдержка
мүшкіл — проблемный; тяжелый (о положении, ситуации)
сен — верь; доверяй
күнә — рел.: грех
отау — семья
келіншек — молодая, замужняя женщина
малынып тұр — хорошо одета
ағыла бастады — двигаться потоком
қалыптастырушы — формирующее
жала жабу — оклеветать
сауық — веселье; развлечение
құлағына жағу — приятно слушать; нравиться
рақаттану — блаженствовать; наслаждаться

© Көкжиек-Горизонт

Мазмұны

1. Еңбек нарығы және сұраныс. Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы»..... 4

1-2-сабақ. Еңбек нарығы 4

3-4-сабақ. Кәсіпкерлік — табыс көзі..... 11

5-6-сабақ. Кәсіпкерлік — шеберлік 16

7-8-сабақ. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім..... 21

9-10-сабақ. Балғабек Қыдырбекұлы — танымал жазушы..... 25

11-12-сабақ. Теміржолшы — тарихи оқиға шежіресі 29

13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?..... 35

2. Отандық өнеркәсіп өнімі. Ғ. Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді 38

1-2-сабақ. Отандық өнімді пайдаланамыз 38

3-4-сабақ. Орталық Қазақстан — кенді аймақ..... 43

5-6-сабақ. Қарағанды — кеншілер қаласы..... 47

7-8-сабақ. Ғ. Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді 51

9-10-сабақ. Дауысы дәуірмен ұласқан 54

11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 59

3. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті. Дулат Исабеков «Әпке» драмасы..... 63

1-2-сабақ. Қазақ киносының атасы..... 63

3-4-сабақ. Қазақстанның мәдени өмірі 68

5-6-сабақ. Театр фестивальдары..... 73

7-8-сабақ. Тарихи шығарманы сахналау 77

9-10-сабақ. Дулат Исабеков «Әпке» драмасы 82

11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 85

4. Ұлттық экологиялық мәдениет. Қадыр Мырза Әлі «Аралым» 86

1-2-сабақ. Ұлттық экология бастаулары 86

3-4-сабақ. Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер..... 93

5-6-сабақ. Экология және кәсіби маман мәдениеті 99

7-8-сабақ. «Жасыл белдеу» бағдарламасы және экология..... 104

9-10-сабақ. Қадыр Мырза Әлі — философ ақын 109

11-12-сабақ. Қадыр Мырза Әлі «Аралым...» 115

13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 119

5. Мұхит — тіршілік мекені. Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» 120
1-2-сабақ. Мұхиттағы жануарлар әлемі 120
3-4-сабақ. Мұхиттағы өсімдік әлемі 125
5-6-сабақ. Мұхит және экологиялық проблемалар..... 130
7-8-сабақ. Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы 135
9-10-сабақ. Адамзат тағдырының жыршысы..... 139
11-12 -сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 144

6. Ұлттық таным және мерекелер. Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі 148
1-2-сабақ. Ұлттық мерекелер 148
3-4-сабақ. Айт қабыл болсын! 152
5-6-сабақ. Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі..... 155
7-8-сабақ. Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі (жалғасы) 159
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 162

© «Көкжиек-Горизонт»

QR-код арқылы оқулықта берілген аудиожазбаларды тыңдау жадынамасы

Құрметті жас дос! Араларыңда QR-кодты қолдана алатындар болуы мүмкін, дегенмен «QR-код» дегеніміз — не, ол не үшін қажет екенін еске түсіріп, білмегендер болса, түсіндіре кетуді жөн көрдік.

QR-код «Quick Response — шұғыл жауап» — өзіндік деректер базасы, онда ақ бетте белгілі бір тәртіппен қара түсті шаршылар орналасқан. «QR-код» дегеніміз — мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді штрих-код. Арнайы қосымша көмегімен біз оқулықтағы кейбір мәтіндерді QR-кодқа айналдырдық, ол — URL-мекенжайдың, яғни интернет бетіндегі қажетті ақпараттың сілтемесі. Бұл оқушыға оқу материалымен жұмыс істеу барынша ыңғайлы болу үшін жасалған.

QR-кодты сканерлеуде не білу қажет?

QR-кодты сканерлеу үшін мобильді құрылғыға арнайы бағдарламалар орнатылады. Оларды пайдалану оңай әрі ыңғайлы. iOS (iPhone) мобильді платформасында Scan қосымшасы бар, ал Android-та QR-код сканерлейтін бағдарлама көп. Соның бірі — QuickMark тиімді қосымшасы түрлі форматтағы QR-кодтарды сканерлейді, оның көмегімен сілтемелер автоматты түрде ашылады. Бүгінде жаңа смартфондар QR-кодты сканерлейтін арнайы қосымшаларды қажет етпейді, өйткені бұл функция бағдарламада алдын ала орнатылған. QR-кодты сканерлеу үшін телефон камерасын кодқа әкелесіз де қажет ақпаратты аласыз. QR-кодты смартфонында камерасы бар кез келген оқушы қолдана алады, әр оқушының шифрланған мәтіндерді сканерлеуге, көркем шығармаларды тыңдауға тамаша мүмкіндігі бар.

Аудиомәтіндер
1-6-тақырып

© Электронды нұсқа